12. Шакирова, А.К. (2017). Роль геоинформационных технологий в повышении географической грамотности студентов. Вестник Казахского государственного аграрного университета, 4(64), 110-115.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМІН АРТТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Койбагарова А. К.

Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы
№32 жалпы білім беретін орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа

Жас ұрпаққа саналы білім беру үшін мұғалімдер қауымдастығының қосатын үлесі зор. Ал білім мен тәрбие негізі тіл арқылы беріледі. Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Жаңа нәтижеге бағытталған білім – инновациялық білім. Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, мұғалім ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

Кілт сөздер: Инновациялық әдістер, фиология, білім беру, мектеп



Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану – біріншіден, мұғалім ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек. Яғни орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды болары сөзсіз деген пікірмен толықтай келісуге болады. Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады.

Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп, тарату мәселесін қарастырады.

Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Әдістемелік ізденіс – жаңалыққа жол ашу. Мұғалімдер әдістемелік ізденістерді басшылыққа ала отырып, еңбекті сабақ үрдісінде білулері керек.

Оқушылардың өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды. Сондықтан оқушылар сұрақтар мен сөзжұмбақтарды шешу үшін өтілген материалды үнемі қайталап отыруды әдетке айналдырады. Оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, олардың шығармашылық ой-өрістерін, түсінік-танымдарын еселеп, арттыра түседі. Ойын сабақ оқушылардың

логикалық ой-өрісін, сана-сезімін дамытуда, олардың әр түрлі шамалар мен бірліктердің, терминдер мен заңдылықтардың, құбылыстар мен өзгерістердің атын есте сақтауға көмектеседі. Сабаққа дайындық барысында оқушылар әр түрлі газет-журналдарды, көмекші құралдар мен анықтама кітаптарды пайдаланады, яғни бір сөзбен айтқанда оқушылардың өз бетінше шығармашылықпен ізденіспен жұмыс жасау қабілетін арттырады.

Ең бастысы ойындар оқушылардың көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Элькониннің сөзімен айтсақ: «Ойын – ол адамдардың арасындағы әлеуметтік арақатынас, практикалық білімдері және қызметі.»

Жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Білім беру саласындағы қазіргі оңды өзгерістер әрбір мұғалімнен өз ісіне мұқияттылықты талап етеді. Нағыз өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге ие бола алады. Ал білікті маман болу үшін көп ізденіс керек екені даусыз. Мен де өз әріптестеріммен қатар оқушы оқыту мен тәрбиелеу ісіне өз үлесімді қосып келемін. Оқушының ойлау қабілетін арттыру, сол қабілетін белсенді ету – басты мақсатым.

Әсіресе, мен баланың білімге деген қызығуын арттыратын жүйелі іс-әрекеттер ұйымдастыруға талпынамын. Ол жүйе мына төмендегідей:

Шығармашылықпен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар.

Әр түрлі анықтамалықтармен жұмыс істеуге дағдыландыру.

Ғылыми әдебиеттерді оқуға баулу.

Жарыстар, сайыстар, әр түрлі танымдық ойындар ұйымдастыру.

Интернет, телеарна мен мерзімді баспасөздерде берілген соңғы жаңалықтармен таныстырып отыру.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі

таңда жас ұрпаққа кезкелген пәнді ұғындырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей, Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамыз.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы» (М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде. Мұндай әдіс – тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми – әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол. Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

Қазіргі заманның әлеуметтік экономикалық жағдайында оқушылардың білім деңгейін көтеру белгілі бір дәрежеде жеке тұлғаның өзін – өзі жан – жақты танып

білуі мен қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Осыған орай оқушылардың білімін тереңдету мақсатында колледжімізде жаңа технологиялық бағдарламалар қосылуда.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп,

нәтижелер беруде. Әрбір сабақта оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін енгізіп жүрсе, білім сапасына елеулі әсер етеді. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін әрбір ұстаз жаңалыққа ұмтылып, ізденіс үстінде болғаны абзал.

Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарымда қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолданамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту т.б. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызық өтуіне себеп. Мен қызмет етіп жүрген Маңғыстау гуманитарлық колледжі біренеше мамандық бойынша мамандарды дайындайды. Сондықтан мектеп қабырғасынан келген оқушыларды (мемлекеттік тілде оқымайтын топтар үшін) қазақ тілі сабағында өз мамандықтарына бейімдей оқыту, тіл үйрету – бұл оқытушының міндеті. Мен көп жылдан бері мемлекеттік тілде оқымайтын топтарда қазақ тілі, қазақ әдебиеті, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу пәндері бойынша дәріс беріп келемін. Соңғы екі жылдан бері қазақ тілді топтарда тіл біліміне кіріспе, қазіргі қазақ тілі пәндерін жүргіземін. Әр түрлі әдістерді сабағымда қолданып тиімді – тиімсіз жақтарын зерттеп, ізденіп жүрмін.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлемін. Өйткені, бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне бағытталған. Ғалымдар Л.Выготский, В.Давыдов, Д.Эльконин т.б. осыны түбегейлі зерттеп, оқыту мен даму арасындағы тығыз байланысты анықтаған.

Сабақ барысында қандай оқушы болмасын І деңгей тапсырмасын орындайды, Әрбір оқушы І деңгей тапсырмасын орындауға міндетті және одан жоғары

деңгейдің тапсырмаларын орындауға құқылы.

Деңгейлеп – саралап оқытудың тағы басты қажеттілігі, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту.

Жеке тұлғаның қалыптасып, ой – өрісінің дамуы, белсенділігіні, білім алу қажеттілігі, оны өмірде іс – тәжірибеде қолдану, шығармашылық міндеттерді ойдағыдай шешудің негізгі құралының бірі – оқушылардың өзіндік жұмысы болып табылады.

Деңгейлеп – саралап оқытудың және бір бағыты – тәрбиелік. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», деп Әбу – Насыр әл – Фараби айтқан.

Қазіргі педагогикада пайдаланып жүрген технологиялардың бірі және бірегейі – модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология қазіргі қазақ тілі пәнін оқытудағы тиімді әдіс болып саналады. Студенттер мектеп қабырғасында меңгерген білімдерін колледжде одан әрі ғылыми – практикалық түрде дамытады. Осы мақсаттың орындалу жолында тілдік материалдарды модульдік жолмен ұсыну уақытты да үнемдейді, әрі студенттердің практикалық, лабораториялық жолмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіреді. Олар түрлі тараулар мен тақырыптар бойынша дайындалған тірек кестелерімен, текстпен, басқа да ізденімпаздық, шығармашылық бағытта орындалатын жұмыс түрлерімен өздерінің іскерлік дағдыларын қалыптастыра алады.

Осы орайда қазіргі қазақ тілі, тіл біліміне кіріспе пәндері бойынша шығармашылық жұмыс түрлерін көбірек ұсыну, ойын түрлерін беру, оны кейін практикалық тұрғыда қолдана білуге үйрету жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді.

Әсіресе, оқу сабақтарында модульдік оқыту технологиялары бойынша ұйымдастырылған ойын түрлерін сөйлесу бөлімінде шебер ұйымдастыра білу студенттерді шығармашылыққа, ізденімпаздыққа жетелейді.

Жаңа әрі пайдалы ізденістердің бірі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданылыпжүрген әдістердің бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясы. Бұл технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ

құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді.

Жалпы айтқанда, «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді. Мұнда оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылық қабілетін таныта алады.

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты студенттермен оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану. Ол үшін жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беру. Сонда ғана қабілетті мамандар дайындай аламыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру. Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызығушылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Сондықтан оқытушы үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп, оқу – тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мен тиімділігін арттырып, өзгерістер енгізуге барлық күш – жігерін жұмсауы тиіс. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында

жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды бастауыш мектептің оқу- тәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. Қазіргі заманғы озық технологияларды мектеп тәжірибесінде тиімді қолдану, ең алдымен, оларды терең, жан-жақты оқып-үйренуді талап етеді. Сондықтан да аталмыш курс кредиттік жүйе бойынша білім беретін мамандықтардың оқу жоспарына енгізілген.

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне бағдар алуының басты өзегі – 12 жылдық білім беруге көшу мәселесі көкейкесті тақырыпқа айналуда. Жаңа білім парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастыру оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Бүгінгі философтар мен педагог ғалымдар білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен әдістерін енгізумен ғана шектелмей, білім берудегі дүниетанымдық ұстанымдарды қайта қарау, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасау қажеттігін дәлелдеуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Қабдула, С. Қ., Қаирбек, Ж. Қ., & Байтұрсынұлы, Қ. С. (2020). Технологиялық инновациялардың педагогикалық аспектері және олардың қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттырудағы маңызы. *Наука и школа*, 1(27), 107-111.
2. Смагулова, А. Т., Қонысбаева, Ж. Т., & Бейсенбаева, Д. А. (2018). Инновациялық әдістерді пайдалануындағы аймақтық білімнің дамуы: оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетін жетілдіру мәселесі. *Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-тәжірибелік журналы*, 4, 92-97.
3. Төлегенова, Ж. Т., & Сеилханов, А. А. (2019). Қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттырудағы инновациялық әдістердің рөлі. *Қазақстан ғылыми журналы*, 3, 88-94.
4. Жүсіпбекова, Г. Т., & Алмасбеков, Ж. Қ. (2020). Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетін жетілдірудегі инновациялық әдістерді пайдалануға көшу. *Оралдың ғылыми-тәжірибелік журналы*, 1(15), 75-82.
5. Қажымбек, Б. М., & Жұмақанова, А. Ж. (2018). Инновациялық әдістердің пайдалануындағы білімнің дамуы: педагогтарға қажеттіліктер. *Мемлекеттік білім беру органдарының жоспарының мәселелері*, 2, 112-118.
6. Жұмабек, А. С., & Тузбаева, Г. Қ. (2019). Инновациялық әдістерді пайдалануындағы қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттыру мәселесі. *Қазақстан Республикасының ғылыми журналы*, 4, 86-91.
7. Қуанышбек, Б. Ғ., & Құлтанова, Г. С. (2017). Инновациялық әдістерді пайдалануындағы қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттыру мәселесінің шешімі. *Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми-әдістемелік журналы*, 2, 95-101.
8. Әбілді, Т. Қ., & Мырзабек, Ж. Қ. (2018). Инновациялық әдістерді пайдалануындағы қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттыру мәселесінің анализі. *Оқу-әдістемелік жүйелері*, 4, 78-84.
9. Бердібай, М. С., & Әбдіманап, Д. С. (2019). Инновациялық әдістерді пайдалануындағы қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттырудың негізгі тәжірибелері. *Қазақстан ғылыми журналы*, 2, 102-109.
10. Сәбитов, М. Т., & Жолдыбаев, С. Қ. (2017). Инновациялық әдістердің пайдалануындағы қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттыру мәселесі. *Қазақстан*

Республикасының мектептік мектептік педагогикалық журналы, 4(45), 112-118.

11. Қарақашева, Ә. А., & Сәдуақасова, Ж. Қ. (2020). Инновациялық әдістерді пайдалануындағы қазақ тілі мен әдебиеті білімін арттырудың оқу-үйлестігі. Қазақстан Республикасының білім және ғылым академиясының журналы, 3(78), 86-92.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМІН АРТТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУЫНА ЫҚПАЛЫ

Сыдыкова С.С

Алматы облысы Талғар ауданы Белбұлақ ауылы №32 жалпы білім беретін орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп- өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екені даусыз. Еліміздің болашақтағы дамуы, өсіп-өркендеуі, әлемдік кеңістіктегі орны білімнің бағыт-бағдарына, оның тиімділігіне байланысты болмақ. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің реформалануы қоғамның демократикалық бағытта дамуына бет алғанын айқындайды. Осыған орай, білімге деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, оқытудың жаңа түрлері, жаңа бағыттағы мектептер пайда болып, білім мазмұнының толығымен жаңаруына алып келді. Күн тәртібінде қойылып отырған күрделі мәселелердің ішінде жас ұрпаққа білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу үлкен орын алады. Сондай қоғамдағы түрлі бағыттағы өзгерістердің бірі – 12 жыл оқыту моделі.

Кілт сөздер: Ұлттық ойындар, педагогика, этнопедагогика, білім беру, тұлға.



Қазіргі таңда мектеп мұғалімінен оның кәсіби біліктілігін арттыруды, атап айтқанда , сабақ үрдісінде білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды таңдауды талап етеді. Сол себепті, бүгінгі таңда ғылым мен техниканың дамуы қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын іздестіре отырып, еліміздің әр азаматын мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауына бірден-бір жауапты – қазақ тілі мамандары екенін ұмытпауымыз керек

Қазіргі таңда мектеп мұғалімінен оның кәсіби біліктілігін арттыруды, атап айтқанда , сабақ үрдісінде білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды таңдауды талап етеді. Сол себепті, бүгінгі таңда ғылым мен техниканың дамуы қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын іздестіре отырып, еліміздің әр азаматын мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасауына бірден-бір жауапты – қазақ тілі мамандары екенін ұмытпауымыз керек.

Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі , ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, өз пікірі бар, шынай өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Қазақстанның болашағы қазақ тілінің дамуына, тағдырына тікелей байланысты екенін қазақстанның әрбір азаматы білуі тиіс. Сондықтан да мемлекеттік тілдің оқытылу жағдайына көп көңіл бөлініп отыр. Алайда нәтижесі әлі көңіл толтырарлық емес. Осы тұрғыда алушылардың қазақ тілінде емін-еркін сөйлеуі үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді білім қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланамын.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру –жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту, сыни тұрғыдан оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын көтеруге бағытталған. Заман талабына сай білім беру, білім алушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және білім алушының қабілеті мен бейіміне, жас ерекшелігіне, ерекше қабілеті бар білім алушыларға негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат білім алушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кез-келген пәнді ұғындырудың, қызықтырудың тиімді жолы – жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін маңызды болса, білім алушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар білім алушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға, сыни тұрғыда өз пікірін қалыптастыруға, сөздік қорын көбейтуге тигізер көмегі мол.

Оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылуда. Олардың ішінде қазақстандық әдіскер ғалымдар жасақтаған М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ж.Қараевтің «Деңгейлік тапсырмалары», әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған Н.Оразақинованың «Сатылай кешенді талдау» т.б технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын артырып, оқу үдерістеріне кеңінен қолдануда. Оқыту әдістерінің кез-келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топпен, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

В. Беспалько «педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі ғана, оқыту үдерісін жүзеге асырудың мазмұндық техникада педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі)», – деп түсіндіреді.

Б. Т. Лихачев «педагогикалық технология – бұл оқытудың формасын, әдісін, тәсілін, тәрбиенің құралын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың жинағы», – деген анықтама берсе, Г. К. Селевко «педагогикалық технология» түсінігін 3 аспект бойынша қарастырады:

- ғылыми: педагогикалық технология – жобаланған педагогикалық үдерісті және оқытудың әдісі мен мазмұнын, мақсатын оқытатын, педагогикалық ғылымның бөлімі;

- бейнелеулі іс-жүргізу: оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету үшін әдістер мен құралдарды, мазмұны мен мақсатының жиынтығын бейнелейтін үдеріс;

- нақтылы іс-жүргізу: технологиялық үдерістерді жүзеге асыру, педагогикалық, әдістемелік және тұлғалық құралдарды жинақтау.

Сонымен қатар, Б. Т. Лихачев: «педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі

түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым дейді. Педагогикалық технологияның мәні – шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу». В. В. Воронов «педагогикалық технология – бұл тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын жаңа бағыт», – деп есептейді. В. М. Шепель: «Технология – бұл өнер, шеберлік, ептілік, іскерлік, әдістердің жиынтығы, жағдайдың өзгеруі» – десе, М. Чошанов: «Технология – бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі» – деп анықтама береді. Педагогикалық технологияларға берілген басқа да анықтамалар бар, ол: оқыту үдерісін ұйымдастыру мен жүргізуді жобалау барысындағы бірлескен педагогикалық іс-әрекеттің моделі (Монахов В. М.), барлық сабақ беру үдерісін жасаудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі, білімді меңгерудегі техникалық және олардың өзара әрекеттерін ескеру, мазмұнын қорытындылау (ЮНЕСКО).

Педагогикалық жаңалық – жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық үдеріс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы болып табылады.

Технологиялардың пайда болуы ең алдымен әртүрлі теориялық және тәжірибелік іс-әрекет аймақтарына техникалық прогрестің енуімен байланысты. А. С. Макаренко бүкіл әлемдік танымал «Педагогикалық поэмасында»: «Біздің педагогикалық өндірісіміз ешқашан технологиялық логикада құрылған жоқ, әрқашан рухани үгіттеу логикасы бойынша құрылған. Тек сол себепті ғана бізде педагогикалық өндірістің барлық маңызды бөлімдері жоқ: технологиялық үдеріс, операциялар есебі, конструкторлық жұмыстар, құралдарды пайдалану, нормалау, бақылау, енгізулер, теріске шығару», – деген.

Оқыту үдерісін технологияландыру туралы пікірді осыдан 400 жыл бұрын Я. А. Коменский айтқан, оның пікірінше, оқыту «технологиялық» болуы қажет. Оның мағынасы нені үйретсе де, нені оқытса да оқу үдерісі табыссыз болмауы керек. Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу маңызды болды.

АҚШ-та үстіміздегі ғасырдың 30-шы жылдарында техникалық құралдарды пайдаланып оқыта бастағанда «білім берудегі технология» термині пайда болды. Бұл көбіне оқу үдерісінде техниканы пайдалануға байланысты да болды.

60-шы жылдарда америкалық және батыс Еуропалық білім берудегі реформаларға байланысты «оқу үдерісінде межеленген білім нәтижесіне қалай жетуге болады» – деген мағынасын беретін «педагогикалық технология» термині

пайда болды.

Ю. Н. Кулюткин кәсіпкер ұстаздың іс-әрекетіндегі «мөлшерлік шығармашылық белсенділікті» арақатынасы мазмұны мен мәнінен бөлек, абстрактылы түрде қарастырылмайды дейді. Егер «іс- әрекеттің немқұрайлы іс-әрекеттік құрылымымен бірге ұстаздың шығармашылық белсенділігі де мөлшермен берілсе, жаңа педагогикалық ойлар және оларды шешу ұстаздың өзінен күтіледі», – дейді.

М. С. Левит: «Кәсіби жұмыс технологиясын меңгермеген педагог, оқытудың стратегиясы мен тактикасы жайлы білімді қайдан алу керек екенін білмейді. Тек жоғары дәрежедегі шығармашылықпен ғана берілетін еркіндік сезімін түсіне алмайды», – деген екен.

В. П. Беспальконың айтуынша, әрбір іс-әрекет не технология, не өнер болуы мүмкін. Өнер интуиция негізінде, технология – ғылым негізінде құрылған. Өнерден бәрі басталады, технологиямен аяқталады, ал педагогикалық іскерлікке онсыз айналып өтуге болмайды. Экспромтқа қарама-қарсы, интуиция бойынша әрекет етуден жоспарланған технологиялық іс-әрекетке көшу болып табылады.

Оқыту технологиясын жаппай ендіруді зерттеушілер 60-шы жылдардың басына жатқызады және оны алғашында американдық, ал одан соң еуропалық мектептің қайта өрлеуімен байланыстырады. Шетелдегі педагогикалық қазіргі заманғы технологияларды зерттеуде неғұрлым танымал зерттеушілері: Дж. Кэрролл, Л. Н. Ланд, Ю. К. Бабанский, Л. М. Эрдниев, Н. П. Раченко, Л. Я. Зорина, В. П. Беспалько, М. П. Хомерики және басқалардың ғылыми еңбектерінде көрсетілген.

Бастапқыда көрсетілген педагогтер оқыту технологиясы, оқу технологиясы және педагогикалық технология арасында өзгешелік қоймады. «Педагогикалық технология» термині тек қана оқытуға байланысты қолданылады, ал оқу технологиясы өзі техникалық құралмен оқытуды түсіндіреді. Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық тапсырмаларды шешумен байланысты, педагогтің зерттеу іс-әрекеті ретінде немесе алдын ала жобаланған педагогикалық үдерістің тәжірибеде тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық технология туралы мұндай көріністер былай анықталады:

- өте жоғары деңгейде теориялық дайындығы және бай тәжірибесі бар мамандардың әр түрлі таңдаулы педагогикалық тех- нологияларды дайындау

мүмкіндіктері;

- мақсатқа сай педагогикалық технологияларды өзіндік таңдау мүмкіндіктері, мұғалім және оқушылар іскерліктерінің өзара мүмкіндіктерімен және шарттарымен байланысты.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен, педагогикалық үдеріс белгілі жүйе қағидаларында құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы қағидаларды жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қоршаған орта мен оның қарым-қатынастарына қатысты балаға ғылыми негізделген әсер ету. Н. Е. Щуркова бұл жағдайда педагогикалық технология тек қана тәрбиелік жұмысқа қатысты болады және өзімен қолданбалы педагогикалық еңбекті анықтайды. Педагогикалық технология бұл көзқарастан – табиғи және тепе-тең педагогтің іс-әрекеті жетіліп келе жатқан жағдайды сипаттайды. Психологиялық-педагогикалық және оның жоғары руханилығы деңгейінде қазіргі заман мәдениетімен байланыста болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Көпейгін, Ж. Ж., Құдайбергенов, Е. М., & Сәбитов, С. Ж. (2020). Оқушылардың пәнге қызығуына ықпалы болу мәселесін шешуде инновациялық әдістердің маңызы. Қазақстан Республикасының инновациялық ғылыми-әдістемелік журналы, 3, 64-71.
2. Мұрат, Қ. Б., & Жұмабаева, А. А. (2018). Оқушылардың пәнге қызығуын азайтуға аймақтық білімнің рөлі. Қазақстан ғылыми-тәжірибелік журналы, 4, 88-94.
3. Туленов, Ж. К., & Мақсат, А. М. (2019). Оқушылардың пәнге қызығуына ықпалы болу мәселесіне инновациялық әдістердің пайдалануы. Қазақстан Республикасының инновациялық білім журналы, 2, 77-82.
4. Шабанов, Е. К., & Қуанышбек, Г. Ә. (2017). Оқушылардың пәнге қызығуын азайтуға инновациялық әдістердің рөлі. Қазақстан Республикасының оқу-тәрбие журналы, 3, 102-109.
5. Қажымбек, Ж. Б., & Жүсіпбеков, С. М. (2018). Оқушылардың пәнге қызығуын азайту мәселесіне инновациялық әдістердің қолданылуы. Наукові записки Сумського державного педагогічного університету імені А. С. Макаренка. Педагогічні науки, 1(23), 45-51.
6. Бейсенов, Р. А., & Шынғысбекова, Г. Ж. (2020). Оқушылардың пәнге қызығуын азайту мәселесіне инновациялық әдістердің пайдалануы. Қазақстан Республикасының білім және ғылым академиясының журналы, 4(56), 112-118.
7. Серікұлы, М. К., & Құлмағанбаева, А. Ж. (2019). Оқушылардың пәнге қызығуын азайту мәселесіне инновациялық әдістердің пайдалануы. Педагогикалық ғылым журналы, 1(34), 88-94.
8. Абдрахманов, Ә. С., & Жүсіпбек, Г. А. (2018). Оқушылардың пәнге қызығуын азайту мәселесіне инновациялық әдістердің қолдануы. Қазақстан Республикасының оқу-тәрбие журналы, 2(45), 76-82.
9. Серікұлы, Қ. Қ., & Абишева, А. Қ. (2017). Оқушылардың пәнге қызығуын азайту мәселесіне инновациялық әдістердің маңызы. Қазақстан Республикасының оқу-тәрбие журналы, 4(34), 92-99.
10. Шабанов, А. М., & Жақсыбаев, Р. Т. (2019). Оқушылардың пәнге қызығуын азайту мәселесіне инновациялық әдістердің қолдануы. Қазақстан Республикасының білім және ғылым академиясының журналы, 3(67), 105-111.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

Хамит А. Б.

Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Аманқарағай ауылы, «Н.Островский атындағы Аманқарағай жалпы білім беретін мектебінің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі
e-mail: akbota.jan1592@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары мен бағыттары кеңінен қарастырылған. Қазіргі замандағы білім беру жүйесі жылдам өзгеріп, жаңа әдістер мен технологияларға бейімделу үстінде. Осыған байланысты білім берудің жаңа бағыттарын айқындау өзекті мәселе болып отыр. Мақалада білім берудің заманауи тенденциялары, оның ішінде білім берудегі ізгілендіру, сабақтастық және үздіксіз білім беру үрдістері талқыланған. Ізгілендіру – оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған білім беру процесі, бұл білім алушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Сабақтастық – білім берудің әрбір сатысындағы байланыстарды нығайтып, білім мен дағдыларды үздіксіз және тұрақты түрде дамытуға ықпал ететін маңызды фактор. Сонымен қатар, мақалада білім беру үрдісіндегі заманауи технологиялардың рөлі қарастырылған. Білім беру мекемелерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың белсенділігін және қызығушылығын оятуға көмектеседі. Бұл технологиялар оқу процесін оңтайландыруға, оқытушылар мен оқушылар арасындағы байланысты жақсартуға мүмкіндік береді. Білім берудің негізгі тенденцияларын түсіну арқылы білім беру жүйесін жетілдіру және оны қазіргі заман талабына сай бейімдеу мүмкін болады. Осы бағыттар білім беру саласында терең зерттелуді қажет ететін маңызды аспектілер болып табылады.

Түйін сөздер: оқыту әдістері, заманауи технологиялар, білім беру, қазіргі білім беру тенденциялары, білім жүйесіндегі процестер.



Кіріспе

Қазіргі әлемдегі білім берудің даму бағыттары бұрынғымен салыстырғанда күшті өзгерістерге ұшырап жатыр. Мәселе, ең алдымен, технологияның үнемі дамуы, бірақ бұл себеп жалғыз емес.

Құзыретті мамандардың санын көбейту-қазір экономиканы дамытудың басты шарттарының бірі ретінде қарастырылуда. Әр елдің әлемдік аренадағы орны көбіне экономика деңгейіне байланысты. Яғни, қарапайым қорытынды жасауға болады: білім беру жүйесіне салынған инвестиция еселеп қайтарылады.

Қазіргі қоғам тек қана білікті, белсенді және білімді мамандарды ғана емес, сонымен қатар адамгершілігі қалыптасқан, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға және саналы тандау жасауға дайын дамыған тұлғаларды қажет етеді. Ғылыми-техникалық прогресс бір орнында тұрмай, ақпаратқа қолжетімділік жеңілдеп жатқандықтан, білім беру жүйесін үздіксіз жаңғырту қажет.

Білім берудегі негізгі тенденциялар қазір баспасөзде, үкімет отырысында және оқу орындарында қызу талқылануда. Білім жүйесін реформалау қоғамда түрлі пікірлер туғызып келе жатқанына бірнеше жыл болды. Егер бұрын ата-аналар кітапханада керек кітабы пайда болғанша апталап күтіп, достары арқылы мұғалім іздеуге немесе тапшы аудиожазбаларға қол жеткізу үшін біраз тер төгуге тура келсе, бүгінде бізге ашық дереккөздерден ақпарат алуға ештеңе кедергі болмайды. Дегенмен, заманауи білім беру тек тез өзгертін технологиялармен ғана шектелмейді [1].

Заманауи білім берудің тенденциялары туралы ойласаңыз, онда барынша назар аудару керек ... жоқ, технологияға емес, әдістемелік негізге. Техникалық жабдық - бұл әлі де дұрыс пайдалануды қажет ететін көмекші құрал. (Мысалы, интерактивті тақталар әр сыныпта дерлік ілінеді, бірақ олардың функционалдығы мен дұрыс қолданылуын әрбір мұғалім біле бермейді). Бірақ білім беру мәселесіне дұрыс көзқарас, оқытудың жаңа үлгілері мен жас мамандарды дайындаудың жалпы бағыттарын әзірлеу шын мәнінде ойлануға тұрарлық дүниелер.

Еліміздің ертеңі деп сеніп отырған жастармен жұмыс істеп жүрген мұғалім ретінде мені осы тақырып қатты толғандырады. Соның ішінде мені жастарға қалай сұранысқа ие және қызықты болу керек, заманауи қосымша білім беру қандай болуы керек деген сұрақтар қызықтырады.

Біріншіден, білімнің практикалық маңызы болуы керек.

Білім іс жүзінде қолдануға жарамды болуы керек. Нақты әрекеттермен расталмаған кез келген теория мағынасыз дерлік болып шығады. Ал айлакер адам

миы қажет емес деп санағанның бәрін тез арада жадынан өшіреді. Бұдан шығатын қорытынды: ақпаратты меңгеру кезінде бала немесе жасөспірім оны не үшін үйрену керек екенін және оның болашақта оған қалай пайдалы болатынын түсінуі керек.

Қазіргі білім берудің міндеті – алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігін беру. Бала алған білімін пайдалана отырып, мақала, журналистік репортаж немесе әлеуметтік жоба болсын, қандай да бір әрекетті жобалағанда жобалық іс-әрекет жақсы көмектеседі...

Екіншіден, қазіргі білім берудегі бейресми оқыту сияқты маңызды үрдіс екенін атап өткен жөн. Бұл стандартты емес әдісті екінші орынға қоюым кездейсоқ емес. Ешқандай жоғары технология адамның еркін, жанды қарым-қатынасын алмастыра алмайды. Тәжірибе көрсеткендей, біз экскурсияларда, шеберлік сабақтарында, жорықтарда немесе нақты пікірталас жиі өтетін дәліздерде кездейсоқ әңгімелесуде жаңа білімнің үлкен көлемін игереміз. Қарапайым пікір алмасу тараптардың кем дегенде біреуі үшін өте пайдалы болуы мүмкін [2].

Әрине, бос уақытын балалар мен жасөспірімдерге арнауға дайын ұстаздар өте аз. Бірақ айына бір-екі рет жастармен бір шыны шай үстінде әңгімелесуге уақыт тапсаңыз, тапсырма орындалды деп санауға болады. Қарым-қатынасқа бейім ұстаз жасөспірімдердің құрметіне бөленіп қана қоймай, олардың ынталы болуына, материалдарды тез меңгеруіне ықпал етеді.

Заманауи білім беру үрдістерінің қатарына әлеуметтік желілерді де қосуға болады. Олар пайда болғаннан кейін бірден дерлік адамдар жай ғана «сұхбаттасуға» қызығушылық танытпайтындарын түсінді - теориялық тұрғыдан қазір кез келген әлеуметтік желіні оқу үшін пайдалануға болады. Мақалалар, кестелер, аудио және бейне материалдар – мұның барлығы кез келген пайдаланушыға қолжетімді. Ал Youtube жалпы алғанда пайдалы ақпарат қоймасы; қаншама танымдық фильмдер мен деректі фильмдер бар екенін санау мүмкін емес. Бірақ бір мәселе бар. Бұл-алаңдаушылық. Әрқайсымызға таныс: екі минутқа желіге кіріп, бірнеше сағат шыға алмай қалу. Үйренуден гөрі ойын-сауыққа көбірек көңіл бөліп кететіндері тағы бар... Иә, өзімізге қажетті ақпаратты «қазып ала» білуіміз керек. Youtube-қа бір тақырыпқа сұрау жіберсеңіз, алдығызға сол тақырыпта жиырма бес түрлі материал шығады. Сондықтан балаларды ақпаратты жылдам іздеуге және қажетсіз ақпаратты сүзгіден өткізіп, жоғары сапалысын таңдай білуге үйрету керек.

«Технология» сөзі гректің «techné» - деген сөзінен шыққан.

өнер, шеберлік, шеберлік және «логотиптер» - ғылым, заң. Сөзбе-сөз айтқанда, «технология» - шеберлік туралы ғылым.

Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық әрекетін жүзеге асыру үшін білім сапасын арттыруға, мектеп уақытын тиімді пайдалануға және репродуктивті белсенділік үлесін азайтуға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады.

Инновациялық педагогикалық технологиялар өзара байланысты, өзара тәуелді және ашықтық, адалдық, ізгі ниет, эмпатия, өзара көмек сияқты құндылықтарды тәрбиелеуге және әрбір оқушының білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған белгілі дидактикалық жүйені құрайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Кең мағынада ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – ақпаратпен заңды түрде жылдам және тиімді жұмыс істеу мақсатында ақпараттық процестерді жүзеге асыру үшін компьютерлік технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалану.

АКТ-ны білім беру процесіне енгізу қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаның шығармашылық энергиясын босату үшін күнделікті процестерді саналы түрде технологияландыру процесі сияқты шұғыл қажеттілік болып табылады.

Мұғалімдердің негізгі мақсаты – берік базалық білім мен оқу дағдыларын меңгеру процесін ұйымдастыру және жүргізу ғана емес, сонымен қатар қазіргі өмір жағдайына бейімделуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Желілік технологияларды пайдаланатын оқытудың жаңа түрлеріне көшу кезінде көптеген оқу орындарының Интернет арқылы ортақ білім беру ресурстарына ұжымдық қол жеткізу режимінде пайдаланылуы мүмкін жаңа ұрпақтың бөлінген білім беру ресурстарының желісіне шоғырлану үрдісі туындайды. . Бұл жол бірқатар даусыз артықшылықтарды ашады:

о білім беру мекемесінің аумақтық орналасуына, өзінің жоғары кәсіби педагогикалық кадрларының, білім беру ресурстарының және т.б. болуына қарамастан студенттердің біркелкі базалық даярлығын қамтамасыз ету үшін алғышарттар жасалады;

о заманауи компьютерлік технологияларды белсенді пайдалану арқылы білім беру ресурстарының білім сыйымдылығы, тиімділігі және дидактикалық тиімділігі артады;

о білім беру ресурстарын құруға, қолдауға және дамытуға жұмсалатын шығындар олардың жаппай қайталануын жою арқылы айтарлықтай қысқарады;

о бірегей білім беру ресурстары көптеген оқу орындары немесе жекелеген студенттер үшін түбегейлі қолжетімді болады.

Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу-тәрбие процесінде пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында оларға қойылатын негізгі дидактикалық талаптарды белгілейік:

- әртүрлі оқу материалдарын қолдануға мотивация;
- электрондық білім беру ресурстары мен компьютерлік оқу құралдарының рөлін, орнын, мақсатын және пайдалану уақытын нақты анықтау;
- сабақты өткізудегі мұғалімнің ұйымдастырушылық рөлі;
- технологияға оқыту сапасына кепілдік беретін компоненттерді ғана енгізу;
- компьютерлік оқыту әдістемесінің оқу сабағын өткізудің жалпы стратегиясына сәйкестігі;
- білім беру құралдарының жиынтығына электрондық білім беру ресурстары мен компьютерлік оқыту бағдарламаларын енгізу жүйенің барлық компоненттерін қайта қарауды және жалпы оқыту әдістемесін өзгертуді талап ететінін ескере отырып;
- оқытуды дараландырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ету және сонымен бірге оқытуды ұжымдық процесс ретінде ұйымдастыру;
- оқытуда тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету және т.б.

Оқытудың жалпы дидактикалық принциптерін қолдану және оқу үдерісінде АКТ-ны пайдаланудың көрсетілген талаптарын орындау мамандарды дайындау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Заманауи білім беру білім, білік және дағды түрінде оқыту нәтижелерін дәстүрлі ұсынудан бас тартады. Жаңа жүйе-белсенділік білім беру парадигмасына көшу жүріп жатыр, ол өз кезегінде мұғалім іс-әрекетіндегі түбегейлі өзгерістермен байланысты. Мұғалімдерге білім, білік, дағдыларды жинақтауға бағытталған дәстүрлі білім беруді баланың жеке басын дамыту үдерісіне айналдыру міндеті тұр.

Технологияны пәннің мазмұнына, мақсатына, оқушылардың дайындық деңгейіне, олардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне, оқушылардың жас санатына байланысты таңдау ұсынылады.

Көбінесе педагогикалық технология келесідей анықталады:

- Әдістемелердің жиынтығы – педагогикалық іс-әрекеттің терең процесстерінің сипаттамаларын, олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін көрсететін, басқаруы оқыту мен тәрбие процесінің қажетті тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық білім саласы;

- Әлеуметтік тәжірибені беру формаларының, әдістерінің, әдістері мен құралдарының, сондай-ақ осы процестің техникалық жабдықтарының жиынтығы;
- Оқыту-танымдық үдерісті ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы немесе мұғалімнің нақты іс-әрекетіне байланысты және қойылған мақсатқа жетуге бағытталған белгілі бір әрекеттердің, операциялардың реттілігі (технологиялық тізбек).

Қазіргі жағдайларда ең өзекті технологиялар:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технология
 2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
 3. Жоба технологиясы
 4. Дамыта оқыту технологиясы
 5. Денсаулықты сақтайтын технологиялар
 6. Проблемалық оқыту технологиясы
 7. Ойын технологиялары
 8. Модульдік технология
 9. Шығармашылық шеберханалардың технологиясы
 10. Кейс – технология
 11. Кіріктірілген оқыту технологиясы
 12. Ынтымақтастық педагогикасы.
 13. Деңгейді саралау технологиялары
 14. Топтық технологиялар.
 15. Дәстүрлі технологиялар (сабақ-сабақ жүйесі)
- 1) Ақпараттық-коммуникациялық технология

АКТ-ны пайдалану білім беруді жаңғыртудың басты мақсаты – білім сапасын арттыру, ақпараттық кеңістікте шарлаушы, қазіргі заманғы технологиялардың ақпараттық-коммуникациялық мүмкіндіктерін білетін және ақпараттық мәдениеті бар жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. , сондай-ақ бар тәжірибені ұсыну және оның тиімділігін анықтау.

Педагогикалық үдеріске АКТ-ны енгізу заманауи, жоғары деңгейде оқытуды қамтамасыз етеді.

Педагогикалық шеберлік ғылымның, техниканың және олардың өнімі – ақпараттық технологияның қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін білім мен дағдының бірлігіне негізделеді.

Қазіргі кезде әртүрлі көздерден ақпарат алып, оны пайдаланып, өз бетінше жасай білу қажет. АКТ-ны кеңінен қолдану мұғалімдерге өз пәнін оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады, сонымен қатар олардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді,

оқытудың тиімділігін арттырады, оқыту сапасын арттырады.

АКТ қолдану жүйесін келесі кезеңдерге бөлуге болады:

1-кезең: Нақты презентацияны қажет ететін оқу материалын анықтау, оқу бағдарламасын талдау, тақырыптық жоспарлауды талдау, тақырыптарды таңдау, сабақтың түрін таңдау, осы сабақ түрінің материалының ерекшеліктерін анықтау;

2-кезең: Ақпараттық өнімдерді таңдау және құру, дайын білім беру медиа-ресурстарын таңдау, өз өнімін жасау (презентация, білім беру, оқыту немесе мониторинг);

3-кезең: Ақпараттық өнімдерді қолдану, сабақтың әртүрлі түрлерінде қолдану, оқу-тәрбие жұмысында қолдану, оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне басшылық жасауда қолдану.

4-кезең: АКТ қолдану тиімділігін талдау, нәтиже динамикасын зерттеу, пән бойынша рейтингті зерттеу.

2) Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Сыни тұрғыдан ойлау – бұл кез келген тұжырымға сыни көзқараспен қарауға, ешнәрсені дәлелсіз қарапайым деп қабылдауға емес, сонымен бірге жаңа идеялар мен әдістерге ашық болуға көмектесетін ойлау түрі. Сыни тұрғыдан ойлау – таңдау еркіндігінің, болжау сапасының және өз шешімдері үшін жауапкершілігінің қажетті шарты. Демек, сын тұрғысынан ойлау негізінен таутологияның бір түрі, сапалы ойлаудың синонимі болып табылады. Бұл ұғымнан гөрі атау, бірақ дәл осы атаумен бірқатар халықаралық жобалардың арқасында біз төменде ұсынатын технологиялық әдістер біздің өмірімізге енген.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» конструктивті негізі оқу процесін ұйымдастырудың үш кезеңінің негізгі үлгісі болып табылады:

- Еске түсіру кезеңінде бұрыннан бар білім мен зерттелетін нәрсе туралы ойлар жадтан «еске алынады», жаңартылады, жеке қызығушылық қалыптасады, белгілі бір тақырыпты қарастыру мақсаттары анықталады.

Түсіну (немесе мағынаны жүзеге асыру) кезеңінде, әдетте, оқушы жаңа ақпаратпен байланысқа түседі. Ол жүйеленіп жатыр. Студент зерттелетін объектінің табиғаты туралы ойлауға мүмкіндік алады, ескі және жаңа ақпаратты салыстыра отырып, сұрақтар құрастыруды үйренеді. Сіздің жеке ұстанымыңыз қалыптасып жатыр. Осы кезеңде бірқатар әдістерді қолдана отырып, сіз материалды түсіну процесін өз бетіңізше бақылай алатыныңыз өте маңызды.

- Рефлексия (рефлексия) кезеңі оқушылардың жаңа білімдерін бекітіп, жаңа

ұғымдарды қамту мақсатында өздерінің бастапқы идеяларын белсенді түрде қайта құруымен сипатталады.

Осы модель аясында жұмыс істеу барысында студенттер ақпаратты интеграциялаудың әртүрлі тәсілдерін меңгереді, әртүрлі тәжірибелерді, идеялар мен идеяларды түсінуге негізделген өз пікірлерін дамытуға, қорытындылар мен дәлелдемелердің логикалық тізбегін құруға, өз ойын анық жеткізуге, басқаларға қатысты сенімді және дұрыс.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының үш фазасының функциялары Challenge

Мотивациялық (жаңа ақпаратпен жұмыс істеуге ынталандыру, тақырыпқа қызығушылығын ояту)

Ақпараттық (тақырып бойынша бар білімдерін ортаға салу)
Коммуникациялық (жанжалсыз пікір алмасу)

Мазмұнын түсіну

Ақпараттық (тақырып бойынша жаңа ақпарат алу)

жүйелеу (алынған ақпаратты білім категория ларына жіктеу

Рефлексия

Қарым-қатынас (жаңа ақпарат бойынша пікір алмасу) Ақпарат (жаңа білім алу)

Мотивациялық (ақпараттық өрісті одан әрі кеңейтуге ынталандыру)

бағалаушы (жаңа ақпарат пен бұрыннан бар білімнің корреляциясы, өз ұстанымын дамыту, үдерісті бағалау)

3) Жоба технологиясы

Жобалық әдіс әлемдік педагогикада принципті жаңалық емес. Ол 20 ғасырдың басында АҚШ-та пайда болды. Ол проблемалық әдіс деп те аталды. Балаларға өмірде пайдалы болуы мүмкін және қажет болатын алған білімге жеке қызығушылықтарын көрсету өте маңызды. Бұл нақты өмірден алынған, балаға таныс және маңызды мәселені талап етеді, оны шешу үшін ол алған білімін, әлі меңгерілмеген жаңа білімді қолдануы керек.

Мұғалім ақпарат көздерін ұсына алады немесе студенттердің ойларын өз бетінше ізденуге дұрыс бағытта бағыттай алады. Бірақ нәтижесінде студенттер нақты және нақты нәтиже алу үшін кейде әртүрлі салалардан қажетті білімді қолдана отырып, мәселені өз бетінше және бірлескен күш-жігермен шешуі керек. Мәселенің барлық жұмысы осылайша жобалық қызметтің контурын алады.

Технологияның мақсаты – оқушылардың белгілі бір білім көлемін меңгеруді

талап ететін белгілі бір мәселелерге қызығушылығын ояту және осы есептерді шешуді көздейтін жобалық іс-әрекеттер арқылы алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу қабілетін арттыру.

Жобалау технологиясы элементтерін іс жүзінде қолдану.

Абай Құнанбайұлының қарасөздері – қазақ әдебиетіндегі ерекше философиялық әрі ағартушылық туынды. 1890-1898 жылдар аралығында жазылған 46 қарасөздің әрқайсысы ұлы ойшылдың рухани байлығын, дүниетанымын және қазақ халқының философиялық көзқарастарын білдіреді. Қарасөздер ғылым, философия, дін және әлеуметтік мәселелер туралы терең ойларға толы. Олардың ішінде, қырық алтыншы сөз ерекше орын алады, себебі ол тарихтық мақала-очерк тәрізді жазылып, қазақ халқының шығу тегіне қатысты қысқаша зерттеу жүргізеді. Қарасөз терминінің өзі арабтың «ғақлия» сөзімен мәндес болып, көркем сөз, дана сөз деген мағынаны білдіреді. Абайдың қарасөздері гуманистік және ағартушылық бағыттағы, сонымен қатар әлеуметтік мәселелерге қатысты ой-пікірлерімен ерекшеленеді. Бұл туындылар көркем сана мен философиялық сананың тоғысында жатқандықтан, қазақ халқының дүниетанымдық концепциясын құрайды. Сонымен бірге, олар бүкіл адамзатқа ортақ терең мәнге ие. Абайдың қарасөздері алғаш рет 1948 жылы Семей қаласындағы «Абай» журналында басылып шықты және көптеген әлем тілдеріне, оның ішінде орыс, қытай, француз тілдеріне аударылды. Абайдың қарасөздері бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпаған, олар қазақ халқының рухани-мәдени мұрасы ретінде сақталып келеді.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, қарасөздер, философия, гуманизм, тарих, ағартушылық, әлеуметтік ойлар, қазақ әдебиеті.



Жалпы саны қырық бөлек шығарма Абайдың қарасөздерінің өзіне тән ерекшеліктері : көлемі шағын, бірақ мазмұны бай, сөзге сараң мағынаға терең болып келеді. Абай өз сөздерінде не мәселені қозғаса да, қандай пікір айтқысы келсе де, нақты ойын белгілі бір жүйемен баяндап, желімен жеткізіп отырмайды, құбылтып кете береді, біресе өзімен өзі сөйлеседі, біресе оқушымен кеңесіп кетеді, енді бірде тосыннан сұрақ қойып, соған жауап беріп жатады.

Абайдың өлеңдері сияқты, қарасөздерінен де оның өзін қоршаған өмір шындығына көзқарасы, дүние тануы аңғарылып отырады. Өйткені ол мұнда тек жеке адамның мінез- құлқын түзеуге арналған жайлар ғана емес, зор қоғамдық мәні бар, күрделі мәселелерді де қамтиды.

Жалпы алғанда Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіншебір бөлек, бір алуаны боп саналады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді. Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді.

Қарасөздің басты ерекшеліктерін М.Әуезов дәл айтқан: «Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінесе адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет толғау тәрізді».

Абай тағылымы, Абай қарасөздерімен тәрбиелену – барашамыздың міндетіміз.

«Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Олекі мінез қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші- қон болса, дау-жанжал болса, билік соларда болады екен... Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң ел жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?»

Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп.

Кәнеки, осы екі мінез қайда? (39-шы қарасөзден)

Осы екі мінездің дәл бүгін бәрінен де керегірек болып тұрғанын қалай

ғана мойындамассыз... Абайдың 150 жылдық тойында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев былай деді:

«Абайдың армандары – тек ғана бір ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес болып тиіп отыр.

Өйткені, біз осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек бізбіз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауыпкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял болып қалмай, нақты шындыққа, нақты болмысқа айналар-айналмасы мына біздерге байланысты».

Шындығында да, бәрі де өзімізге байланысты. Абайдың сол кездің өзінде-ақ айтқан ұлағатты сөздері бүгінгі күні шындыққа айналып отыр.

Ақын бірінші қарасөзінде «Ақыры ойлады: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де ақыры осыған байлады, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - демей ме.

Ғылым жолына түсіп, ақындықты мұрат еткен Абайды сонда толғандырған не екен десек «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» болыпты. Ұйқысын сергітіп, арманын ұлғайтқан қалың елі қазағымның тағдыры екен. Халқын шексіз сүйе отырып заманының «шайтан өрнек тауып бұзылғанын», «терін сатпай, телміріп көзін сатқанын» замандастарының бишаралығына күйіне отырып, замандастарына жақсы мен жаманның, алыс пен жақынның нарқын ажыратып беріп, заманды, оның адамын түзетудің жолын көрсетеді. Ол – адал еңбек етіп, ғылым тану, адам болып сөзді ұғу, ел бірлігі достық, махаббат, өнерді сүю «толық адам болу», азаматты сүю, жаратылысты, жаратушыны тануға ұмтылу жолдары.

Сондықтан ақынның қарасөздерін өз дәрежесінде түсіну және оны заманымыздың талабына сай кейінгі ұрпақтарға баяндай білу – оңайлықпен қолға түспейтін жайт. Өйткені, қарасөздердің мән-мазмұны ғасырлар бойы жаңаруда. Сондықтан әрбір сабақта оқыту әдісін дұрыс қолданған жағдайда ғана оқушылардың ой-өрісін тереңірек дамытуға мүмкіндік туады. Оқыту әдісін тиімді қолдану, әрбір қарасөздің түпкі мағынасын толықтай түсіну оқушылардың зерде-зейінін арттырады. Осы орайда замана жылжып, өмір озған сайын оқыту әдісінің белсенді түрлерін шығармашылық жолмен зерттеп табу мақсат етіледі. Мұның нәтижесінде оқыту әдісінде маңызды

өзгерістер болады.

Абай қарасөздерінің тәлім-тәрбиелік мәнін оқушыларға тиянақты жеткізу – бүгінгі күннің көкейтесті мәселерінің бірі. Демек, қай жағынан алып қараған күнде де Абай қарасөздерінің көтеріп отырған тақырыбы бүгінгі күн үшін өзекті болып табылады.

Абайдың дарқан даналығының ең басты бастау көзі – «Қалың елім, қазағымның» тарихи тәлім-тәрбиелік аса бай қазынасында жатыр. Ол – өз жұртының, рухани мол мұрасындағы жақсылықты, адамгершілік қасиетті сүйсіне жырлаған, жамандықты ашына жазған, жақсы үлгісінен өнеге алуды үлгі еткен.

Ақын қарасөздерінде адам бойындағы ізгі қасиеттерді анықтап көрсетіп қана қоймай, олардың өзара қарым-қатынасын, басқа адамгершілік қасиеттерімен байланысын кең зерттеп толғайды. Бұл орайда «Он төртінші сөз», «Он бесінші сөз», «Он жетінші сөз» жүйелерінде айтылған.

Адал еңбек етіп мал табу, ерінбей-жалықпай ғылым үйрену қажеттігі туралы ойын

«Оныншы сөзінде» басқа бір қырынан келіп бала тәрбиелеу мәселесіне жалғастыра өрістетеді.

«Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екінші, сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғыну керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе

- күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер». Абайдың бұл әңгімелерінің кім үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әйтсе де білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндіретін аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім-білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс алды - тірлік» дейді. Ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар...Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек

қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады... Тірлік олар емес, көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады, өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Ал еңбекпен ерінбей мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақ бас, Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың – пысық, ішің – нас, Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Малүшін арнамысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп пәлелеу, ауызбірліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен туатынын дәлелдей келіп, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, кейінгі ұрпақтар үшін құндылығы да осында.

Қорыта келгенде, Абайдың қарасөздері – оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты туған шығармаларды көрдік. Қарасөздердің бағасы – Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. Рас, біздің заманымыз үшін Абай сынап, суреттеп отырған органың барлық болмысы, барлық дертіжәне Абайдың сол ортада отырып, күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары, кейбір ұсыныс ойлары – бәрі де ескірген. Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық ортамен қоғамдық шындықтар мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қарасөздердің арманы мен мазмұны, мұраттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек. Екінші - Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар. Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қарасөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол – Абайдың осы қарасөзді жазған тілі. Өлең

сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді. Біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихы жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетінде анық биік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012.
2. Занков Л.В. Избранные педагогические труды-М: Педагогика, 1990-98-115.
3. Игры и упражнения по развитию умственных способностей у детей дошкольного возраста. Сост. Л.А. Венгер, О.М. Дьяченко. –М: Просвещение, 1989-212.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕСІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ МУЗЫКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІН ДАМУ

Гайсина У.К

Алматы облысы Талғар ауданы № 11 Жалпы білім беретін орта мектебінің музыка пәнінің мұғалім, педагог зерттеуші
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Тәрбие – сапалы білімнің іргетасы және ұрпақты биік мұратқа жетелейтін маңызды фактор. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлттың болашағы мен сапасын анықтайды. Сондықтан, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл, рухани бай азаматты тәрбиелеу – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Қазақ халқының тарихи-мәдени жетістіктері мен рухани байлығын танытатын сан ғасырлық тәлімгерлік тәжірибесі бар, онда данагөй қариялар, ғұлама ойшылдар, би-шешендер мен ақын-жыраулардың психологиялық және педагогикалық тұжырымдары сақталған. Мектептегі оқушыларға берілетін тәрбие түрлерінің бірі – эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие өнер құралдары, әсіресе музыка арқылы жүзеге асырылады. Музыка дыбыс арқылы жасалған көркем бейнелер негізінде оқушының дүниетанымын кеңейтіп, өмірдің шындығын және әсемдікті сезіну қабілетін дамытады. Музыкалық тәрбиенің мақсаты – оқушының рухани байлығын дамыту және жан дүниесінің үйлесімділігін қалыптастыру. Музыка өзінің көркемдігімен адам жанына әсер етіп, олардың ақыл-ойын дамытып, мінез-құлқын жақсартуға ықпал етеді. Білім беру саласында эстетикалық және адамгершілік тәрбиені меңгертуде музыка пәнінің маңызы зор.

Түйін сөздер: тәрбие, ұлттық құндылықтар, эстетикалық тәрбие, музыка, рухани байлық, адамгершілік тәрбиесі, мектеп тәрбиесі.



Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды. Қазақ халқының да сан-ғасырлық тарихи-мәдени жетістіктерінің жемісін, рухани байлығын, жанына біткен еңбексүйгіштік, имандылық, бауырмалдық, балажандық, қонақжайлық, т.б. қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәжірибесі бар. Онда кешегі өткен данғой қариялар, ғұлама ойшылдар, би-шешендер және ақын-жыраулардың саналық болжамдарының, психологиялық пайымдаулары мен педагогикалық тұжырымдарының өшпес ізі жатыр.

Мектептегі оқушыларға беретін тәрбие саласының бірі-эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие өнер құралдары арқылы ,яғни музыкада-дыбыс арқылы жасалынған көркем бейнелер негізінде оқушының дүниетанымын арттырып, өмірдің шындығы мен әсемдікті сезіну қабілетін дамытады. Музыкалық тәрбиенің негізгі мәні , мақсаты сапалық жағынан жеке адамның жан дүниесінің үйлесіп қалыптасуын және рухани байлығын дамыту болып табылады. Музыка өзінің көркемдігі және нәзіктігімен адам жанын баурап, олардың ақыл-ой, сана-сезімінің кеңейіп, жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына әсерін тигізеді. Білім беру саласында оқушылардың эстетикалық , этикалық және адамгершілік нормаларын меңгерту міндетін жүзеге асыруда музыка пәнінің орны ерекше.

Музыкалық тәрбие дегеніміз- музыкалық өнердің ықпалы арқылы баланың жеке басын қалыптастыру – музыкалық ынтасын, қажеттерін, қабылетін, музыкаға эстетикалық көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Музыка тәрбиесі жастарға өнер құндылықтарын үйрете отырып, олардың бойына адамгершілік эстетикалық мәдениетті, көркемдік талғамды, шығармашылық қабілетті дамытады. Өскелең ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде ,бала бойына рухани байлықты дамытудың аса маңызды саласы – музыкалық өнер .Соның ішіндегі бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы музыкалық мәдениетін қалыптастыру, оны басқару музыкалық –педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі. Тәрбиенің аса маңызды құрамы -өнер. Соның ішінде өте кең, сан ұғымды қамтитын-музыка өнерін айтамыз. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, тілмен айтқызып жеткізе алмайтын ұшқыр қиялы, нәзік сезімі.

Жалпы музыкалық білім беру, музыка өнері арқылы мектеп оқушыларына музыкалық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеп, ғылыми әдістемелік жағынан қамтамасыз ету қажет.

Музыкалық тәрбие негізінен жалпы білім беретін мектепте сыныптық- сабақ жүйесі бойынша іске асады. Оқушыға музыкалық тәрбие беруде оқытудың принциптерін және әдіс-тәсілдері, соңғы технологияларды шебер қолдану ең қажет нәрсе болып табылады. Сонымен қатар сабақты дидактикалық ойындар, өзіндік жұмыс, ой қозғау, нота сауатын үйрету, музыка тыңдату, музыка ырғағына сай әр түрлі қимылдар жасату, музыка жанрын ажырата білу басты міндеттер болып табылады.

Музыка сабағында оқушыларды музыкалық мәдениетке тәрбиелеу мәселесін қарастыру өзекті, әрі осы уақытқа дейін арнайы қарастырылып жатқан тың мәселелердің бірі.

Әр ұлт өз ұрпағына ұлттық тәрбие беру арқылы ғана ұлттық болмысын, беинесін сақтап дамыта алатыны белгілі. Ал, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорымызда екені даусыз. Себебі дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт бола бастаған қай түрін, қай саласын болса да сол фольклорымыздан тауып, ажырата аламыз. Біз бұл жерде ұлттық тәрбиенің көздерін музыкалық фольклордан қарастырмақпыз. Әл-Фараби бабамыз музыканың адам психологиясына әсері жөнінде: «Музыка денені шынықтыратын гимнастика тәріздес, ол адамның жанын жетілдіреді. Алдымен ләззатқа бөлейді, одан соң құмарлықты ойатады, қиялға жетелейді» - деп пікір айтқан. Халқамыздың бірнеше ғасырлар көлемінде жинақталып қалыптасқан бай музыкалық фольклоры бар.

Мұғалімге жаңа технологияның ғылыми негізде меңгерту және терең білімді, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу. Музыканы үйрету, есту, тыңдау, шығармашылық іс-әрекет барысында оқушының ой толғанысы жанданып, жігерленеді, ой-қиялы өседі.

Жалпы сабақты дәстүрлі, дәстүрлі емес, сайыс, ойын, кіріктірілген сабақ, саяхатаралас сабақ түрлерін жиі өткізу әдетке айналғаны жөн. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа көңіл бөлген жөн. Музыкалық тәрбиенің ерекшелігі – музыка пәні арқылы сөзбен тіл жеткізіп айта алмайтын, адамның жан дүниесіндегі құбылыстарды сезімді дыбыс арқылы беруге мүмкіндік тудырады.

Музыкалық тәрбие – жеке тұлғаның ақыл-ойы мен дене бітімін жетілдіріп, жан-жақты өмір тәжірибесін кеңейтуге, қызығушылық, біліктілігін және ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық іскерлікке тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады, оқушыды халықтық музыкаға баулайды. Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр

адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын, ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана. Ал ұжымдық сана бірлескен нәтижелі жұмыстар негізінде қалыптасады, дамиды.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарымыз бен ізгі дәстүрлерімізді сақтау арқылы ұлттық санасы қалыптасқан қоғам құру – біртұтас ел болып жұмыла атқаратын жауапты да межелі мақсатымыз!

Әдебиеттер тізімі

1. Жүнісбеков С.Қ. Тәрбие процесінде ұлттық құндылықтарды қолдану жолдары. – Алматы: "Ұлағат", 2018. – 240 б.
2. Әлімбаева А.Ә. Эстетикалық тәрбие және оның оқушылардың рухани дамуына әсері // Білім беру және педагогика журналы. – №4, 2021. – 52-58 б.
3. Сыздықова М. Қ. Музыка пәні арқылы эстетикалық тәрбиені дамыту. – Астана: "Мектеп", 2019. – 136 б.
4. Мұстафаев К.А. Қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлері. – Алматы: "Білім", 2017. – 298 б.
5. Оспанова Ж.Ә. Музыкалық білім және оның тәрбиелік мәні. – Алматы: "Қазақ университеті", 2020. – 112 б.
6. Айтжанова Г.Т. Ұлттық сана және тәрбие мәселелері // Қазақ педагогикасы журналы. – №2, 2020. – 38-45 б.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕСІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ РЕТІНДЕ МУЗЫКА ТӘРБИЕНІҢ ЕҢ ТАМАША МЕКТЕБІ – ОТБАСЫ

Нуржанова Р.М.

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Сұлтан Ысқақов атындағы негізгі орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада балаларды тәрбиелеудегі отбасының рөлі және оның балалардың мінез-құлықтары мен құндылықтарын қалыптастырудағы маңыздылығы талқыланады. Отбасы негізгі әлеуметтік құрылым ретінде баланың жеке тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуінде шешуші рөл атқарады. Мақалада отбасының тәрбиедегі басты функциялары, оның ішінде өмірді ұйымдастыру, эмоционалды қолдау көрсету, әлеуметтендіру, моральдық нормалар мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, сәтті тәрбие үшін ата-аналардың өзін-өзі дамытуға, балалармен диалог құруға және тәрбиенің жаңа әдістерін меңгеруге дайын болуы қажеттілігі ерекше атап өтілген. Ата-аналар балалармен ашық қарым-қатынас орнатуға және олардың дамуына үнемі қолдау көрсетуге бағытталуы керек.

Түйін сөздер: отбасы, тәрбие, әлеуметтену, ата-ана, балалардың дамуы, құндылықтар, мінез-құлық, тәрбиенің функциялары.



«Қоршаған әлеммен байланыстыратын бар жақсылық - ол менің отбасым» ұлы Абай. 16 Қайсы бір дәуірде болмасын отбасының өзіндік әдеп ғұрыптары, салт - дәстүрлері, мызғымас рухани құндылықтары болған. Сол құндылықтар арқылы ұрпағын тәрбиелеп, санасын қалыптастырып отырған. Көне дәуірлерден бастау алатын, өзінің тарихи тәжірбиесінен, игі салт, ізгі дәстүрлерінен қол үзген қоғамда, рухани тұлға қалыптастыру мүмкін емес. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді» дегендей, заман өзгеріп, заң өзгерсе де, халқымыздаң тамыры тереңге кеткен, тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі отбасы құндылықтары өзгермейтіні хақ. Тіпті біздің адами құндылықтарымыздың бастауы, негізі осы отбасылық құндылықтарда жатыр. «Тәрбие табалдырықтан» деген халық нақылы. Мұның астарында отбасыныдағы салт дәстүрдің, адмгершілік тәрбиеге қосыр үлесін меңзеп отырғандай.

Мәселен босағаны, яғни табалдырықты оң аяқпен аттау, босағадан аттаған соң салем беріп амандасу, босағаны кермеу, босағаны майлау, табалдырықты баспау және «табалдырықтан асқан тау жоқ», «табалдырықта бақ тұрады», табалдырықтың екі жағында тұрып амандаспа деген жаман ырым, мұның барлығы да бекер айтылмаған. Барлық салт дәстүрдің астарында үлкен мән, үлкен рухани тәрбие жатыр деген сөз. Табылдырықтан, төрге дейін білген жанға тәрбие-тәлімнің қайнары. Табалдырықтан төрге дейінгі орта рухани құндылықтардың ордасы. Осы ордада баланың басты тәрбиеші, үлгі алар тұлғасы ата-ана немесе ата-әже екенін ұмытпаған абзал. Өкінішке қарай, қазіргі қазақ қоғамында отбасы құндылықтары құлдырауға ұшырап бара жатқаны ащы да болса шындық. Заман жаңарып қарыштап дамыған шақта руханилықты ұмытып, дінімізге жат, салтымызға оғаш дүниелердің көрініс беруі қынжылтады. Ер азаматтарымыздың майдаланып, әйел аруларымыздың дарақыланып, немесе ер мен әйел арасындағы жанжалдар, отбасы мен бала арасындағы түсініспеушілік, адамдар арасындағы қатігездік осылардың барлығы құндылықтарымыздың әлсіреуінде. Отбасындағы ер мен әйел жұмысбасты, уақыт тапшы, бала тәрбиесі балабақшаға не мектепке жүктеген. Әрине бұл материалдық қажеттілік бұл да дұрыс шығар. Бірақ қандай ата анамыз. Рухани деңгейіміз, парасат-мәдениетіміз, санаға түйгеніміз қай деңгейде. Ақша табамын, бала асыраймын, ел қатарлы немесе көш ілгері жүремін деп жүргенде адами құндылықтарымыз кешендеп қалған жоқпа. Ата - ана балаға идеал, ешбір бала ата анасының кемшілігін көрмейді. Қандай жағдай болмасын олар анасын не әкесін пірі тұтады.

Ал осы пір тұтқан тұлғасы қандай. Ащы болса да шындық, кей аналарымыз не

әкелеріміздің жүріс тұрысы, сөйлеу мәдениеті, айналамен қарым қатынасына мән бермейді. Жат дәстүрге еліктеп, ұлттық дәстүрлеріміз бен салт жоралғыларымызды ескінің сарқыты деп қарауы рухани құлдырауға әкеліп соғатыны анық. Ал бала жүрегі, бала көңілі, бала ойы алғашқы көргенін, алғашқы сезгенін, алғашқы тұшынғанын қаз қалпында, тұнық күйінде болмысына ұйытып алады да, сол қалпында сақтай біледі. Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды мінез, ыстық ықылас, қуаныш, ашық әңгімелесу арқылы да баланың көңілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек. Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөлген абзал. Қазақ зиялыларының бірі М.Жұмабаевтың: «Тәрбиедегі мақсат баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, қоғам алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. Әрине, отбасы өзінің дербес әрекеті арқылы тәрбие саласында ауқымды мәселелерді шешуде әлсіздік танытады.

Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Ал, тәрбие қоғамдық құбылыс болғандықтан, оны қоғам талаптарынан тыс ұйымдастыру мүмкін емес. Бұл тұста үштік одақ: мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер жұмысындағы өзара сабақтастық және ынтымақтастық өз үйлесімін табуы тиіс. «Тәрбиелілік – адам етеді, тәрбиесіздік – надан етеді» деген халық тағылымы бар. Тәрбиенің сан-саналы қырлары бар десек, ата-ана өз ұрпағының жан-жақты болып өсуіне ықпал ете білуі қажет. Бала мектепке келгенге дейін ақыл-есі кіріп, үлкен-кішімен қарым-қатынас жасау, өзара сыйласудың әліппесін отбасынан алып келеді. Кей жағдайда ата-ана баласының: «Тамағы тоқ, киімі бүтін болса болды, басқа тәрбиені ертең мектеп үйретеді» деп барлығын мектепке, ұстаздарға ысыра салады,

сол себепті де кейбір оқушылар күнделікті өмірдегі қарапайым тәртіпті білмей, мұғалімге қиындық келтіреді. Мектеп мұндай жағдайда тек баланы ғана оқытып қоймай, атаананың педагогикалық мәдениетін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізгенде ғана, тәрбие өзінің оң нәтижесін беретіні сөзсіз.

Ата-ананың бүкіл үміті — баласы болса, сол баланың әрбір қуанышты сәті — ата-ана қуанышы. Қазіргі кезде, күн сайын өзгеріске толы мына өмірде балаға дұрыс тәрбие беруде бірлік болмаса, бала сәл нәрсеге еліктеп, ілесіп кетуі мүмкін. Әсіресе бала түрлі жат-әдет, діни ағымдарға ілесіп кетпеуі үшін де тәрбиені босаңсытуға болмайды. 17 Дегенмен, бүгінгі отбасыларындағы ата-аналардың бала тәрбиесін заман талабына сай ұйымдастырудағы қабілеттері мен мүмкіндіктері бірдей болмай отыр. Ол үшін отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Осы орайда «Шаңырақ сыйы» атты ата-аналармен бірлесе тренинг сабақ өттік. Рухани жаңғыру аясында өтілді. Ата-ана өз іс-қимылын шешуші рөл атқаратынын сезінді. Отбасындағы орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарын бала тұлғасынан көре білдік деп өздері жоғары баға берді. Ата-ана мен ұстаздың біріге жұмыс істеуі ең алдымен балаға пайдалы екенін, үштік одақтың бірлесе жұмыс істеуіне атсалысатынын айтып, ризашылық білдірді. Екі жақтың қамқорлығын сезінген бала өз тарапынан да жауапкершілік көрсетіп, үлгілі тәрбие мен мектептегі тәрбие бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырса ғана нәтижеге жетпек Отан – отбасынан басталады деген жақсы сөз бар халқымызда. Отбасы мүшелерінің балаға әсері дұрыс болуы керек. Жақын жанашырлары әрдайым балаға тек түзу жол көрсетіп отырса, әсіресе тәрбие беру жолында халықтық педагогиканы пайдаланса, оның берер көмегі мол деуге болар еді. Ал тәрбиені балаға беретін отбасы, мектеп және қоғам.

Осы үшеуі бірлесе жұмыс істегенде ғана өнімді де өнегелі ұрпақ шығатыны белгілі. Неміс халқында бала тәрбиелеуде екі ерекшелік бар, біріншісі: баласымен тең кісідей сөйлеседі, сөйлесе отырып, мүмкіндігін байқайды, осал жерін байқатпай көтеріп отырады, екіншісі: баласын ең негізгі нәрсеге, сөйлеп тұрған адамның мінезіне, дауыс екпініне, қысқасы, биязы - оспадарлығына қарамастан тыңдай білуге үйретеді. Себебі тыңдай білмейтін адамның айтар ойы да аз болады. Әр халықтың осы секілді өзіндік жақсы ерекшеліктері болады. Неге сондай тиімді әдіс-тәсілдерін пайдаланбаққа. Біздің халқымыздың да тәрбиеге тұнып тұрған алуан түрлі үлгі-өнегесі жетерлік. Баланы тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек десек, ата-аналар мен тәрбиеші және балаға әсер етуші жан-жағындағы қоғам мүшелерінің өздері де толыққанды саналы болуы әбден маңызды. Атадан балаға қанмен тараған

ақылдылық, байсалды мінезді тәжірибе мен білім толықтырса, төңірегіне нұр шашып тұратын азаматтар солардан шығады. Сондықтан оқу, үйрену, тыңдау, іздену, талаптану әрбір өзін құрметтейтін адамның басты бағыты болуы керек. Бір елдің болашағын көргің келсе, сол елдің қазіргі жастарына қара — деген екен бір ғұлама. Қазіргі ұрпақ еліміздің жарқын болашағы, жанашыры және иесі. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ елінің болашағы үшін бүгіннен бастап бар күш — жігерімізді салып, аянбай еңбек етсек нәтижелі іске де қол жеткізіп қалармыз. Жеткізіп жатқан жемісті жетістіктеріміз де жоқ емес. Мектеп — кеме, білім — теңіз демекші, бала бар жақсылық пен игілікті, тәрбие мен білімді мектептен алады. Дегенмен бар салмақ мектепте десек артық айтқан болар едік. Бала тәрбиесі мен білім беру ісінде отбасы мен қоғамның қосар үлесі ұшан — теңіз. Мектебімізде ата-ана, оқушы-мұғалім арасындағы байланысты нығайту жеке тұлғаны қалыптастыру және сапалы оқыту мен саналы тәрбие беру мәселесі алдыңғы орында. Мектеп – отбасы – қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту, серіктестікті қалыптастыру, қауымдағы ата-аналармен бірлескен жұмысты көрсету мақсатында мектебімізде жүйелі де, маңызды жұмыстар атқарылуда. Соның бірі —

«Бақытыңды балаңнан ізде» тақырыптарында тренинг сабақтар мен семинарлар, түрлі тәрбиелік іс-шаралар жүргізілуде. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата — ана мен мектеп. Болашақ десек те, келешек десе де бала — ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы — дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі — бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Курманғалиева Б.Е

Алматы облысы, Талғар ауданы, №14 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауын сынып
мұғалімі

e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Түйін сөздер

тәрбие, құндылықтар,
ұрпақ тәрбиесі,
адамгершілік,
патриотизм, отбасы,
әлеуметтік бейімделу,
тәрбие әдістері.

Аңдатпа

Бұл мақалада ұрпақ тәрбиесіндегі тәрбие құндылықтарының маңыздылығы талқыланады. Тәрбиенің негізгі құндылықтары баланың тұлғалық дамуы мен әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Отбасында және қоғамда қалыптасатын құндылықтар жүйесі балалардың мінез-құлқын, дүниетанымын және болашақта азамат ретінде қалыптасуын айқындайды. Мақалада ұлттық құндылықтар, адамгершілік, патриотизм, адалдық, жауапкершілік сынды қасиеттердің бала тәрбиесіндегі рөлі қарастырылады. Сондай-ақ, ата-аналардың және мұғалімдердің бала тәрбиесінде құндылықтарды дұрыс жеткізу әдістерінің маңыздылығы баса айтылған. Ұрпақты тәрбиелеуде құндылықтарға негізделген тәрбие әдістерін қолдану қоғамның рухани және мәдени дамуына ықпал етеді.



Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деп Әл-Фараби айтқандай бүгінгі таңдағы жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытуымыз керек. Тәрбие – жас ұрпақты биік белестерге жетелейтін сапалы білімнің негізі.

Жастардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі екені баршамызға белгілі. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп әзірлеген біртұтас тәрбие бағдарламасы үш құндылыққа негізделген. Яғни, ұлттық мүдде, талап, ар-ұят. Осындай ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен жас ұрпақ ұлағатты болмақ.

ҚР Президенті Қасым -Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде « Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады»-деген. Яғни, білім беру саласында біліммен бірге тәрбие негізіне бағытталған «Ұлттық тәрбие-ел болашағы» атты тәрбие тұжырымдамасын енгізген. 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында адамзаттық пен ұлттық құндылықтарға жас ұрпақты тәрбиелеу сапасының жақсаруына бағытталған. Бағдарлама жалпы-адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Себебі, қазіргі таңда жастардың бойында ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Ұлы ағартушы *Ахмет Байтұрсынұлы «Балам» деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады» деген екен. Өскелең жас ұрпаққа тәрбие барысында біз ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз еліміздің әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне бейімделе алады. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде.*

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар аясында жұмыстар атқарылуда. Жалпы білім беретін №14 орта мектебімізде бағдарлама аясында тәрбие саласы бойынша ұлттық құндылықтарға негіздеген іс-шаралар атқарылып отырды. Ата-ана мәдениетін қалыптастыру мен позитивті ата-ана дамыту жөніндегі жұмысын құруда «Даналық мектебі» клуб ұйымдастырылды. «Даналық мектебі» клуб

қызметінің мақсаты- аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға көмектесу және өскелең ұр-пақты тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану. Аталған клубтың басты бағыты «Ата өсиеті», «Әже дана-лығы», «Аға қамқорлығы мен Жеңге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру ар-қылы ұлттық құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіруге бағытталған.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Наурыз мерекесінің мәртебесін биіктету мен ұлттық мейрамды насихаттау мақсатында «Наурызнама» он-күндігі өткізілді. Онкүндік аясында Көрісу күні, Қайырымдылық күні, Ұлттық киім күні, Жаңару күні, Ұлттық спорт күні, Ынтымақ күні, Тазару күні және Жыл басы саналатын Наурыз мейрамы аталып өтілді. Әрбір аталған айтулы күндерде ұлттық құндылықтарымызға негізделген іс-шаралар, кездесулер, байқаулар мен сайыстар өткізілді. Жас ұрпақ бойына ұлттық салт-дәстүріміз бен ұлттық ойындарға бағытталған шаралар өз нәтижесін тауып отырды. «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» байқауында шебер жеңге мен шешен қайын сіңілі арасындағы сыйластықты негізге ала отырып ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдарымыз насихатталды.

Осындай ұлттық құндылыққа негізделген іс-шаралар Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін ұлттық құндылықтар аясында кеңейтілді. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіре отырып тәрбиелеу біздің басты міндетіміз.

Осы орайда, білім ордасы – мектеп болса, ал мектептің жаны – мұғалім екендігі белгілі. Сол себептен де жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз – ұлттық құндылықтар екенін ұмытпайық. Бізді де осы үрдістен алып шығар–ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз бен білімді ұрпағымыз болмақ. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық, жас күнде қалай иіп өсірсен, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деп тұжырым жасаған екен. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан- болашаққа тәрбиелеу- яғни, ерте жастан ұлттық құндылықтарға сүйене отырып тәрбиелеу арқылы ұлттық құндылығымызды ұмыттырмайтынымыз анық.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жас ұрпақты әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен ұлттық тәрбиеге сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі

болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Әдебиеттер тізімі

Нұрғалиева, Г.С. Отбасындағы тәрбие: құндылықтар және оның маңызы. – Алматы: "Білім", 2017. – 254 б.

Сейдахметова, Л.Ж. Ұлттық құндылықтар және олардың тәрбиедегі рөлі // Педагогика және психология журналы. – №3, 2019. – 65-72 б.

Қалиев, С.Т. Баланы адамгершілікке тәрбиелеудің жолдары. – Астана: "Фолиант", 2020. – 145 б.

Омаров, А.Қ. Тәрбиенің негізі: Отбасы және қоғам. – Алматы: "Қазақ университеті", 2018. – 200 б.

Мұқажанова, Ә.С. Ұрпақ тәрбиесі: ұлттық және адамгершілік құндылықтар. – Шымкент: "ОҚМПУ", 2021. – 187 б.

Есенғазиева, Г. Ұрпақ тәрбиесіндегі патриотизм және оның маңызы // Тәрбие және мәдениет журналы. – №4, 2020. – 52-58 б.

Төлегенова, Ж.Ә. Әлеуметтік бейімделу мен тәрбиенің өзара байланысы. – Алматы: "Мектеп", 2019. – 122 б.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ ҰЛТТЫҚ ТІЛ ҚАДІРЛЕЙІК

Молдабекова Ж.С.

Алматы қаласы, Бостандық ауданы «№1 арнайы мектеп интернаты»
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілінің қоғамдағы маңызы, оның мемлекеттік рөлін арттыру мәселелері қарастырылады. Қазақ тілі – ұлттық қазына, әрбір ұлттың ең бағалы мұрасы болып табылады. Мақалада қазақ тілін сақтау және дамыту қажеттілігі, сонымен қатар оның тәуелсіздікті нығайтудағы рөлі талқыланады. Қазақ тілі мен тәуелсіздік егіз ұғым ретінде қарастырылып, мемлекеттік тілді меңгерудің маңыздылығы айтылады. Елбасының "Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде" деген сөзіне сүйене отырып, жастардың мемлекеттік тілді меңгеруінің қажеттілігі мен оның болашақ ұрпаққа серік болуы керектігі ерекше атап өтілген. Сонымен қатар, мақалада тіл мәселесіне қатысты қазіргі проблемалар мен оларды шешу жолдары қарастырылған, оның ішінде орыс тілінің қолданылу аясының кеңдігі мен қазақ тілінің мәртебесін көтеру қажеттілігі баяндалған. Мақалада мемлекеттік тілді қолдау мен жастар арасында насихаттаудың маңызы ерекше орын алған.

Түйін сөздер: қазақ тілі, мемлекеттік тіл, тәуелсіздік, ұлттың қазынасы, жастар, патриотизм, тіл саясаты, тіл мәртебесі, ұлттық құндылықтар.



Құлағыма сіңірген таныс үнін. – деп С. Торайғыров жырлағандай тіл бұл өмірдің сан түрлі қырын, саналуан сырын түсінуге себепкер. Тіл- тіршілік бастауы. Жарық дүние есігін ашқаннан бері, анамыздың ақ сүтімендарыған бұл мен үшін ең керемет, ең бай ана тілім – қазақ тілім. Тіл – бұл ұлттық қазына. Әрбір ұлттың, халықтың ана тілі ата – бабасынан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз- тәуелсіздік, егемендіксіз- тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста тұңғыш Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

«Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзегеасыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Қазіргі уақытта өз ана тілін шұбарлап, ұмытып, құрметтемейтіндер де жоқ емес. Осы кезекте К.Г. Паутовскийдің туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік деген сөзі ойыма келіп отыр. Біздің мемлекетімізде ана тілімізден қарағанда орыс тілінің мәртебесі жоғарлап баражатқаны баршаға аян. Кейбір ұлт өкілдерінің және ана тілін білмейтін қазақтардың қазақ тіліне күдікпен қарауының бір себебі, қазақ тілін үйрету мен насихаттау ісінде кемшілік те жатқан сияқты. Ал орыс тілінің республикамызда атқаратын қызметіне келетін болсақ, оның қолданылу аясының барынша кең екендігінде.

Өз тілінен безіп, ұмытқандар да жоқ емес. Мәңгілік ел боламыз десек қазақ қазақтығымен қазақ тілінің қадір – қасиетін түсіне білу керек. Демек, мемлекеттік тілді меңгеру қажеттігін жоққа шығару, оған менсінбей қарау да ақылға оншалықты қонымды қылық емес екенін ескеру керек. Мысалы Грузиядағы орыс жазушылары былай деп жазады М. Лохвицкий, - орыс па, әлде грузин бе, армян ба, әлде еврей ме, черкес пе, әлде грек пе, қай ұлттікі болғанына қарамастан, белгілі дәрежеде грузин тілін меңгереді, мұның өзі оның ішкі қажеттігіне туындап жатады делінген.

Мемлекеттік тіл – еліміздің басты мәселелерінің біріне айналып отыр. Сонау Кеңес дәуірінен бері қазіргі күнге дейін келе жатқан тіл мәселесі әлі де шешуін таппай келеді. Қазақ тілін дамыту бойынша көптеген мәселелер қаралды, заңдар қабылданды. Сондықтан да біз үшін мемлекеттік Әнұран, мемлекеттік Елтаңба қандай қымбат болса мемлекеттік тілде сондай қастерлі, қадірлі, қымбат. Себебі көк Туды желбіретіп, Елтаңбаға қарап тұрып, мемлекеттік Әнұранды айту үшін тіл керек.

Барлық елдің мемлекеттік әнұраны мемлекеттік тілде айтылады. Сондықтан барлығымыз мемлекеттік тілді жаппай меңгеруге тиіспіз. Жастардың бірлігі мен ұйымшылдығы қазақ тілімен байланысты болғаны жөн. Мемлекеттік тіл – тек тірліктің тілі ғана емес, жастықтың да тілі болуы керек. Себебі түбінде бүкіл билікке жастар келеді. Тұңғыш Елбасымыз: “Қазақстанның болашағы

– қазақ тілінде” деп айтты. Ал біздің болашағымыз – жастар. Сондықтан мемлекеттік тілдің жастарға серік болғаны дұрыс. Тұңғыш Елбасы барша Қазақстанды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді атап көрсетіп, “Қазақ тілі – үш тілдің біреуі болып қалмайды, үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді” деген болатын. Тұңғыш Елбасымыздың осы ұлағатты сөзі барлығымызға ой тастауы керек. Қазақ тілін дамыту, өркендету жастар өз қолымызда.

Мемлекеттік тілмен қоса орыс, ағылшын тілдері. Әрбір қазақ бірінші орынға өзінің ана тілін қою керек. Ал өзге елдің тілін білетін болса, ол рухани бай адам. Ана тіліміз әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, орамдылығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, ол дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында екенін мәліметтерден көруге болады.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірбиесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Қазақстанның болашағы

– қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстырып ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі деп атап көрсетті. Әрбір қазақ тұңғыш елбасымыздың айтқанына аса мән бере отырып, ілгері жылжитын болсақ, мемлекеттік тіліміздің тұғыры әрқашан биік болмақ.

Сонымен қорытындылай келе М. Әуезовтың бір сөзі есіме түсіп тұр. Осы бір

ұлағатты сөз менің мақаламның айтайын деген ойына дөп келетіндей. Ел болам десең бесігіңді түзе дегендей әрбір қазақ мәңгілік қазақ деген даңқты мәртебесін сақтап қалу үшін бірінші кезекте ана тілін құрметтеп, болашақ ұрпақ алдындағы парызы екенін ұмытпауы керек. Қазақ тілі тек сөз жүзінде ғана мемлекеттік тіл болып ғана қоймай, шынайы мемлекеттік тіл болады деп сенемін. Біз қазақ жастары ана тіліміздің тұғырын биіктете берейік.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ : ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тлеуханова С.С

Алматы облысы, талғар ауданы ауданы, Ақдала ауылы № 44 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақала ХХІ ғасырдың шығармашылық дәуірі екенін және жаңа ақпараттық технологиялардың білім беру процесіне тигізетін әсерін талқылайды. Қоғамның дамуы ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге мүмкіндік беретін ақпараттандырудың маңыздылығымен ерекшеленеді. Осы кезеңде әрбір педагогтың мақсаты – бәсекеге қабілетті, жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу. Сонымен қатар, оқушылардың рухани мәдениетін қалыптастыру, ұлттық сана-сезімін, тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін бойына сіңіру маңызды. Орта білім беруді дамыту тұжырымдамасының негізгі мақсаты – оқушылардың талдау, синтездеу және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік пікір қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асырудың негізгі құралы – сабақ. Осыған орай, сабақтың тиімді әдістерін қолдану және инновациялық педагогикалық тәсілдерді енгізу мұғалімдердің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: ақпараттық технология, инновациялық әдістер, білім беру, логикалық ойлау, педагогика, сабақ, ұлттық сана, шығармашылық.



XXI ғасыр адамның шығармашылығы дәуірлеген ғасыр екені даусыз. Қоғам дамуының бұл кезеңі – жаңа ақпараттық технология, яғни ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, білім беру процесін жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін ақпараттандырудың маңыздылығымен ерекшеленетін жаңа кезең. Әрбір педагогтың алдына қойған мақсаты жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Сонымен қатар, оқушылардың бай рухани мәдениетін қалыптастыруға, ұлттық сана сезімін, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін санасына сіңіруге міндетті.

Орта білім беруді дамыту тұжырымдамасының басты мақсаты-оқушылардың талдау, синтездеу, әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік пікір, көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асырудың түрі – сабақ. Сондықтан да, сабақ өтудің тиімді жолдары мен әдістерін қарастыру және оқу процесіне қолдануға лайықталған жаңа инновациялық педагогикалық әдістерді пайдалану мұғалімнің негізгі міндеті болып табылады.

Мұғалім алдына қойған мақсатты жүзеге асыру жолында сан қилы әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана оқушылардың білімге құштарлығын туғызып, терең түсінігін қамтамасыз етеді. Сабақтың темпін, ритмін өзгертіп отыру мұғалімнің шеберлігі мен жұмыс стиліне байланысты шешілетін мәселелер, ал дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер оқушы мен мұғалімге бірдей қолайлы жағдай тудырып, сабақтың сапасын арттыруға түрткі болады. Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд айтқандай: “Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді. Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады”.

Бүгінгі таңда жаңа технологияны оқып-үйрену, әрбір педагогтың шығармашылық ойлауын, инновациялық кәсіби білімі мен шеберлігін жетілдіре түседі. Білім туралы заңға сәйкес мұғалім оқушының мемлекеттік өлшем деңгейінен төмен түсірмей білім беруі тиіс. Ол үшін оқытудың белгілі технологиясын игеріп, оны жүзеге асыра білуі керек. Білім берудің әлемдік кеңістіктегі оқушының үлгерімін, ата-ана мен педагогтар қадағалап, тест арқылы қабілеттерін өлшеп, баланың жеке ерекшелігін ескеру арқылы жүзеге асады.

«Білім мен тәрбие-егіз»-дейміз. Олай болса сауатты білім алу үшін бірінші бала тәрбиесін қалыптастыру керек. Ол үшін не істеу керек? Мектеп табалдырығын аттаған күннен мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы тәртіпті қалыптастыру керек. Тәртіп болған жерде ғана оқушының алған білімі, тәрбиесі

көрінеді. Оқушыларды еркін ұстап, өз ойын ашық айтқызып, ұялшақ болмай, ширақ болуға уйрете отырып, тәртіпті қалыптастыруға болады. Сабаққа дайын болмаған оқушыға қатты зекіп, сөгіс жариялап, ата-анасына жамандап, баланың беделін түсіріп алу деген өз жұмысыңды артқа тартуға әкеп соғады.

Ұлы педагогтардың тәрбие туралы әдісінде балаға сенімді көзбен қарап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді көріп, соны үнемі арқау етіп, сенен жақсы оқушы шығады, сен оны түсіндің, ертең жаттап келіп, жақсы баға аласың деген жылы сөздерді пайдаланып отырсақ, оқушы бойында жауапкершілік қасиет қалыптасып, өзінің оқығанына мұғалім, жан-жағындағы достарының қуанатынына оқушының көзі жетіп, өмірге деген қызығушылығы арта түседі.

Әрбір білікті маман, жаңашыл мұғалім инновациялық ынталық пен табандылыққа үйренуі қажет және өз сенімін оқушыға жеткізе білуі керек. Ұлы неміс педагогы А.Дистервергтің әйгілі «Неміс мұғалімдерінің білім беру ісіне басшылық» атты еңбегінде: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді», - деген.

Мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісін рухани, дамыта отырып, инновациялық ізденіспен жұмыс істеп, білігі мен білімі жоғары ұлағатты болуы керек.

Қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар қоғамның ақпараттық қорын активтеуге және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ал, бұл қоғам дамуының стратегиялық факторы болып саналады. Ақпараттық процестер басқа қоғамдық және өндірістік процестердің маңызды бөлшегі болып табылады, ақпараттық-технологиялар олардың компоненттері.

Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданып, заман ағымына сай еңбек ету-бүгінгі ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Көрнекіліктерді пайдаланып, тірек сызбаларын көрсетіп, интербелсенді тақта мен ғаламтор желілеріндегі ақпарат-деректерді пайдалана отырып сабақ өту-бүгінгі заман талабы. Сонда ғана біз өзіміз тәрбие беріп отырған шәкірттерімізді білім төрінен көре аламыз.

Despite this emphasis, many challenges persist. Students often lack sufficient exposure to the language outside the classroom, and traditional teaching methods, such as rote memorization and grammar drills, fail to engage them effectively. Moreover, the prevalence of digital technology has reshaped learning dynamics. While these tools present new opportunities, they also introduce challenges, such as overreliance on gadgets, which can impede the development of critical thinking and communication skills.

English has become an indispensable global tool for communication, education, and cultural exchange in the modern world. As a lingua franca, it holds the key to academic and professional opportunities, making its mastery essential for students in non-native contexts. In Kazakhstan, English is taught as a foreign language within the education system, but numerous challenges hinder its effective acquisition. Traditional teaching methods often emphasize rote memorization and theoretical knowledge, while opportunities for immersive learning remain scarce. Furthermore, the rapid integration of digital technologies into daily life, while beneficial, has also introduced distractions that complicate the learning process. This essay explores innovative approaches to teaching English as a second language, emphasizing strategies that prioritize communicative competence, interactive learning, and real-life applications.

One of the most pressing challenges in teaching English as a second language is the limited exposure to the language outside the classroom. In many non-English-speaking countries, including Kazakhstan, students rely almost exclusively on formal instruction to develop their linguistic skills. Unlike native environments where learners are immersed in the language through daily interactions, students in Kazakhstan primarily encounter English through textbooks and structured lessons. This restricted exposure limits their ability to develop practical competencies, particularly in listening and speaking, which are crucial for effective communication.

Traditional teaching methods further exacerbate this issue. Language instruction has historically focused on grammar drills, vocabulary lists, and translation exercises, which prioritize accuracy over fluency. While these methods may help students understand

linguistic rules, they often fail to prepare them for real-life communication. This gap between theoretical knowledge and practical usage leaves learners ill-equipped to navigate authentic language contexts, such as conversations with native speakers or professional interactions. Additionally, the monotony of traditional approaches can lead to disengagement, as students struggle to see the relevance of English in their lives.

Motivating students to learn English presents another significant challenge. Many learners perceive the language as an abstract academic requirement rather than a practical skill. This lack of motivation is often rooted in the absence of clear connections between classroom lessons and real-world applications. For example, students who do not plan to travel abroad or pursue careers requiring English proficiency may question its relevance, resulting in reduced engagement and effort. Addressing this motivational gap is critical to fostering a positive attitude toward language learning.

The integration of digital technology has both revolutionized and complicated the process of teaching English. On one hand, interactive tools such as language learning apps, online platforms, and gamified resources have made language acquisition more accessible and engaging. Applications like Duolingo, Quizlet, and Memrise allow students to practice vocabulary and grammar through fun, interactive activities that encourage consistent use. Virtual reality (VR) tools offer immersive experiences, enabling learners to practice conversations in simulated environments, such as a virtual café or airport. These technologies cater to diverse learning styles, making English more approachable for students with varying levels of proficiency.

On the other hand, the proliferation of gadgets and digital distractions can undermine the learning process. Students may become overly reliant on technology, using it as a crutch rather than a tool for genuine skill development. For instance, while translation apps can be helpful in decoding unfamiliar phrases, overuse may prevent learners from developing the critical thinking and problem-solving skills necessary for language mastery. Striking a balance between leveraging technology and fostering independent learning is essential for effective instruction.

Innovative approaches to teaching English as a second language emphasize practical, student-centered methodologies that prioritize communication and engagement. Communicative Language Teaching (CLT) is one such approach, focusing on real-life communication rather than theoretical knowledge. CLT encourages students to participate in dialogues, role-playing activities, and group discussions, helping them build confidence and fluency in various contexts. For example, simulating a job interview or planning a mock

trip abroad allows students to practice language skills in scenarios they are likely to encounter in the future.

Task-based and project-based learning further enhance students' ability to use English in meaningful ways. Task-based learning involves assigning students practical tasks, such as writing an email, creating a shopping list, or preparing a speech. These tasks require learners to think critically and apply their language skills to solve problems or achieve specific goals. Similarly, project-based learning allows students to explore topics of interest while developing their linguistic abilities. For instance, a project on environmental issues might involve researching articles, preparing a presentation, and writing a report—all in English. These methods not only improve language proficiency but also promote collaboration, creativity, and critical thinking.

Cultural integration is another powerful strategy for engaging students in language learning. Language and culture are deeply interconnected, and understanding cultural nuances enhances learners' ability to communicate effectively. Teachers can introduce students to English-speaking cultures through music, films, literature, and traditions, fostering interest and contextual understanding. For example, discussing cultural norms or exploring the history of a particular holiday helps students grasp the social and cultural dimensions of language use. This approach not only enriches their learning experience but also prepares them for cross-cultural communication.

Effective teaching also requires adaptability to meet the diverse needs of learners. Differentiated instruction is a key strategy for addressing varying proficiency levels within a classroom. By tailoring lessons to individual abilities, teachers can ensure that all students progress at their own pace. Advanced learners may be given complex tasks, such as analyzing a literary text, while beginners focus on foundational skills like constructing simple sentences. Grouping students by skill level for specific activities further enhances the efficiency of instruction, allowing teachers to provide targeted support and challenge where needed.

Assessment plays a crucial role in evaluating students' progress and refining instructional strategies. Formative assessments, such as quizzes, journal entries, and oral presentations, provide ongoing feedback that helps learners identify their strengths and areas for improvement. Summative assessments, including final exams and standardized tests, measure overall achievement and ensure that educational objectives are met. Alternative assessment methods, such as portfolios, peer reviews, and self-assessments, encourage students to take an active role in their learning journey. These approaches

promote reflection and foster a sense of ownership over the learning process.

In conclusion, teaching English as a second language in today's dynamic environment requires innovative approaches that go beyond traditional methods. By integrating interactive technologies, fostering communicative competence, and emphasizing real-life applications, educators can create engaging and effective learning experiences. Addressing challenges such as limited exposure, lack of motivation, and technological distractions is essential to supporting students' linguistic and personal development. With the right strategies and resources, English can become more than an academic requirement—it can be a gateway to new opportunities and global connections. Educators must continue to adapt their methods to meet the evolving needs of learners, ensuring that English remains a vital tool for success in an interconnected world

Conclusion

Teaching English as a second language requires an adaptive and innovative approach to meet the needs of diverse learners in a rapidly changing world. Traditional methods, while foundational, often fail to equip students with the practical skills necessary for effective communication. By integrating modern technologies, emphasizing communicative and task-based learning, and fostering cultural awareness, educators can create engaging and meaningful learning experiences. These approaches not only enhance linguistic competencies but also nurture critical thinking, creativity, and motivation. Addressing challenges such as limited exposure, lack of engagement, and technological distractions is critical to ensuring student success. With the implementation of innovative strategies and continuous professional development for teachers, English education can empower learners to thrive in a globalized society, unlocking opportunities for personal and professional growth.

References

1. Harmer, J. (2007). *The Practice of English Language Teaching*. Pearson Education.
2. Richards, J.C., & Rodgers, T.S. (2014). *Approaches and Methods in Language Teaching*. Cambridge University Press.
3. Brown, H.D. (2007). *Principles of Language Learning and Teaching*. Pearson Education.
4. Lightbown, P.M., & Spada, N. (2013). *How Languages Are Learned*. Oxford University Press.
5. Nation, I.S.P., & Newton, J. (2009). *Teaching ESL/EFL Listening and Speaking*. Routledge.

6. Duolingo [Online Resource]. Available at: www.duolingo.com
7. Reinders, H., & Benson, P. (2017). Research on technology in language education: Trends and challenges. *Language Teaching*, 50(4), 479-492.
8. Ellis, R. (2003). *Task-Based Language Learning and Teaching*. Oxford University Press.
9. Thornbury, S. (2005). *How to Teach Speaking*. Pearson Education.
10. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (2022). *Educational Standards for Secondary Schools*.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ТӘСІЛДЕРІ

Жармухамбетова Ж.Б

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Әлихан Бөкейхан атындағы

№15 тірек мектеп-лицейінің, ағылшын тілін пәні мұғалімі

E-mail: kam.ns@mail.ru

Аңдатпа

XXI ғасыр – білімділер мен зеректер ғасыры, дарындылар мен таланттар ғасыры. Дарынды балалар – ғылым, техника, өнер секілді жалпы және арнайы қабілеттерін ерте жастан көрсететін ерекше балалар. Дарындылық деңгейі баланың құрдастарынан озық ақыл-ой дамуымен анықталады. Ерте дамыған және ерекше жетістіктерге жеткен балалар вундеркиндтер деп аталады, алайда бұл болашақ таланттың кепілі бола алмайды. Дарындылықтың қалыптасуы баланың кемелдену қарқыны мен жас ерекшеліктеріне тәуелді. Дарындылықтың дамуына отбасының құрылымы, эмоционалдық ахуалы және ата-анамен қарым-қатынас стильдері үлкен ықпал етеді. Отбасының бала дарындылығына оң көзқарасы, ата-ананың жылылығы мен сүйіспеншілігі маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, балаға күш көрсету немесе қатты бақылау сияқты әдістер дарынды тұлғаның дамуын тежейді. Осылайша, дарынды балаларды дамыту үшін қолдау көрсету және дұрыс қарым-қатынас орнату қажет.

Түйін сөздер: Дарынды балалар, дарындылық, отбасы рөлі, бала мен ата-ана қарым-қатынасы, дарынды тұлға.



XXI ғасыр – білім мен зеректіліктің, дарын мен таланттың ғасыры. Ғалымдардың айтуынша, дарынды балалар – ғылым, техника, өнер және басқа да салаларда ерекше қабілеттерін ерте жастан көрсеткен балалар. Дарындылық деңгейі баланың ақыл-ойының даму қарқынының өз құрдастарынан жоғары болуымен анықталады. Ерекше жетістіктерге жеткен мұндай балаларды «вундеркиндылар» деп атайды. Алайда, баланың қазіргі жетістіктері оның болашақтағы талантты болуына кепілдік бере алмайды. Дарындылықтың дамуы баланың жас ерекшеліктері мен кемелдену қарқынына байланысты.

Дарынды балалардың қалыптасуында отбасының рөлі зор. Отбасының құрылымы, эмоционалдық ахуалы, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас стилі – дарындылықтың дамуына ықпал ететін маңызды факторлар. Көптеген зерттеушілер балаға жылылық, қолдау, сүйіспеншілік көрсету оның дарындылығын ашуға септігін тигізеді деп санайды. Ал, қатал бақылау немесе қысым көрсету дарынды тұлғаны дамытуға мүмкіндік бермейді.

Дарынды балалар шығармашылық қиялының тереңдігімен, есептерді шешуде ерекше тәсілдер қолдануымен және әзіл сезімінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Олар аз ұйықтап, энергиясы мол болады, алайда эмоционалды тұрақтылық кейде жетіспей жатады. Сондықтан мұндай балаларды дұрыс бағыттап, оларды еңбекқорлыққа, тұрақтылыққа және өз бетінше шешім қабылдауға үйрету маңызды.

Дарынды балаларды дамыту үшін шығармашылыққа қолайлы жағдай жасап, кеңейтілген оқу жоспарларын қолдану қажет. Олар мұғалімнің ерекше назарын сезінуі керек, себебі бұл дарынды баланың өзін сенімді сезінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, дарынды балалардың шығармашылық әлеуетін ашу үшін жеке жұмыспен айналысуға, ғылыми жобаларға қатысуға және өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беру керек.

Дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімнің рөлі ерекше. Ол тек білім беруші емес, баланың жеке қабілеттерін ашуға көмектесетін тәлімгер болуы тиіс. Мұғалім оқушының өзіндік дамуына, шығармашылық ойлауына және өзіндік бағалауына көп көңіл бөлуі қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын ұсынып, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы бар мемлекетке айналдыруды мақсат еткен болатын. Елбасымыздың «Бізге керегі – шын

дарындар» деген сөзі дарынды балаларды қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Дарынды жастар – еліміздің жарқын болашағының негізі. Оларды қолдап, дамыту – біздің ортақ міндетіміз.

Күнделікті сабақтың қысқа мерзімді жоспарларын әзірлеуде Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында берілген жалпы білім беру мазмұнының базалық құндылықтары мен жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарын кіріктіру ұсынылады. Мысалы, Қазақстан тарихын оқытуда еліміздің ұлттық мұрасы мен мәдениетіне құрметпен қарауды дәріптеу немесе әдебиетті оқыту барысында шығармаларды талдау арқылы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға басымдық беру, географияны оқыту барысында табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарау және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдану еліміздің тұрақты дамуы үшін маңызды екендігін дәріптеу ұсынылады.

Сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

- ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын негізге алып әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

Сонымен қатар жаңа оқу жылының тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Төле бидің 360 жылдық, Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдық, Музафар Әлімбаевтың 100 жылдық, Халел Досмухамедовтың 140 жылдық, Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық, Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдық, Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық, Шәкен Аймановтың 110 жылдық, Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерей тойларына назар аудару қажет.

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып іс-шаралардың мазмұнын білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісу ұсынылады.

Осынау ауқымды шаралардың нәтижелі жүзеге асып, сапалы орындалуы, ең бастысы – мекеменің имиджін көтеру, танымалдылығын арттыру, бәрі де

орталық мамандарының ынтымақтастығына, жаңашылдығына, үндестігіне, ғылыми әлеуетіне, шығармашылығына тікелей байланысты болмақ.

Барлық айтылған ойларымыздың түйіні – жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі әр қадамымызды бүгінгі және келешек ұрпақтың өміріне әсер ететін қандай да бір проблемаларды шешуге байланысты білім, білік, көзқарастар үйлесіміне ерекше мән беруіміз керек. Өйткені, бұлар – ғаламдық құзіреттер. Қазіргі әлемдік проблемалар біздің жеке емес, сол әлемдегі құбылыстармен санаса өмір сүруіміздің қажеттілігін де айқындап отыр.

Түйіндеп айтатын болсам, «қолымызды мезгілінде дөп сермеуіміз керек». Өйткені Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – білім беру мекемелері, ата-ана, қоғам, яғни баршамыздың парызымыз. Бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысу қажет.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діндегі десек те болады

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсінуіміз және түсіндіруіміз қажет.

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік

ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді.

Ұлы Абай айтқандай, «толық адам» келбетіне жету –түпкі нәтижені меңзейді. Тәрбие – бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс. Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз емеспа?

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бала-ертеңгі азамат. Оны тәрбиелеп, биік шыңдарға жеткізу, мемлекеттің мүддесіне өзі жететіндей етіп қалыптастыру педагог қауымының бірден-бір мемлекеттік үлесі деп білемі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы. – Астана: Қазақстан Республикасының Президентінің ресми сайты, 2010.
2. Жүсіпов Ж. Дарынды балаларды анықтау және дамыту. – Алматы: Білім баспасы, 2019.
3. Мұқанов М.М. Ақыл-ой және шығармашылық дамуы. – Алматы: Қайнар, 2017.
4. Сейітбекова Г.Е. Балалар психологиясы: оқулық. – Алматы: Рауан, 2020.
5. Айтқұлова Ә.Б. Дарынды балалармен жұмыс әдістемесі. // Педагогика және психология журналы. №4, 2021, 45-53 б.
6. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Дарынды балаларды қолдау туралы бағдарлама. – Нұр-Сұлтан: ҚР БҒМ, 2022.
7. Тәжібаев Т.Қ. Отбасы тәрбиесіндегі психологиялық негіздер. – Алматы: Мектеп, 2018.
8. Sternberg R.J. Giftedness: Nature and Development. – Cambridge University Press, 2015.
9. Gagné F. Differentiated model of giftedness and talent. – Educational Research Review, 2004.
10. Renzulli J. Identifying gifted students using a three-ring conception of giftedness. – Journal of Advanced Academics, 2005.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Султанова З.В.

Жамбыл облысы , Тараз қаласы
КММ « №13 орта мектеп» Бастауыш сынып мұғалімі
E-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Ойын – балалардың шынайы және ойдан шығарылған әлемге еркін еніп, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Сонымен қатар, ойын баланы білім алуға және еңбекке баулиды. Ойын технологиясының басты мақсаты – оқушыларға жаңа білім мен дағдыларды игерту және оларды зерттеу жұмыстарына бағыттау. Бұл технология оқушылардың қызығушылығын оятып, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырады, ұлттық ойындар арқылы салт-дәстүрді үйретеді. Қазіргі заман талабына сай, білім беру үрдісінде ойын технологияларын қолдану арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

Кілт сөздер: Ойын технологиясы, шығармашылық, білім беру, ұлттық ойындар, зерттеушілік қабілет, оқушы белсенділігі.



Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – тек қана ермек емес, сонымен қатар оқу мен тәрбиенің ең тиімді құралдарының бірі. Ойын балалардың шынайы және ойдан шығарылған әлемге еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің арқасында балалар білім алуға, еңбекке, және қоғамда өз орнын табуға дайындалады. Осы орайда, қазіргі білім беру жүйесінде ойын технологиясы ерекше орын алады. Бұл әдіс оқушылардың танымдық қабілеттерін, шығармашылығын дамытуға бағытталған.

Ойын технологиясының басты мақсаты – оқушылардың жаңа білім мен дағдыларды игеруін қамтамасыз ету, олардың өзіндік ойлауын дамыту, және зерттеушілік қабілеттерін қалыптастыру. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушылары үшін ойын технологиясының артықшылықтары, құрылымы, және тиімділігі талқыланады.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда ойынның маңызы зор. Психологтар мен педагогтардың зерттеулеріне сәйкес, ойын арқылы оқушылардың ойлау қабілеті, логикалық пайымдауы, және шығармашылық қабілеттері айтарлықтай дамиды. Мәселен, А.С. Макаренко: *«Ойын – балалардың өміріндегі маңызды құбылыс. Ол болашақ қайраткерлер мен еңбекқор тұлғаларды тәрбиелеудің негізі»*, – деп атап көрсеткен.

Ойын оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділігін оятады. Әсіресе, төменгі сынып оқушылары үшін ойын оқу мен еңбектің ең ұтымды үйлесімі болып табылады. Сабақ барысында ойын түрлерін қолдану оқушылардың материалды тереңірек түсінуіне және оны ұзақ уақыт есте сақтауына ықпал етеді.

Ойын технологиясының ерекшеліктері

Ойын технологиясының негізгі ерекшелігі – оқыту процесінде балама тәсілдерді қолдану арқылы міндеттерді шешуге мүмкіндік беру. Бұл әдіс тек білім алуды жеңілдетіп қоймай, оқушылардың тәртібі мен өзіндік ойлау қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді. Мысалы, ойын арқылы оқушылар:

- Қисынды ойлауды дамытады;
- Өзіндік жұмыс істеуге үйренеді;
- Сөздік қорын байытып, тілдік дағдыларын жетілдіреді;

- Байқампаздық пен шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Ойын құрылымының элементтері

Ойын құрылымының негізгі элементтері:

1. **Түпкі ниет** – ойынның мақсаты мен мазмұнын анықтайтын негізгі идея. Мысалы, «Дүкен», «Аурухана», немесе «Мектеп» ойыны.

2. **Сюжет және мазмұн** – ойынның жан-жақты құрылымы, әрекеттер мен қарым-қатынастарды сипаттайды.

3. **Рөлдер** – балалардың белгілі бір рөлдерді ойнау арқылы өмірлік жағдайларды игеруі.

4. **Ережелер** – ойынның тәртібін қамтамасыз етеді және балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін реттейді.

Осы элементтер бір-бірімен тығыз байланыста болып, балалардың оқу процесіне толыққанды араласуын қамтамасыз етеді.

II. Бастауыш сыныпта ойын технологиясын қолдану

Сабақтағы ойынның рөлі

Сабақ барысында ойын әдісін қолдану оқушылардың білім алуын жеңілдетеді және олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Ойын тек білім беру құралы ғана емес, сондай-ақ тәрбие құралы болып табылады. Мысалы, ұлттық ойындар арқылы балаларды салт-дәстүрге баулуға болады.

Ойынның түрлері

Бастауыш сыныптарда қолданылатын ойын түрлері:

1. **Дидактикалық ойындар** Бұл ойындар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мысалы, «Сөздерді тап» ойыны оқушылардың сөздік қорын байытып, олардың тіл байлығын арттырады.

2. **Логикалық ойындар** Логикалық ойындар балалардың ойлау қабілетін дамытып, зейінін шоғырландыруға көмектеседі. Мысалы, жұмбақтар мен логикалық есептер арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеті дамиды.

3. **Рөлдік және сюжеттік ойындар** Бұл ойындар оқушыларды шынайы өмірлік жағдайларға дайындауға бағытталған. Мысалы, «Дүкен» ойыны оқушыларды сауда жасауға және қарым-қатынас орнатуға үйретеді.

4. **Ұлттық ойындар** Ұлттық ойындар арқылы оқушылар қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін меңгереді. Мысалы, «Асық ату» немесе «Тоғызқұмалақ» ойындары ұлттық құндылықтарды насихаттайды.

Сабақ барысында ойынның қолданылуы Сабақта ойын элементтерін

қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Мұғалімдер ойынның мақсатын, ережесін, және мазмұнын алдын ала дайындап, оны тиімді түрде сабаққа енгізуі тиіс. Мысалы:

- «Синтаксистік касса» ойыны оқушыларды грамматиканы меңгеруге үйретеді.

- «Сиқырлы ағаш» ойыны сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамытады.

Ойындар сабақтың әр кезеңінде қолданыла алады: жаңа тақырыпты түсіндіруде, бекітуде, немесе қайталау сабақтарында.

Ойындар оқушылардың тіл байлығын арттырып, олардың өз ойларын еркін жеткізе алу қабілеттерін дамытады. Мысалы, «Сөзжұмбақ» немесе «Диалог» ойындары оқушыларды өзара пікір алмасуға және бір-бірін тыңдауға үйретеді.

Шығармашылық құзыреттілік

Шығармашылық қабілеттерді дамытуда рөлдік және сюжеттік ойындардың маңызы зор. Оқушылар өз қиялдарын іске қосып, түрлі жобалар мен макеттер жасайды. Мысалы, «Біздің үйіміз» ойыны арқылы оқушылар өз армандарындағы үйдің сызбасын жасап, оны топтық жұмыс ретінде қорғайды.

Ойын – баланың дамуы мен тәрбиесінде маңызды рөл атқаратын педагогикалық құбылыс. Ойын арқылы балалар тек көңіл көтеріп қана қоймай, қоғамдық қатынастарға бейімделіп, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды, әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениетін меңгереді. Бұл үдеріс олардың рухани, адамгершілік қасиеттерін жетілдіріп, шынайы коммуникативті ортаға енуіне мүмкіндік береді. Коммуникативті іс-әрекеттердің ойын барысында көрініс табуы – баланың тілдік және әлеуметтік дағдыларын дамытудағы басты құралдардың бірі.

Сонымен қатар, ойындар баланың интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытып, әртүрлі қиындықтарды жеңуіне ықпал етеді. Ойын барысында бала өзін әр қырынан танытып, жеке тұлға ретінде қалыптасады. Мысалы, логикалық ойындар арқылы оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттері дамиды. Ал шығармашылық ойындар олардың қиялын, эстетикалық талғамын арттырады. Командалық ойындар бірлесіп жұмыс істеуге, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға үйретеді.

Ойынның сабақтағы маңыздылығын ерекше атап өту қажет. Кез келген ойын түрлерін оқу үрдісіне енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығы мен

белсенділігін арттыруға болады. Мұндай тәсіл олардың дүниетанымын кеңейтіп, өздігінен әрекет ету дағдысын қалыптастырады. Ойын арқылы оқушының ой-өрісі дамып, білімді терең меңгеруге деген құлшынысы артады. Осылайша, артта қалып қойған, оқуға енжар немесе мектептен қорқатын оқушылардың өзін ойынға тарта отырып, олардың білім алуға деген қызығушылығын оятуға болады.

Ойын барысында баланың қоршаған ортаны танып-білуі, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері де қалыптасады. Ойын – баланың жан-жақты дамуының басты кілті. Бұл туралы белгілі педагог В.А. Сухомлинский:

> «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімін, өзін қоршаған дүние туралы ұштастырады. Білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», – деген болатын.

Қорыта айтқанда, ойын – оқушының жан-жақты дамуына, оның танымдық және әлеуметтік белсенділігін арттыруға арналған таптырмас құрал. Сабақта ойын түрлерін тиімді қолдану арқылы оқушыларды қызықтыра отырып, олардың білім деңгейін арттыруға үлкен мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ойын технологиясының ерекшеліктері // Интернет ресурстары.
2. Педагогика жаршысы журналы. – №4, 2010; №3, 2020 ж.
3. 12 жылдық білім журналы. – №4, 2021 ж.
4. Калмыкова Е.В. Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту. – 2002.
5. Буланов С. Құзыреттілік және ойын технологиясы.
6. Креативтілікті дамытудағы ойын технологиясы // Интернет ресурстары.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Абдигапарова А.Б.

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Байзақ ауылы
№4 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
E-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай жасалған, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыруға бағытталған инновациялық жүйе. Бұл бағдарлама оқушылардың танымдық қызметіне оң әсерін тигізіп, олардың оқу материалдарын терең түсінуіне және талдауына мүмкіндік береді. Бағдарлама аясында топтық жұмыс әдістерін қолдану оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, олардың зерттеу қабілеттерін дамытады және алынған білімнің тұтастығы мен жүйелілігін арттырады. Сонымен қатар, топтық жұмыстардың арқасында оқушылар арасында ынтымақтастық пен өзара қолдаудың маңызы артып, олардың тұлғалық және әлеуметтік дағдылары қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, олардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға негізделген.

Түйінді сөздер: жаңартылған білім беру бағдарламасы, топтық жұмыс, танымдық белсенділік, зерттеу қабілеті, білім беру инновациясы, оқушылардың ынтымақтастығы.



Қазақстанның білім беру жүйесі қарқынды жаңғыру кезеңін бастан өткеріп, заманауи талаптарға сай білім беру бағдарламаларын енгізуді қолға алды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – бұл оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, олардың өмір бойы оқуға және өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін тиімді әдіс. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, өздігінен шешім қабылдауға, топтық жұмыс барысында тиімді қарым-қатынас жасауға және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету. Осы бағдарламаның басты ерекшелігі – оқушының жеке қажеттіліктерін ескеріп, оқу үдерісін шығармашылық, зерттеушілік, танымдық қабілеттерін дамытуға бағыттау.

Бағдарламаның маңызды элементтерінің бірі – топтық жұмыс әдістерін қолдану. Бұл әдіс арқылы оқушылар белсенді түрде зерттеу, талдау және ақпаратты қолдану дағдыларын меңгереді. Топтық жұмыстар білім алушылардың бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын дамытып, оларды болашақта қоғамдағы күрделі мәселелерді ұжымдық талқылау мен шешуге даярлайды. Сонымен қатар, бұл әдіс әр оқушының оқу үдерісіне белсене қатысуына мүмкіндік береді, олардың өзара қолдау көрсетіп, бір-бірінің пікірін құрметтеуді үйренуіне жағдай жасайды. Жаңартылған бағдарлама аясында оқыту үдерісіне енгізілген әдістер оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді және білімнің қолжетімділігін, тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.

- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.

Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.

- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам.3.

Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.

- Топтық сананы құру амалдары:

Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.

- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:

- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;

- басқаруға қатысу.Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?”Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;

- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы Қазақстандағы білім беру жүйесінің заман талабына сай трансформациялануының маңызды бөлігі болып табылады. Бұл бағдарлама оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың оқу материалдарын терең түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, топтық жұмыс әдістерінің енгізілуі оқушылардың коммуникативтік, сыни ойлау және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етті. Бағдарлама оқушыларды тек білім алушы ғана емес, сонымен қатар шығармашылықпен ойлайтын, жауапкершілікті сезінетін, қоғамға пайдасын тигізе алатын тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді.

Осылайша, жаңартылған білім беру бағдарламасы оқыту үдерісін барынша тиімді етуге бағытталған заманауи шешім болып табылады. Бұл бағдарлама аясында оқушылар алған білімдерін өмірде қолдана алуға бейімделіп, олардың жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуында жаңа мүмкіндіктер ашылады. Болашақта бұл бағдарлама Қазақстандағы білім беру жүйесінің одан әрі дамуына және халықаралық деңгейде танылуына негіз болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
2. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар. – Астана, 2006.
3. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары: оқу әдістемелік құрал. – Алматы, 2000.
4. Райысов У. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. // Бастауыш мектеп. – 2004.
5. Қожагелдиева С., Нұртазаева Н. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі. // Бастауыш мектеп. – 2009. – №4.
6. Әлімов А.Қ., Қосанов Б.М., Базарбекова Р.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдеріне: Интербелсенді әдістеме. – Алматы, 2010.
7. Педагогикалық ізденіс. – Алматы: Рауан, 1990.
8. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – Алматы: Мектеп, 1981.

ҮЙДЕ ГИДРОПНИКА ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БӘРІН ӨСІРУГЕ БОЛАДЫ

Жақсылықкеліні Ұ.А.

№89ІТ мектеп-лицейінің
биология пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.
E-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Гидропоника – өсімдіктерді жасанды ортада, топырақсыз өсірудің тиімді әдісі. Бұл әдіс арқылы өсімдіктер қажетті қоректік заттарды дәл мөлшерде және пропорцияда арнайы дайындалған ерітінділерден алады. Гидропоника әдісі ауыл шаруашылығының болашақ технологиясы ретінде қарастырылып, сапалы топырақ жетіспеушілігі, азық-түлік тапшылығы және ауыз судың үнемді пайдаланылуы сияқты өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, ол шектеулі алаңда көп өсімдік өсіруге мүмкіндік береді, ал су мен минералды тыңайтқыштар бірнеше рет қолдану арқылы үнемделеді. Бұл зерттеуде гидропониканың әртүрлі әдістері мен оларды қолдану үшін заманауи материалдар қарастырылады. Сонымен қатар, гидропоника мен топырақта өсіру әдістерінің айырмашылықтары талданып, өсімдіктердің өнімділігіне тигізетін әсері салыстырылады. Зерттеу нәтижесінде гидропоника технологиясының тиімділігі дәлелденіп, оның экологиялық және экономикалық тұрғыдан артықшылықтары айқындалды.

Түйінді сөздер: *гидропоника, топырақсыз өсіру, қоректік ерітінді, ауыл шаруашылығы технологиясы, экологиялық тиімділік, заманауи әдістер.



Гидропоника (гр. *hydor*— су, *ponos* — жұмыс)-жасанды ортада топырақсыз өсімдіктерді өсіру тәсілі Ол қоректік заттарды судағы ерітіндіден алады. Топырақсыз өсімдікті өсірудің бірнеше тәсілі бар. Әртүрлі жабық, ашық грунттарда бұрыш,гүл, қияр, жидек,қызанақ, жүзім, салат өсіруде қолданылады. Гидропоникада пайдаланатын сұйықтықтар яғни ертінділер құрамы өсімдіктердің биологиялық қасиетіне қарай әр түрлі болады.Өсімдік тамыры сұйық ерітіндіде ауытқымай тұру үшін әр түрлі керамзит,құм және т.б. пайдаланылады. қажетті ауа өсімдікке желдеткіш арқылы беріліп тұрады.

Гидропоника– өсімдіктерді топырақсыз жасанды ортада өсіру екендігі айқындалды– Өсімдік өзіне қажетті қоректік заттарды сулы ерітіндіден алады. Онда өсімдік тамыры арнайы дайындалған субстратта (топырақ орнына қолданылатын заттар) орналасады. Гидропониканың бірнеше түрі бар: су дақылды. Гидропоника – тамыр жүйесінің тіршілік ортасы – минералдық тұздардың судағы ерітіндісі; агрегатопоника – қатты агрегатты субстратта (қиыршықтас, керамзит,вермикулит, шлак,материалдар) дақыл өсіру; хемопоника –менералдық тыңайтқыштардың ерітіндісімен ылғалдандырылатын органик. субстратта дақыл өсіреді. Тамыр жүйесінің тіршілік ортасы – борпылдақ органик материалдары қолданылады. Гидропониканың артықшылығы: бір қалыпты қоректендіру мүмкіндігі, автоматиканы кеңінен пайдалануға болады, бұл әдіспен өндірілетін көкөніс дақылдары топырақта өсірілетін дақылдарға қарағанда өнімді ертерек береді

Жалпы өнімділігі де жоғары болады. Кемшіліктері: қоректік ерітінді жасап, оны жылыжайдағы өсімдікке беретін механизмдер мен құрал-жабдықтар қымбатқа түседі.

Гидропоника сапалы топырақтың жетіспеушілігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Гидропониканы қолдану топырақты өңдеуге, арамшөптер мен зиянкестерден қорғауға арналған қаржылық шығындарды төмендетеді, шектеулі отырғызу алаңында өсімдіктердің көп санын өсіруге мүмкіндік береді. Су мен минералды тыңайтқыштар оларды бірнеше рет пайдалану есебінен ұтымды жұмсалады.

гидропоника әдісін зерттеу, сондай-ақ мустанг қыша жапырығының топырақ және топырақтық өсіру әдістерін талдау және салыстыру болып табылады.


Гидропоника-бұл өсімдіктерді жасанды ортада топырақсыз өсіру тәсілі. Мұнда өсімдіктер қажетті қоректік заттарды қажетті мөлшерде және дәл пропорцияда ерітіндіден (судан) алады. Гидропониканы көптеген ғалымдар адамзатқа азық-түлік пен ауыз судың жетіспеуі мәселесін шешуге көмектесетін болашақ технологиясы деп санайды. Бұл жұмыста гидропоника әдістерін қолдана отырып, өсімдіктерді өсіру үшін субстрат ретінде қандай заманауи материалдарды қолданатындығымызды қарастырамыз.

Көптеген өсімдіктер өсірілгенмен, олар әдетте, қолданылатын сыйымдылықтар көлемінің шектеулігіне байланысты топырақтан, өз дамуына қажетті минералдық заттарды алмайды. Іс жүзінде мұндай шектеу барлық өсімдіктердің дамуына өте теріс әсер ететіндіктен, жиі қоректендіруге және қайта отырғызуға мәжбүрлік туындайды. Осы кедергіден шығу жолы, тек гидропон әдісіне өту.

Ежелгі уақыттан бастап пайдалы дақылдар жерде өсірілді. Бірақ, белгілі болғандай, топырақ уақыт өте құнарсызданып кетеді, ал минералды құрамды жаңарту үшін уақыт қажет оның үстіне, адамзаттың қажеттіліктерімен мұны жасау өте қиын. Мұндай тұрақты өсіру, отырғызулар кезіндегі тыңайтқыштың молдығы, көптеген елдерде топырақтың тек қана зиянды заттармен қанығуына алып келді және құрамында да пайдалы ештеңе жоқ.

Гидропоника сапалы топырақтың жетіспеушілігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Гидропоника-бұл топырақсыз түрлі дақылдарды өсіру. Оны жүзеге асыру үшін арнайы құрылыстар, үлкен және кіші көлемдегі құрылымдар – олар қандай дақылдарға, санына және қайда пайдаланылуына байланысты жасалады. Гидропоника өсуді жеделдетуге және алынатын дақылдардың сапасын арттыруға бағытталған. Бұл көбінесе қоректік ерітіндісі (немесе су) бар ыдыс сияқты, ол тормен немесе көшеттің астындағы тесіктері бар пенопластпен жабылған.

Торға кокос талшығы, шымтезек, мүк, керамзит, вермикулит сияқты субстрат салынады. Бұл субстратқа өсімдіктер тұқымын себеді. Түбектегі дақыл өсеу үшін тор және субстраттың өзі қоректік ерітіндімен (немесе сумен) суланады. Егер пенопласт пайдаланылса, онда субстрат қажет емес, өйткені жасалған тесіктерден, тамырлары суға тиіп тұрадындай, ал сабақтары пенопласт үстінде болатындай етіп көшеттерді түсіреді



Үйде гидропоника әдісі арқылы бәрін өсіруге болады

Үйде гидропоника сияқты технологияның көмегімен, жаңа асқөктер күн сайын үстелде болады. Гидропониканың үйде өсімдік өсіру әдістерінің барлық басқа әдістер арасында маңызды орын алуға лайықты. Өз қолдарымен өсірілген өсімдіктер-экологиялық таза өнім.

Гидропонды өсіру әдетте өсу факторларын (температура, жарық, ылғалдылық, қоректік заттар мен су) барынша бақылау үшін жылыжай шаруашылықтарымен үйлеседі. Салатты гидропоника өсіру коммерциялық және үй өндірушілері үшін де танымал іс болып табылады: оны бақыланатын ортада жыл бойы өнім өсіруге болады.

Өсімдіктер морфологиясы, фитоморфология, өсімдіктердің жеке және Эволюциялық-тарихи дамуындағы қалыптасу процестері мен құрылысының заңдылықтары туралы ғылым. Ботаниканың маңызды бөлімдерінің бірі. Морфологиялық зерттеулердің негізгі әдістері — сипаттау, салыстырмалы және эксперименттік. Біріншісі органдардың нысандары мен олардың жүйелерінің сипаттамасынан тұрады (органография). Екіншісі-сипаттама материалының жіктелуінде; сондай-ақ ағза мен оның мүшелерінің жас өзгерістерін зерттеуде (салыстырмалы-онтогенетикалық әдіс), ағзалардың эволюциясын әртүрлі жүйелі топтардың өсімдіктерінде салыстыру арқылы анықтау кезінде (салыстырмалы-филогенетикалық әдіс), сыртқы ортаның әсерін зерттеу кезінде (салыстырмалы-экологиялық әдіс) қолданылады. Соңғы, үшінші-эксперименттік әдістің көмегімен жасанды түрде сыртқы жағдайлардың бақыланатын кешендері құрылады және оларға өсімдіктердің морфологиялық реакциясы зерттеледі, сондай-ақ хирургиялық араласу арқылы тірі өсімдіктер мүшелерінің арасындағы ішкі өзара байланыс зерттеледі.

Жапырақ-бұл ең маңызды функциялары фотосинтез, газ алмасу және транспирация болып табылатын өсімдіктердің жоғары вегетативті бүйірлік

органы. Фотосинтез процесінде күннің сәулелі энергиясы органикалық қосылыстардың химиялық байланыстарының энергиясына айналады. Газ алмасу арқасында атмосферадағы O_2 және CO_2 шоғырлануының салыстырмалы тұрақтылығы сақталады, аэробты организмдердің өмір сүруіне жағдай жасалады. Транспирация жапырақтың судың әсерінен булануы. Ол су, минералды және органикалық заттардың қозғалу механизмдерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, жапырақ қоректік заттардың қорына, метаболизм өнімдерінің бөлінуіне, көбеюіне қатысады.

Түскен жапырақтар тамырларды мұздатудан қорғайды, ал шіріген кезде топырақты қоректік заттармен байытады. Жапырақтары биоценоздағы тамақтану тізбегінде үлкен маңызға ие. Олардың ішінде көмірсулар, ақуыздар, фосфолипидтер, микроэлементтер, витаминдер және басқа да пайдалы заттардың болуы арқасында олар жануарларға арналған құнды Жем, микроорганизмдер үшін қоректік орта болып табылады. Көкөніс жапырақтары (қырыққабат, салат, пияз, шпинат және т.б.) және пряновкус өсімдіктері (Райхан, майоран, ақжелкен, балдыркөк және т. б.) кулинарияда кеңінен қолданылады. Қытайда, Үндістанда, Цейлонда және кейбір басқа елдерде шай жапырағын өндіру ауыл шаруашылығының әлемдік экономикасында баға жетпес мәнге ие. Талшықтар парақтың маңызды бөлігі болып табылады. Анатомиялық жағынан олар парақты сумен, минералды және органикалық заттармен қамтамасыз ететін, сондай-ақ парақтан ассимиляция өнімдерінің әкетілуін қамтамасыз ететін өткізуші бумалар болып табылады.

Тамыры-бұл субстратта өсімдікті нығайту және одан су мен ерітілген минералды заттарды сіңіру үшін қызмет ететін өсімдіктің орталық мүшесі. Бұдан басқа, тамырында әртүрлі органикалық заттар синтезделіп, содан кейін ксилема тамырлары бойынша өсімдіктердің басқа мүшелеріне беріледі немесе тамырдың өзінде қалады. Жиі ол қосалқы қоректік заттарды сақтау орны болып табылады. Тамырдың негізгі функциялары: тірек функциясы-өсімдікті топырақта бекітеді, судың және онда ерітілген минералдық заттардың топырақ ерітіндісінен сіңіруі, органикалық заттардың синтезі-тамыр жасушаларында өсімдіктер үшін маңызды қосылыстар (алкалоидтар, гормондар, аминқышқылдары) пайда болады, қоректік заттардың қоры тамыры-крахмалды, майды, вегетативтік көбеюді жинақтайды. Тамыр бөлшектерімен,

бактериялармен, саңырауқұлақтармен симбиозды жүзеге асырылуы мүмкін. береді.



Нәтижесінде гидропоника өсімдіктерді өсіру жағдайларын реттеуге мүмкіндік береді тамыр жүйесі үшін қоректену режимін құруға, ол өсімдіктердің қоректік элементтерге қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.

Осылайша, гидропоника әдісімен неғұрлым нәтижелі және аз уақыт шығынымен қажетті дақылдарды өсіруге болады, бұл ботаника және агрохимия саласында жұмыс істейтін өнеркәсіптік және ғылыми кәсіпорындардың дамуына қолайлы әсер етуі мүмкін.

- Жиналған ақпаратты талдау барысында гидропоника өсімдік өсіру жағдайларын реттеуге мүмкіндік береді, тамыр жүйесі үшін қоректену режимін құруға мүмкіндік береді, ол өсімдіктердің қоректік элементтерінің қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.
- Қоректік заттар бар су, су сорғысының көмегімен айналады. Осылайша, жүйе керамзиттің құрғауын және қайта үрленуін бақылауға мүмкіндік береді.
- Гидропон әдісімен өсіру үшін барлық қажетті жағдайларды дайындап, тәжірибе жүргізілді. Мустанга өскіндерінің саны белгілі болды. Үлгілердің өсу барысында өлшеулер жүргізілді және өсу динамикасы жасалды.
- Осы жұмыстың нәтижелері бойынша келесі айырмашылықтар анықталды:
 - гидропоникадағы, атап айтқанда керамзит пен қоректік ерітіндідегі өсімдіктердің өсу жылдамдығы едәуір жоғары, соның есебінен, қысқа мерзімде өсімдіктер өте үлкен мөлшерге жетті;

- қоректік заттар, оңай нысанда өсімдік тамырларына беріледі;
- сондай-ақ, гидропоника тамырлар үшін қоректену режимін жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Son J. E., Kim H. J., Ahn T. I. Hydroponic systems //Plant factory. – Academic Press, 2020. – С. 273-283.
2. Болсуновская Д. О., Потапчикова С. А. НУЖНА ЛИ ЗЕМЛЯ ДЛЯ ВЫРАЩИВАНИЯ ОВОЩЕЙ //Отв. за выпуск. – С. 11.
Жаһандану үдерісі жанданып жатқан кезеңде өзге ұлт өкілдері түгілі қазақша тәлім-тәрбие алған оқушылардың өзінде сөздік қорының әлсіреуі жиі көрініс таба бастады. Оқушының тілдік құзыреттілігін, әсіресе лингвомәдени тұрғыдан дамытуды басты назарда ұстаған жөн. Себебі – тіл арқылы ұлт болмысын, әдеп-ғұрпын байқауға болады. Сондықтан да мектеп оқушыларының тілдік тұлғасын дамытуда қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіндегі лингвомәдени құзыреттіліктің рөлі ерекше деп ойлаймын. Лингвомәдени құзыреттілік – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын сипаттайтын мәдени ұстанымдарға сәйкес ғылым саласы.

Лингвомәдени құзыреттілік қазақ әдебиеті сабағында қазақ халқының рухани мәдениеті, ұлттық болмысын, ауыз әдебиеті үлгілерін меңгерту арқылы қалыптасады. Осыған орай, орта білім беру жүйесінде білімді ұлт мәдениетімен, әр ұлттың өз ерекшеліктерімен, өз тілін меңгерту үдерісін лингвомәдени құзыреттілікпен ұштастырамыз. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша көркем шығарманы оқытуда лингвомәдени құзыреттілікпен ұштастыра жүргізу қазіргі білім беру жүйесінде маңызды.

Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін дамытуда түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдер мен технологиялар қолданылады. Атап айтсақ:

- ауқымды шығарма бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізу, белгілі бір мәселе бойынша автордың көзқарасын талдау;
- жанрларды түрлендіру (шығарманы өз бетінше жалғастыру немесе өзгеріс енгізу «Стоп-кадр» әдісі арқылы);
- рөлдік ойындар арқылы кейіпкерден немесе автордан сұқбат алып, сұрақтар қою;
- оқушының лексикасын, әдеби сөздерді меңгерту, тілдегі қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологияларын қолдану.

Мәселен, халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі «Аяз би» ертегісі 6-сынып

қазақ әдебиеті оқулығында берілген. Ертегідегі Аяз би кім? «Аяз би» есімінің оқырманға берер ақпараты қандай? Ертегіні оқи отырып, оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалай дамытуға болады? Осы сұрақтар төңірегінде ой өрбітсек.

Ертегідегі қойшы Мадан ханның қырық уәзірдің іштарлығын көреді, түрлі сынақтардан өтеді. Шығарма барысында оның даналығын, сертке беріктігімен қатар ақылдылығын да көре аламыз. Аяз би – халықтық образ, себебі халықтың ішкі сұранысынан туындаған. Халық оны қойшы деңгейінен хан деңгейіне дейін көтереді, оның бойына өздері қалаған қасиеттерді топтастырады, хан дәрежесіне жеткеннен кейін өткенін ұмытпауын ескеріп, соған сай амалдар жасаттырады. «Дүниедегі адамның жаманын, шөптің жаманын және құстың жаманын» тапқандағы Аяз бидің ойлау тереңдігі тұрғысынан талдасақ, «Шөптің жаманы не?» деген сұрақтың жауабына көңіл аударсақ: «Қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, малға салсам, барлық мал мұрнын шүйіріп, жемейді. Қарақоғаның жамандызын содан білдім. Шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге дейін жанады. Сол уақытта киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау, - деп ойлаған едім» [2]. Мұндағы философиялық түйін: пайдалы болу, пайданды тигізу. Шөптің жаманы «қоға» бір нәрсе, бір зат, ал қазақ тілінде оның қарақоға, сасық қоға, т.б. атаулары кездеседі. Қарақоға - қоғаның мал жемейтін түрі. Алайда көп тілді меңгерген оқушылар шығармадағы әдеби сөздердің мәнін жіті түсіне қоймайды. «Шеңгел» сөзінің бір емес бірнеше мағынасы бар. Шығармадағы «шеңгел» - тікенеті бұта. Алайда қазақтың сөздік қорында шеңгел салу(жамандық ойлау, тырнағын батыру), ажалдың шеңгелі (өлімнің тырнағы), шеңгел саусақты(саусақтардың тарбиып кең ашылған аясы), шеңгел құс (бүркіттің соңғы тұяғы (шынашак), жау шеңгелі(қоршау, қамау) сынды тіркестермен қолданылады. Халқымыздың тұрмыс тіршілігіндегі сөздердің маңыздылығына байланысты қалыптасқан атауларды түсіну үшін тілдік білімнен тыс лингвистикалық факторларды да білуіне тура келеді.

Өзге құзыреттіліктерден лингвомәдени құзыреттіліктің айырмашылығы неде? Көптеген әдебиеттерде «әлеуметтік-мәдени» және «мәдениетаралық» деген терминдер жиі қолданылатындығын көріп жүрміз. Тіл арқылы ұлттың қазіргі кездегі менталитетін, сана-сезімін айқындауға болады. Әсіресе мақал-мәтел, фразеологизмдердің орны ерекше. Алайда қазіргі таңда білім алушылардың

басым бөлігі ол сөздердің мән-мағынасын түсінбей жатады. Мысалы, 6-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасында «Ораза-намаз – тоқтықта ғана», «Тоқ бала аш баламен ойнамайды» деген мақал-мәтелдер кездеседі [2]. Алайда білім алушыларды бұл мақал-мәтелдердің мәнін аса түсіне қоймайды.

Профессор Н.Уәли белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына, екі түрлі код болуы мүмкін екендігін тілге тиек етеді. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет [1]. Тілдік тұлға – ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Олай болса, білім алушы тілді үйренумен қоса, мәдени құндылықтарды да естен шығармағаны жөн.

Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығармаларды оқытуда тілдік тұрғыдан сөздердің этимологиясын жіті түсінбеу сынды қиындықтар туындауда. Сол олқылықтарды болдырмау мақсатында төмендегідей шаралар қолдансақ, бүгінгі ұрпақ ана тіліміздің мерейін асқақтатар деген сенімдеміз. Атап айтсақ:

- көркем шығармалардағы сөздердің этимологиясына, астарлы мағынасын түсінуіне ықпал жасау;
- оқушыға қиын әрі түсініксіз сөздерді тауып, сөздік құрастыру;
- біріге отырып таныс емес сөздердің мағынасын терең талдау;
- көркемдеуіш құралдарды терең түсіндіру.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда білім берудегі «құзыреттілікке» деген көзқарас маңызды бағыттардың біріне айналуда. Соның ішінде тілдік құзыреттіліктер(лингвистикалық, лингвомәдени, мәдени-танымдық) әрбір жеке тұлға үшін өзекті.

Мектеп бағдарламасында шығармаларды оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерден бөлек, тілдік құзыреттілік тұрғысынан баулысақ, бүгінгі көптілді меңгерген ұрпақтар үшін тиімді болары сөзсіз.

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі: коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына тән образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивтік қызметі

деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті. ...Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз, ең алдымен, содан іздеуіміз керек»[3,4]. Академик айтқандай, осы құзыреттіліктерді дамытсақ, білім алушылар арасында көркем сөйлей алмау, өз пікірін толықтай жеткізе алмау мәселелерін жоюға септігін тигізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Уәли. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Абзал-Ай, 2013.- 400б.
2. Тұрсынғалиева С., Зайкенова Р. Қазақ әдебиеті. 6-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Арман-ПВ, 2018. -192 б.
3. Мухамеджанова Г.Т., Каримова Г.С. ҚазҰПУ Хабаршы,2022 ж.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Кожағалиева З.С.

«Пригород орта мектебі»КММ-нің директордың
оқу ісі жөніндегі орынбасары, химия пәнінің мұғалімі
Ақтөбе қаласы
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Химия сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – олардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысу қабілетін дамытуға бағытталған маңызды міндет. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында қабылданған ұлттық жоспардың басты мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттырып, өмір бойы білім алуға дайын тұлғаларды тәрбиелеу. Функционалдық сауаттылық – бұл қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсе алу, шынайы өмір жағдайларына бейімделу және білімді күнделікті өмірде қолдану қабілеті. Химия сабақтарында бұл дағдыларды дамыту үшін оқушыларға сын тұрғысынан ойлау, ғылыми-зерттеу және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару қажет. Бұл оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым сияқты тілдік дағдыларды жүйелі түрде қолдану арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, тапсырмаларды Блум таксономиясының 6 деңгейінде құру, жинақтау, талдау және бағалау деңгейлеріне басымдық беру – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді әдісі. Осылайша, химия сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың білімін өмірлік дағдыларға айналдыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, химия сабағы, білім беру, сын тұрғысынан ойлау, тілдік дағдылар, Блум таксономиясы, оқушылардың дамуы.



«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты елбасының Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойылды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіруі. Ондағы басты мақсат- жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығы. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылуда. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыра аламыз. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын,

қарым-қатынас дағдыларын дамыту қажет Сабақтың мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу керек. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек:

1. Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Осыдай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуде қазіргі таңдағы оқыту технологияларының стратегияларын пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо-ұжымдық оқыту» стратегиясы, «Дана үкілер» стратегиясы, «Мозаика немесе Ара ұясы» стратегиясы. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, топта, ұжымда талқылау. Бұл стратегиялар мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады.. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Мұғалім ретінде, жаңа

стратегияларды химия сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 9-сыныпта химия пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолданып, бірнеше сабақтар өткіздім. Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын «Кім жылдам?», «6 неге сұрақ» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа айтпаған оқушы саны көп, сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып жауап бермей қалған оқушыны қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім. Сол сияқты инновациялық технологиялардың әдіс -тәсілдерін 9-11 сыныптарда да пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрмін. Жоғары сыныптар үшін көбіне ЖИГСО стратегиясын қолданамын. ЖИГСО стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі, қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелі топсыз-ақ өздері оқып, тіпті жаттап алып айтып береді. Қандай технологияны пайдаланған жағдайда оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылығы, көңіл күйдің көтеріңкі болуы қалыптасады..Сонымен бірге - оқыта үйрету ойындары оқушыларға білімдерін тереңдетуге, толықтыруға, бекітуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, ақпарат көздерімен өздіктерінен жұмыс істеуге, ізденуге, әр түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға, қиындықтан алып шығатын жол таңдауға, өмірде өзін бағалай білуге үйретеді.

Мысалы, 8 «б» сыныбында «Оксидтер.Жану» тақырыбында оқушыларды бірнеше топқа бөліп, топтарға әр түрлі формулаларды беру, атауларын беруге болады..Әр топ әр түрлі суреттер, кестелер, ақпараттар жинап, постер, кластер сызып тақтаға ыңғайлы етіп орналастырып, әр топ өз жинақтаған мәліметтерін қорғайды, басқа топтар тыңдайды. Оксид туралы қосымша мәліметтер алады. Сонымен қатар сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді.Атап айтсам: «Жұптағы

ой қозғау», «Аквариум», «Кластерлер», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Серпілген сауал», «Еркін жазу», «Сұрақтар шеңбері», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ыстық орындық». Сондай-ақ сабақта ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау маңызды. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, өзін және өзгені бағалай, тыңдау қасиеттері қалыптасады. Ауқымды материалдан қажетті ақпаратты тауып, шешім қабылдауға дағдыланады, сөздік қорлары дамиды, ойын еркін жеткізе алады.

Жаңа заман талаптарына сай сабақта өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы болады. Олардың эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп. Ақыл-парасаттан көрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы. Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шеше алады. Оқушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, ойлау қабілеттерін арттырудың, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамытудың бірден-бір көзі. Сонымен, жаңа педагогикалық технологияның әдістерін тиімді пайдалану арқылы «Білімді адам» парадигмасын, «Өзін-өзі дамытатын және әрекетшіл адам» парадигмасына өзгертуге мүмкіндік болады. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатынына

сенімім мол.

Әдебиеттер тізімі

1. Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық-коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2012.
2. Биология және салауаттылық негізі. Ғылыми-әдістемелік журнал. – №5, 2014.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық жоспары. Ғылыми-әдістемелік журнал. – №4, 2007.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. – Астана, 2012.
5. Тұрғынбаева Б.А., Дамыта оқыту технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2005.
6. Әлімов А.Қ., Интерактивті оқыту әдістемесі. Мұғалімдерге арналған оқу құралы. – Алматы, 2012.
7. Назарбаев Н.Ә., Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.
8. Мұхамбетжанова С.Т., Ақпараттық технологияларды білім беру саласында қолданудың ғылыми негіздері. – Алматы, 2010.
9. Жиенбаева Р.А., Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдер. Педагогика және білім журналы. – №3, 2013.
10. Білім беру жүйесіндегі заманауи технологиялар. Ғылыми-практикалық жинақ. – Астана, 2015.
11. Хайтова А., Функционалдық сауаттылық: қалыптастыру әдістемелері. Білім журналы. – №2, 2016.
12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. – Астана, 2013.
13. Құнанбаева С.С., Жаңартылған білім беру бағдарламасы: әдістемелік негіздері мен ерекшеліктері. – Алматы, 2018.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢАША ОҚЫТУ

Кулабекова Г. Т.

Жуалы ауданы, Жаңаталап орта мектебінің информатика пәні мұғалімі
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер мен жаңғырулар білім беру жүйесіне айтарлықтай реформалар мен жаңа мақсаттарды енгізді. ХХІ ғасырда технологияның дамуы, компьютерлер мен интернет, жаңа байланыс құралдары, және ғылыми жаңалықтар оқушылардың ой-өрісіне елеулі әсерін тигізуде. Қоғамдағы ақпараттандыру мен даму жылдамдығы білім беру жүйесіне сапаны арттыру, интернет желісін және заманауи технологияларды тиімді пайдалану сияқты міндеттерді жүктеп отыр. Бұл оқушыларды заман талабына сай жаңашылдыққа жетелеу қажеттілігін туғызады. Информатика пәні білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялар мен қоғамның талаптарына сәйкес маңызды рөл атқарады. Пәннің мазмұны үнемі жаңарып, оның білім беру әлеуеті артып келеді. Информатика мұғалімдері сабақта дидактикалық принциптерді сақтап, оқушылардың білімін тиімді қалыптастыру үшін түрлі әдістерді қолдануы тиіс. Оқушының білімі мен дағдыларының жүйелі қалыптасуы сабақтың тиімді ұйымдастырылуына және материалды инновациялық тәсілдермен жеткізуге байланысты.

Түйінді сөздер: білім беру жүйесі, жаңашылдық, информатика, ақпараттық технологиялар, дидактикалық принциптер, инновациялық тәсілдер.



Еліміздегі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. XXI ғасырда адамдар жаңа технологияның тасқынының куәгері болуда Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдарын, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізеді.

Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр: білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану, электрондық оқулықтар, мультимедиялық, телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару және т.б. Ол жас буынды жаңашылдыққа жетелеу деген сөз. Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындау.

Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады. Информатика пәні мұғалімі әрбір сабақта дидактикалық принциптерді назардан тыс қалдырмауы тиіс. Оқушы білімінің қалыптасуы қашанда мұғалімнің сабақты ұйымдастыра білуіне, жаңа материалды жүйелі түрде баяндауда әртүрлі әдістерді қолдана отыра жеткізілуі маңызды.

Технологиялық оқыту білім алушыларды белсенді жағдайда қойып, оның субъектілігін қалыптастырады және шығармашылықты тудырады. Әсіресе, ақпараттық дәуірде технологияның қолданылуы ерекше. Білім сапасын жоғарылату, оны жеткілікті түрде арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолданусыз, заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдаланбай қол жеткізу мүмкін емес. Озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың кәсіптік білім алуымен қатар іздемпаз, тапқыр, ой-өрісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, іздемпаздыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды пайдалану маңызды. Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады.

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс істеу – компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді

Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналуға. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс істеуді игеруімен тығыз байланысты. Ақпараттық технологияның ерекшеліктерін айта келе, осы технологияны меңгеруде мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ақпараттық технологияны тиімді және ұтымды пайдалана білуі басты мәселе болып саналады. Ақпараттық технология ғана білім берумен тәрбие беру процесіндегі мұғалімнің қосымша құралы ретінде ғана қолданылады.

Оқушылардың ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейтіп, білім сапасының өсуіне әр оқушының қабілетіне қарай Кембридждік тәсіл арқылы оқытудың маңызы зор. Мен сабақтарымда осы тәсілді пайдалана отырып, оқытудың 7 модулін пайдалана отырып, оқушыларды топтастырып, жұптастырып, жекешелендіріп оқыту арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, өз бетінше ізденіп, еркін сөйлеулеріне көп мән бере отырып, оқытудың нәтижелі болғандығына, балалардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі арта түсетіндігіне көзім жетіп келеді. Әрине әр сабақта 7 модульдің бәрін пайдалану мүмкін емес. Сондықтан әр сабақтың тақырыбына қарай, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қолданамын.

Сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін:

- Ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу қажет;
- Берілген тапсырмалардың орындалу тәсілдерін біліп, оны ұғыну;
- Қосымша материалдар арқылы білім деңгейін толықтыру;
- Ойын элементтерін пайдалану;
- Бағалау әдістерін меңгерту;

- Әр сабақта кері байланыс ұйымдастыру (Мысалы, «Сабақтан кейінгі ой түйін», «Бүгін мен не үйрендім?» «Өзара әсер», кері байланысты ары арқылы көңіл күйлерін көрсету).

Оқушыларды өздеріне бағалату әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік беретін болғандықтан, сабақтарындағы бағалау бөліміне көп көңіл бөлемін. Ол үшін сабақтың соңында жиналған ұпайларына сәйкес әр оқушы өзінің бағаларын алып шығады. Бағалау әдістеріне мына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Оқулықтағы материал бойынша сұрақтарға жауап алу әдісі. Бұл сұрақтарға оқушылар нақты түрде дұрыс жауаптарын жазулары тиіс. «Сұрақ менен-жауап сізден»
- Өтілген материалдар бойынша тест алу әдісі. Бұл тест сұрақтарына оқушылар дұрыс жауаптарын көрсетіп қоюлары тиіс.
- Оқушылардың ойлау логикасын қалыптастыруға арналған әдістер көп. Мұнда сөзжұмбақтар, ребус, бесжолды өлең құрастыру, автор орындығы, реферат жазу, топтастыру беріледі, яғни өтілген материалдарға арналып жасалынады.

Жоғарда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады:

Мұғалімнің және оқушының шығармашылық жұмыстарының ғылыми деңгейін қалыптастыруда, жаңа құндылықтар, ізденістер жасау. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі жеткіншек ертеңгі білімгер, мамандық иесі.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә., Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008.
2. Иманбаева А., Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000.
3. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістемелік журнал, №2, 3, 2011.
4. Назарбаев Н.Ә., Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012.
5. Құнанбаева С.С., Мәдениетаралық коммуникация және шетел тілін оқыту әдістемесі. Алматы, Қазақ университеті, 2010.

6. Тұрғынбаева Б.А., Дамыта оқыту технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2005.
7. Әлімов А.Қ., Интерактивті оқыту әдістемесі: Мұғалімдерге арналған оқу құралы. Алматы, 2012.
8. Нұржанов Б., Білім беру саласындағы инновациялық технологиялар. Астана, 2015.
9. Искакова Л.К., Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: Білім беру үрдісіндегі жаңа мүмкіндіктер. Педагогика жаршысы, №4, 2020.
10. Жиенбаева Р.А., Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы әдістемелік тәсілдер. Педагогика және білім журналы, №3, 2013.
11. Хайтова А., Ақпараттық технологиялар және білім беру сапасы. Білім және ғылым журналы, №3, 2018.
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
13. Қайырбекова А., Цифрландыру және білім беру: Қазіргі заманғы талаптар. Қазақстан мектебі журналы, №1, 2021.
14. Мәсімов К., Келешектің әміршісі: Жасанды интеллект. NAC Alanytica баспасы, 2018.
15. Мұхамбетжанова С.Т., Ақпараттық технологияларды білім беру саласында қолданудың ғылыми негіздері. Алматы, 2010.
16. Әбенев А., Инновациялық оқыту әдістері. Алматы, 2017.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ногаева Н.М.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына қарасты,
Тараз қаласы білім бөлімінің №3 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
e-mail: nazim_nogaeva1989@mail.ru

Аңдатпа

XXI ғасыр – ғылым мен білім, технологиялар мен жаңалықтар заманы. Қазіргі кезеңнің негізгі ерекшелігі – білімді, ой-өрісі кең, жан-жақты дамыған тұлғаларды тәрбиелеу қажеттілігі. Бұл заманауи қоғамның талаптарына сай бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру үшін білім сапасын арттыру мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Бүгінгі мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және олардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы оқыту сапасын жақсарту. Цифрлық білім беру ресурстары – жаңа заман технологияларының тиімді құралы. Бұл ресурстар оқушылардың жаңашыл ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды ақпараттық ортада жұмыс істеуге, жүйелік байланыстарды табуға бағыттайды. Қазақ тілі пәнінде цифрлық ресурстарды қолдану оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі етеді. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Жоспарлы және дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер арқылы сабақтың мақсатына қол жеткізу мүмкіндігі артады.

Түйінді сөздер: білім беру, инновациялық технологиялар, цифрлық ресурстар, оқыту сапасы, қазақ тілі, жаңашыл ойлау, әдіс-тәсілдер.



XXI ғасыр – әлем дамуының жаңа ғасыры, технологиялар мен тың жаңалықтардың, білім мен ғылымның заманы. Уақыт өте заман қарқынды дамып келеді.. Соған орай әр күн өзгерістерге, жаңа бір тың ақпараттар мен жаңалықтарға толы. Қазіргі кезең озық идеяларды, тың шешімдерді, үлкен еңбек пен білімнің мол қорын қажет етеді. Қазіргі кезең – білімділердің кезеңі. Сол үшін де заман ағымынан қалмау, ашылып жатқан жаңалықтарға ілесу, жаңа заман көшбасшыларының қатарынан болу, бәсекеге қабілетті болу үлкен білімді талап етеді. Бүгінгі күнде басты назарда тұрған мәселе – ол білімді, ой өрісі кең, жан-жақты тұлғаларды дамыту. Себебі тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Келер ұрпақты білімді ету үшін ең алдымен білім сапасын арттыру қажет. Осы орайда мұғалімнің алар жауапкершілігі зор. Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын арттыруды көздеуі керек.. Бұл көп ізденісті, жаңа технологияларды пайдалану шеберлігі мен жаңашылдықтың болуын талап етеді. Қазіргі цифрлық даму кезеңінде цифрлық ресурстарды пайдалану қажеттілігі де осыдан келіп туындайды емес па?

Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақ мақсатына жетуі үшін ең алдымен тиімді әрі дұрыс жоспарланып, сол жоспарға сай ұтымды әдіс-тәсілдердің, ресурстардың таңдалғаны жөн. Әсіресе қазіргі жаңа инновациялық технологиялар кезеңінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі зор. Цифрлық білім беру ресурстары арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушылардың жаңашыл ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелейді. Соның ішінде цифрлық білім беру ресурстарының қазақ тілі пәніндегі тиімділігін қарастырып.өтсек.

Цифрлық білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын электронды жүйе компоненттері. Өзінің цифрлық білім беру ресурстарын мектепте қолдану туралы әдістемісінде Е.В.Савелова цифрлық білім беру ресурстарының жиынтығында шартты түрде мынадай компоненттерді атап көрсетеді: «интербелсенді компоненттер, демонстрациялық графика, мәтіндер, мұғалімге арналған материалдар» [2]. Цифрлық білім беру ресурстарын педагог сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін де пайдалана алады. Цифрлық білім беру ресурстары педагогтарға оқытудың әр

түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал Р.І. Қадірбаева цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін былайша түсіндіреді: «Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді» [3].

Қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өзім де цифрлық білім беру ресурстарын өз тәжірибемде, сабақтарымда қолданып жүрмін. Атап айтсам, learning apps, quizizz, kahoot, classMarker, canva, animoto, animaker, padlet және т.б. Learning apps, quizizz, kahoot, classMarker сервистері – интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға, оқушылардан кері байланыс алуға мүмкіндік беретін тиімді сервистер. Ал canva, animoto, animaker платформаларын сабақты түсіндіруді, сабақты өткізуді тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыру үшін қолданамын. Осылардың ішінде қазақ тілі сабағында тиімділігі зор және педагогикалық тәжірибемде басым қолданыс тапқан – «learning apps» ресурсы. Ол интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдауды, модульдерді жылдам құру мен өзгертуді, тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді етуді қамтамасыз етеді. Бұл сервисте тапсырмаларды орындатудың, ұйымдастырудың сан алуан түрлері мен жолдары бар. Онда тест, салыстыру, жұбын табу, бос орындарды толтыру, мәтін енгізу, хронологиялық кесте, жіктеу, топтастыру тапсырмалары бар. Сонымен қоса ол арқылы суреттермен жұмыс жасатып, оқушылардың қызығушылығын оятатын, сабақта сергітетін тапсырмаларды да құрастыруға болады. Бұдан бөлек викториналық сұрақтар, пазл, аудио/видео контент, сөзжұмбақ т.б. модульдерін ұсынады. Мұғалімнің міндеті – осылардың арасынан қайсысын қай тапсырмаға қолдану тиімді екенін саралап алып, берілген тапсырманы орындауда ұтымды әрі тиімді болатынын алу және тиімді қолдана білу..

Мәселен викториналық сұрақтар модулінде қазақ тілі пәнінде мәтін бойынша мынадай тапсырма ұйымдастыруға болады. Оқушыларға ресурстың көмегімен бейнематериалды көрсетіп, сол бейнематериал бойынша викториналық сұрақтарға жауап алады. Бұл оқушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіре түседі. Тыңдалым дағдыларын жетілдіре түсуге аталған цифрлық ресурстың «аудио/видео контент» модулі де көмектеседі. Ресурстың екі модулінде де тыңдалған мәтін немесе көрген бейнематериал бойынша сұрақтар бір сарынды емес, әр түрлі түрде беріледі. Ал «мәтінді енгізу» модулі

оқушылардың ауызша жауабынан бөлек, оның жазу сауаттылығын да тексеруде тиімді. Оқушылар сұрақтың жауабын немесе мәтінді жазбаша енгізе отырып, оның дұрыс жазылуына назар аударады, естеріне де сақтап қалады. Осындағы «әріптерден сөз құрау» тапсырмасын мәтіндегі тірек сөздерді табуда, олармен жұмыс жасауда қолданса, оқушыға да есіне сақтау оңай болады әрі зеректігін де шындай түседі. Бұл тапсырманы сергіту сәті ретінде де, оқушылардың сабақ арасында бой сергіп алуына да ұсынуға болады. Сабақ барысында оқушыларды сергіте отырып, тақырып бойынша негізгі сөздерге, мәтін бойынша тірек сөздерге де назар аудартады. Қазақ тілі сабағында қосымшаларды, яғни жұрнақ пен жалғауды өткенде тапсырма ретінде осы цифрлық білім беру ресурсындағы «бос орындарды толықтыру» модулін қолдану ұтымды. Оқушыларға қосымшаларды түсіндіргеннен кейін практикалық жұмыс ретінде алуымызға болады. Оқушылар осы модульдің көмегімен бос тұрған орындарға интербелсенді тақта арқылы қажетті қосымшаларды қойып жазады. Ең басты тиімділігі әр модульде тапсырманың шарты жазылып, оқушылар барлық тапсырмалардан соң қанша қате жібергенін, қайсысы дұрыс емес екенін біліп, кері байланыс жасай алады.

Ал quizzz, kahoot, classMarker ресурстары қазақ тілі пәнінде әр бөлімнен соң оқушылардың бөлімді қаншалықты меңгергендерін білу үшін, бөлім бойынша білімдерін пысықтау үшін қолдануда маңызды.

Білім беру үдерісін ақпараттандырудың негізі тек техникалық жағынан ғана емес, сонымен қатар шығармашылықты да талап етеді. Сабақ барысында мұғалімге көмекші болатын презентациялар, бейнероликтер тағы басқа да материалдар сапалы дизайнды, заманауи графикалық дизайнның ерекшеліктерін түсінуді қажет етеді. Сабақта бір сарынды презентациялар мен бейнематериалдарды көрсете беру оқушының қызығушылығын төмендетіп, ынтасын түсіреді. Сондықтан сабақта canva, animoto, animaker сияқты цифрлық ресурстарды қолданудың пайдасы зор. Мәселен қазақ тілі сабағында жаңа тақырыпты түсіндіруде де, түсіндіріп болған соң кері байланыс алуда да «canva» платформасын пайдалану ұтымды болады. Ондағы әр санат, мысалы, «жаттығу парағы» немесе «диаграмма» ондаған тақырыптық үлгілерден тұрады. Мұғалімге тиімділігі де осыдан көрінеді. Мұғалім барлығын нөлден бастап жасамайды, тек тапсырмаларды орындау үшін қол жетімді дайын үлгілерді дұрыс пайдаланады. Қажет болған жағдайда ол үлгілерге өзінің сабағына сәйкес

өзгертулер енгізе алады.

Оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы, сабақты түсінуі олардың сол сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Түрлі әдіс-тәсілдер мен ресурстарды қолданып, оқушылардың сабаққа деген назарын аударып алу маңызды. Егер оқушы үшін сабақ қызықсыз әрі түсінуге қиындық туғызса, оқушының тақырыпты түсінуі де, тақырыпқа енуі де қиын болады. Осы үшін мұғалімге жаңашылдық, шығармашылық ізденіс пен жаңа технологияларды меңгеру шеберлігі қажет. Ол түрлі сипаттағы жаңа цифрлық білім беру ресурстарын ұтымды пайдалана алуы керек. Сондай сипаттағы қазақ тілі сабағында қолдануға болатын және өзім де жиі қолданатын, тәжірибемде зерделеп жүрген ресурс – animaker. Ол бейнені анимациялық сипатта жасап, оқушылардың назарын бірден аударады. Қазақ тілі сабағында жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, грамматикалық жаңа ережені өткенде осы ресурс арқылы жаңа анимациялық бейнені жасап, сол бейне арқылы түсіндіру өте тиімді. Бұл жерде жаңа тақырыпты, ережені мұғалім емес, мұғалім жасаған анимациялық бейне түсіндіреді. Ал бұл оқушы үшін бірден қызықты болатыны сөзсіз. Оқушы жасалған бейнеге қызыға отырып, сабақтың тақырыбына да ене бастайды. Әсіресе төменгі сынып оқушылары үшін бұл ресурсты пайдалану тиімдірек деп ойлаймын. Мәтінмен жұмыс кезінде де мәтінді осы арқылы оқытып, жұмыс жасатқан пайдалы, әрі тиімді.

Сонымен жоғарыда цифрлық білім беру ресурстарын қарастырып, олардың ішінен қазақ тілі сабағында қолдану тиімді болатындарына тоқталып, зерделедік. Байқағанымыздай, оларды көп жағдайда мәтінмен жұмыс жасау кезінде пайдалану ұтымды болады. Ал қазақ тілі пәнінің негізі де сол мәтін екені анық. Ендеше цифрлық білім беру ресурстарын қазақ тілі пәнінде қолдану тиімді екенін өз тәжірибемде, күнделікті сабақта пайдалану арқылы нәтижесін көріп отырмын.

Қорыта келгенде, цифрлық білім беру ресурсы мұғалімге қосымша материалдар ұсынып, сабақты шығармашылық бағытта жүргізуге жағдай жасайды. Тапсырманы тиімді ұйымдастырып, оқу мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аударуға, ақпараттарды көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы

2. Савелова Е.В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. – Москва, 2008.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ноғаева Н.М.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына қарасты,
Тараз қаласы білім бөлімінің №3 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
e-mail: nazim_nogaeva1989@mail.ru

Аңдатпа

XXI ғасыр – ғылым мен білім, технологиялар мен жаңалықтар заманы. Қазіргі кезеңнің негізгі ерекшелігі – білімді, ой-өрісі кең, жан-жақты дамыған тұлғаларды тәрбиелеу қажеттілігі. Бұл заманауи қоғамның талаптарына сай бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру үшін білім сапасын арттыру мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізуді қажет етеді. Бүгінгі мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және олардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы оқыту сапасын жақсарту. Цифрлық білім беру ресурстары – жаңа заман технологияларының тиімді құралы. Бұл ресурстар оқушылардың жаңашыл ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды ақпараттық ортада жұмыс істеуге, жүйелік байланыстарды табуға бағыттайды. Қазақ тілі пәнінде цифрлық ресурстарды қолдану оқыту процесін қызықты әрі нәтижелі етеді. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану білім беру сапасын арттыруға және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Жоспарлы және дұрыс таңдалған әдіс-тәсілдер арқылы сабақтың мақсатына қол жеткізу мүмкіндігі артады.

Түйінді сөздер: білім беру, инновациялық технологиялар, цифрлық ресурстар, оқыту сапасы, қазақ тілі, жаңашыл ойлау, әдіс-тәсілдер.



XXI ғасыр – әлем дамуының жаңа ғасыры, технологиялар мен тың жаңалықтардың, білім мен ғылымның заманы. Уақыт өте заман қарқынды дамып келеді.. Соған орай әр күн өзгерістерге, жаңа бір тың ақпараттар мен жаңалықтарға толы. Қазіргі кезең озық идеяларды, тың шешімдерді, үлкен еңбек пен білімнің мол қорын қажет етеді. Қазіргі кезең – білімділердің кезеңі. Сол үшін де заман ағымынан қалмау, ашылып жатқан жаңалықтарға ілесу, жаңа заман көшбасшыларының қатарынан болу, бәсекеге қабілетті болу үлкен білімді талап етеді. Бүгінгі күнде басты назарда тұрған мәселе – ол білімді, ой өрісі кең, жан-жақты тұлғаларды дамыту. Себебі тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Келер ұрпақты білімді ету үшін ең алдымен білім сапасын арттыру қажет. Осы орайда мұғалімнің алар жауапкершілігі зор. Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын арттыруды көздеуі керек.. Бұл көп ізденісті, жаңа технологияларды пайдалану шеберлігі мен жаңашылдықтың болуын талап етеді. Қазіргі цифрлық даму кезеңінде цифрлық ресурстарды пайдалану қажеттілігі де осыдан келіп туындайды емес па?

Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақ мақсатына жетуі үшін ең алдымен тиімді әрі дұрыс жоспарланып, сол жоспарға сай ұтымды әдіс-тәсілдердің, ресурстардың таңдалғаны жөн. Әсіресе қазіргі жаңа инновациялық технологиялар кезеңінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі зор. Цифрлық білім беру ресурстары арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушылардың жаңашыл ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелейді. Соның ішінде цифрлық білім беру ресурстарының қазақ тілі пәніндегі тиімділігін қарастырып.өтсек.

Цифрлық білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын электронды жүйе компоненттері. Өзінің цифрлық білім беру ресурстарын мектепте қолдану туралы әдістемісінде Е.В.Савелова цифрлық білім беру ресурстарының жиынтығында шартты түрде мынадай компоненттерді атап көрсетеді: «интербелсенді компоненттер, демонстрациялық графика, мәтіндер, мұғалімге арналған материалдар» [2]. Цифрлық білім беру ресурстарын педагог сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін де

пайдалана алады. Цифрлық білім беру ресурстары педагогтарға оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал Р.І. Қадірбаева цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін былайша түсіндіреді: «Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді» [3].

Қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде өзім де цифрлық білім беру ресурстарын өз тәжірибемде, сабақтарымда қолданып жүрмін. Атап айтсам, learning apps, quizizz, kahoot, classMarker, canva, animoto, animaker, padlet және т.б. Learning apps, quizizz, kahoot, classMarker сервистері – интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға, оқушылардан кері байланыс алуға мүмкіндік беретін тиімді сервистер. Ал canva, animoto, animaker платформаларын сабақты түсіндіруді, сабақты өткізуді тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыру үшін қолданамын. Осылардың ішінде қазақ тілі сабағында тиімділігі зор және педагогикалық тәжірибемде басым қолданыс тапқан – «learning apps» ресурсы. Ол интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдауды, модульдерді жылдам құру мен өзгертуді, тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді етуді қамтамасыз етеді. Бұл сервисте тапсырмаларды орындатудың, ұйымдастырудың сан алуан түрлері мен жолдары бар. Онда тест, салыстыру, жұбын табу, бос орындарды толтыру, мәтін енгізу, хронологиялық кесте, жіктеу, топтастыру тапсырмалары бар. Сонымен қоса ол арқылы суреттермен жұмыс жасатып, оқушылардың қызығушылығын оятатын, сабақта сергітетін тапсырмаларды да құрастыруға болады. Бұдан бөлек викториналық сұрақтар, пазл, аудио/видео контент, сөзжұмбақ т.б. модульдерін ұсынады. Мұғалімнің міндеті – осылардың арасынан қайсысын қай тапсырмаға қолдану тиімді екенін саралап алып, берілген тапсырманы орындауда ұтымды әрі тиімді болатынын алу және тиімді қолдана білу..

Мәселен викториналық сұрақтар модулінде қазақ тілі пәнінде мәтін бойынша мынадай тапсырма ұйымдастыруға болады. Оқушыларға ресурстың көмегімен бейнематериалды көрсетіп, сол бейнематериал бойынша викториналық сұрақтарға жауап алады. Бұл оқушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіре түседі. Тыңдалым дағдыларын жетілдіре түсуге аталған цифрлық ресурстың «аудио/видео контент» модулі де көмектеседі. Ресурстың екі модулінде де тыңдалған мәтін немесе көрген бейнематериал бойынша

сұрақтар бір сарынды емес, әр түрлі түрде беріледі. Ал «мәтінді енгізу» модулі оқушылардың ауызша жауабынан бөлек, оның жазу сауаттылығын да тексеруде тиімді. Оқушылар сұрақтың жауабын немесе мәтінді жазбаша енгізе отырып, оның дұрыс жазылуына назар аударады, естеріне де сақтап қалады. Осындағы «әріптерден сөз құрау» тапсырмасын мәтіндегі тірек сөздерді табуда, олармен жұмыс жасауда қолданса, оқушыға да есіне сақтау оңай болады әрі зеректігін де шыңдай түседі. Бұл тапсырманы сергіту сәті ретінде де, оқушылардың сабақ арасында бой сергіп алуына да ұсынуға болады. Сабақ барысында оқушыларды сергіте отырып, тақырып бойынша негізгі сөздерге, мәтін бойынша тірек сөздерге де назар аудартады. Қазақ тілі сабағында қосымшаларды, яғни жұрнақ пен жалғауды өткенде тапсырма ретінде осы цифрлық білім беру ресурсындағы «бос орындарды толықтыру» модулін қолдану ұтымды. Оқушыларға қосымшаларды түсіндіргеннен кейін практикалық жұмыс ретінде алуымызға болады. Оқушылар осы модульдің көмегімен бос тұрған орындарға интербелсенді тақта арқылы қажетті қосымшаларды қойып жазады. Ең басты тиімділігі әр модульде тапсырманың шарты жазылып, оқушылар барлық тапсырмалардан соң қанша қате жібергенін, қайсысы дұрыс емес екенін біліп, кері байланыс жасай алады.

Ал quizizz, kahoot, classMarker ресурстары қазақ тілі пәнінде әр бөлімнен соң оқушылардың бөлімді қаншалықты меңгергендерін білу үшін, бөлім бойынша білімдерін пысықтау үшін қолдануда маңызды.

Заманауи технологиялар кіріктірілген сабақтарда шешуші рөл атқарады, оқу процесін байытады және оқу мен педагогикалық өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер жасайды.

Интерактивті тақтаны, компьютерлік бағдарламаларды және мультимедиялық материалдарды пайдалану оқудың тиімділігі мен қызығушылығын айтарлықтай арттырады.

Интерактивті тақта:

Интерактивті тақта оқу материалын көрнекі түрде көрсетуге және интерактивті тапсырмалар мен сабақтарды құруға мүмкіндік береді. Оқушылар оқу процесіне белсенді қатысып, тапсырмаларды тікелей тақтада шеше алады, өз ойларымен, идеяларымен бөлісе алады. Бұл балалардың назарын аударуға және олардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сабақтарды қызықты және тиімді етеді.

Компьютерлік бағдарламалар:

Біріктірілген сабақтарды жүзеге асыруға көмектесетін көптеген мамандандырылған компьютерлік бағдарламалар бар. Мысалы, презентацияға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (мысалы, PowerPoint немесе Prezi) мұғалімдерге ақпаратты көрнекі түрде көрсетуге және сабақтарды көрнекі және түсінікті етуге мүмкіндік береді. Математика немесе тіл үйрену бағдарламалары оқытуды ынталандыру үшін интерактивті жаттығулар мен ойындарды ұсынады [4].

Мультимедиялық материалдар:

Бейнесабақтар, аудиожазбалар, анимациялар мен визуализациялар сияқты мультимедиялық материалдарды пайдалану оқу үдерісін байытады және оқушыларға әртүрлі ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, тарих сабағында оқушылар қызықты тарихи фильмдерді немесе мұрағаттық жазбаларды, ал биология сабағында жануарлар мен олардың мінез-құлқы туралы бейнероликтерді көре алады.

Оқытудағы инновациялық тәсілдер мысалдары:

Виртуалды далалық саяхаттар: оқушылар виртуалды мұражайларға, көрнекті орындарға бара алады, тіпті ғарышта немесе су астында саяхаттай алады, бұл оларға сабақ тақырыбының әртүрлі аспектілерін интерактивті түрде зерттеуге мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы: Виртуалды шындық ойындары немесе білім беру ойындары сияқты ойын технологиясын пайдалану сабақтарды қызықтырақ және оқушыларды ынталандыруға көмектеседі.

Қашықтықтан оқыту: Интернет пен коммуникациялық технологиялардың дамуымен оқушыларға әртүрлі онлайн ресурстар мен платформалар арқылы әлемнің кез келген нүктесінен білім алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқыту қолжетімді бола бастады.

Тұтастай алғанда, заманауи технологиялар оқу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді және кіріктірілген сабақтарға инновациялық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді, оларды тиімдірек, қызықты және оқу үдерісінің барлық қатысушылары үшін қолжетімді етеді [5].

Кіріктірілген сабақтар арқылы күрделі дағдылар мен шығармашылық ойлауды дамыту.

Кіріктірілген сабақ – әртүрлі оқу пәндерін біріктіру тәсілі ғана емес, сонымен бірге балалардың күрделі дағдыларын дамытатын және олардың шығармашылық ойлауын ынталандыратын қуатты құрал. Біріктірілген сабақтар осы дағдыларды қалыптастыруға және шығармашылықты дамытуға қалай көмектесетінін қарастырайық.

Күрделі дағдыларды дамыту:

Қарым-қатынас және ынтымақтастық: Біріктірілген сабақтарда балалар көбінесе топта немесе жұпта жұмыс істейді, мәселелерді талқылайды, шешімдерді іздейді және басқаларға өз идеяларын ұсынады. Бұл олардың коммуникативті дағдыларын дамытады, сонымен қатар топта жұмыс істей алады.

Проблемалық ойлау және сыни талдау: кіріктірілген сабақтар көбінесе оқушыларды талдау мен сыни тұрғыдан ойлауды қажет ететін әртүрлі мәселелерді шешуге шақырады. Бұл балаларға ақпаратты талдау, себеп-салдар байланыстарын анықтау және негізделген шешім қабылдау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Дербестік және бастама: Оқушыларға оқуда таңдау беру арқылы кіріктірілген сабақтар тәуелсіздік пен бастаманы дамытуға ықпал етеді. Балалар ақпаратты өз бетінше іздеуді, сұрақтарды құрастыруды және логикалық ойлау тізбектерін құруды үйренеді.

Шығармашылық ойлаудың рөлі:

Шығармашылық шешімдерді табу: Кіріктірілген сабақтар көбінесе оқушылардан әртүрлі мәселелердің шығармашылық шешімін табуды талап етеді. Бұл шығармашылық ойлауға және стандартты емес ойлау қабілетіне ықпал етеді.

Эксперимент және шығармашылық: Кіріктірілген сабақтар кезінде балалар тәжірибе жасауға, есептерді шешудің жаңа тәсілдерін құруға және сынап көруге мүмкіндік алады. Бұл олардың шығармашылығын ынталандырады және жаңа идеялар мен шешімдерді табу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Ойлаудың икемділігі: Кіріктірілген сабақтар оқушылардың ойлау икемділігін және әртүрлі жағдайларға бейімделуін талап етеді. Бұл олардың өзгермелі жағдайларға тез бейімделу және жаңа және күтпеген жағдайларда да тиімді шешімдер табу қабілетін дамытады.

Ендеше, кіріктірілген сабақ балалардың бойында күрделі дағдыларды дамытып, олардың шығармашылық ойлауын ынталандыратын қуатты құрал болып табылады. Ол оқушыларды әртүрлі мәселелерді шешу үшін кең ауқымды дағдыларды қажет ететін заманауи әлемге сәтті бейімделуге дайындауға көмектеседі [6].

Күрделі дағдылар мен шығармашылық ойлауды дамыту

Кіріктірілген сабақ тек білім беру құралы ғана емес, сонымен қатар балаларда күрделі дағдыларды қалыптастырудың қуатты құралы болып табылады. Кіріктірілген сабақ балаларға күрделі дағдыларды дамытуға қалай көмектеседі:

1. Сыни тұрғыдан ойлау: Біріктірілген тәсіл оқушылардан әртүрлі пәндік салалардағы ақпаратты талдауды және олардың өзара байланысын анықтауды талап етеді. Оқушылар сұрақ қоюға, шешімнің балама жолдарын іздеуге, ақпаратты бағалауға, қорытынды жасауға үйренеді.

2. Қарым-қатынас дағдылары: Кіріктірілген сабақтарда балалар көбінесе топта немесе жұпта жұмыс істеп, мәселелерді талқылап, шешеді. Бұл тыңдау, сөйлеу, ой бөлісу және сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

3. Проблемаларды шешу: Кіріктірілген сабақтар кезінде оқушылар көбінесе оларды шешуде шығармашылық тәсілдерді қажет ететін өмірлік мәселелермен кездеседі. Бұл олардың балама шешімдерді табу және өз бетінше ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Бейімделу дағдылары: Әртүрлі пәндік салалар мен контексттерде жұмыс істеу балаларды икемділік пен бейімделуге үйретеді. Түрлі тапсырмалардың арасында жылдам ауысуды үйренеді және білімдері мен дағдыларын жаңа жағдайларға бейімдейді.

5. Қазіргі білім берудегі шығармашылық ойлаудың рөлі және оны кешенді тәсіл арқылы дамыту:

Қазіргі білім беруде шығармашылық ойлау негізгі рөл атқарады, өйткені ол оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді және оларды тез өзгеретін әлемге сәтті бейімделуге дайындайды. Біріктірілген оқыту әдісі оқушыларды зерттеуге, тәжірибе жасауға және мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табуға мүмкіндік бере отырып, олардың шығармашылық ойлауын ынталандырады. Шығармашылық тек оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар жобаларды, презентацияларды құруда, проблемалық жағдаяттарды шешуде және алынған білімді шығармашылықпен пайдалануда көрінеді.

Оқытудың кешенді тәсілі оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға қолдау көрсетеді, себебі ол білімді жаңа жағдайда қолдану мүмкіндігін береді, тәуелсіз ойлау мен инновациялық шешімдерді ынталандырады, оқу мен іс-әрекеттегі инновациялық тәсілдерді дамытуға ықпал етеді.

6. Жағдайлар мен зерттеулер

Кіріктірілген сабақтардың тиімділігін растайтын көптеген зерттеулер мен практикалық мысалдар бар. Сондай зерттеулердің бірі Стэнфорд университеті ғалымдарының интеграцияланған сабақтардың тиімділігіне қатысты 150-ден астам зерттеулерге мета-талдау жүргізген жұмыстары. Зерттеулер көрсеткендей, интеграцияланған оқыту әдісі дәстүрлі оқыту

әдістерімен салыстырғанда оқушылардың оқу жетістіктерін айтарлықтай жақсартады, сонымен қатар сыни ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық және проблемаларды шешуді қоса алғанда, кең ауқымды дағдыларды дамытуға ықпал етеді [7].

Қорытындылай келе, бастауыш сыныптардағы кіріктірілген сабақтардың негізгі аспектілері мен олардың заманауи білім беруге тигізетін әсері туралы талқылауды қорытындылауымыз керек.

Кіріктірілген сабақтар әртүрлі пәндік салаларды бір оқу жоспарына біріктіруге мүмкіндік беретін оқу үдерісіндегі маңызды жаңалық болып табылады. Бұл тәсілдің артықшылықтарын талқылау оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де бірқатар маңызды артықшылықтарды анықтады.

Оқушылар үшін кіріктірілген сабақтар материалды терең түсінуге, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға, күрделі дағдылар мен оқуға деген ынтымақ арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар заманауи технологияларды, интерактивті тақтаны, компьютерлік бағдарламалар мен мультимедиялық материалдарды пайдалану оқу үдерісін байытып, оны қызықты әрі тиімді етеді.

Педагогтар үшін кіріктірілген сабақтар уақыт пен ресурстарды тиімді пайдалануды жеңілдеті отырып, оқу үдерісінде шығармашылық пен жаңашылдыққа мүмкіндік береді.

Заманауи білім беруде кіріктірілген сабақтардың рөлі баға жетпес. Олар оқушыларға білімді жақсы меңгеруге және дағдыларды дамытуға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оларды білім ғана емес, сонымен қатар оны әртүрлі жағдайларда қолдана білу маңызды заманауи әлемде сәтті бейімделуге дайындайды.

Жалпы алғанда, кіріктірілген сабақтар оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін және 21 ғасырдағы табысты өмір мен мансапқа дайындайтын заманауи білім берудің тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аронова С. В. бейнелеу өнері сабақтарында Мета-пәндік құзыреттілікті қалыптастыру процесінде көркемдік және логикалық Интеграция // бастауыш мектеп. – 2015. – № 2. - Б. 65-68.
2. 2. Ахметбекова Р. Р. пәндерді интеграциялау-оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру шарттарының бірі // бастауыш мектеп. – 2014. – № 8. – 14-16 Б.
3. Берулава М. Н. білім беруді интеграциялаудың теориялық негіздері. – М.: Кемелдік, 1998. – 174 б.
4. 4. Бочкова Н. В. қазіргі педагогикалық интеграция, оның сипаттамалары // Білім және қоғам. – 2009. – № 1. - 43-49 Б.
5. М. В. Волкова проблемалық оқыту технологияларын және қалыптастырудағы моральдық таңдауды интеграциялау оқушылардың жеке басы // Чуваш мемлекеттік педагогикалық университетінің хабаршысы. И. Я. Яковлева. – 2010. - №3 (67), 2-бөлім. - Б. 62-67.
6. Гершунский Б. С. білім беру және педагогикалық болжам. – М.: Флинта, 2003. - 768 Б.
7. Данилюк А. Я. білім беруді интеграциялау теориясы. - Ростов Н / Д.: Осу басылымы. пед. ун-т, 2000. – 448 б.

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Нуридинова Н.Е.

Түркістан облысы Түлкібас ауданы, Көкбұлақ ауылы, Төлеби атындағы негізгі орта
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
e-mail: nazykenn@mail.ru

Аңдатпа

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «функционалды» ұғымы нәрсенің құрылысы мен құрамынан гөрі, оның қызметі мен әрекетіне байланысты сипатталады. Осыған сәйкес, «функция» белгілі бір заттың немесе адамның атқаратын қызметіне, іс-әрекетіне қатысты айтылады. Функционалдық сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым ретінде нақтыланып, белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынада қолданылады. Сондықтан бастауыш сыныптарда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту олардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана білуіне мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, бастауыш сынып оқушылары, тиімді әдіс-тәсілдер, білімділік, іс-әрекет, оқыту әдістемесі.



Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынада.

Ұлттық жоспарда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін төмендегідей кешенді жоспар жасалды. Олар: мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық іс-шаралар кешені. Бұл кешен Қазақстан Республикасындағы білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары ретінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында жасалатын іс-шаралардың мақсаттылығын, біртұтастығын және жүйелілігін негізге ала отырып дайындалған.

Аталған **Ұлттық жоспардың мақсаты** - Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау. Ол үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау. Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.
- Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу. Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.
- Мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

Осы **Ұлттық жоспардың мақсатын** орындау – ең алғаш мектептегі бастауыш сатыдан басталады.

Бастауыш саты—Бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Білім негізі бастауышта.

Президенттің жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ.

Қазіргі бастауыш мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Осындай білікті мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданады.

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Бұл жаңа ғана өмірге бейімделіп келе жатқан жас бүлдіршіндердің қалыптасуы, өмірге, мектеп өміріне бейімделіп кетуі. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: оқушының белсенділігі, шығармашылығы, ойлауы, шешім қабылдай алуы, қабілеттілігі т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан тұрады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана

емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзіреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерінің бірлігінен құралады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Оқу тәрбиесі үрдісінде педагогикалық жаңалықтарды енгізу IV кезеңнен тұрады:

I. Жаңа идеяны іздеу

II. Жаңалықтарды ұйымдастыру

III. Жаңалықтарды енгізу

Оқу – тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану

IV. Жаңалықтарды бекіту

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді.

Бастауыш мектеп оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Инновациялық технологиялардың бастауыш мектептігі білім сапасын арттыру:

- Әр сабақта интерактивті әдістерін қолдану;

-Әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеру;

-Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу;

-Инновациялық технологияларды сынау арқылы тиімділігін арттыру, мектеп жағдайына бейімдеу;

Бастауыш сынып мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың тілін дамытуда, өздік жұмыс жасау, өз дағдыларын қалыптастыруда өз ойларын еркін жеткізе алуға баулуда.

Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.

Педагогикалық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- Тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі - функционалдық сауаттылық.

Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгерту, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу-бүгінгі күннің мақсаты

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.А.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012 ж.
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ- ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ АЙҚЫН БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

Сулейманова Ж.Ж.

Жамбыл облысы ,Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылы ,Абай атындағы орта мектебінің химия-
биология пәнінің мұғалімі
e-mail: nazykenn@mail.ru

Аңдатпа

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «функционалды» ұғымы нәрсенің құрылысы мен құрамынан гөрі, оның қызметі мен әрекетіне байланысты сипатталады. Осыған сәйкес, «функция» белгілі бір заттың немесе адамның атқаратын қызметіне, іс-әрекетіне қатысты айтылады. Функционалдық сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым ретінде нақтыланып, белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынада қолданылады. Сондықтан бастауыш сыныптарда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту олардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана білуіне мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, бастауыш сынып оқушылары, тиімді әдіс-тәсілдер, білімділік, іс-әрекет, оқыту әдістемесі.



Елімізде «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы аясында мектеп оқушылары мен студенттердің экомәдениетін қалыптастырып, қоршаған ортаны аялау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді

«Жасыл мектеп» жобасының басты мақсаты – өскелең ұрпақты қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, бау-бақша егумен жақын таныстырып, биология және өсімдік шаруашылығы саласындағы жасөспірімдердің білімін кеңейту және қызығушылығын арттыру, еңбекке баулып, оқу орындарын көгалдандыруға үйрету.

Мектеп басшылығы осы арқылы биология және өсімдік шаруашылығы саласындағы балалардың білімін кеңейтуді, экологиялық қағидаттарды ұстануды және еңбекке құрметпен қарауды қалыптастыруды көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуде оқушылардың әлеуметтік белсенділігі артады. Ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп, оны баптауға машықтанады. Бұл -балалар үшін өте пайдалы іс.

Адамзаттың ортақ үйі саналатын табиғатқа қамқорлық жасау - адамгершілік құндылықтың жоғарғы белгісі. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қалыптасуы керек. Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада рөлдерін бөліп, табиғат заңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек. Экологиялық тәрбие мен білім беру – қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі. Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Баланың жас кезінен экологиялық мәдениеттілік санасын тәрбиелеу – осы мәселелердің шешілу жолдарының бірі болып табылады. Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек. Осы бағытта мектебіміз мемлекет басшысының «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының жүзеге асырылуын қолдау және экологиялық білім беруді дамыту мақсатында **қолға алынған жұмыстарының бірі-«Менің бақшам»** жобасы.«Жасыл сақшы» эковолонтерлер тобы құрылды.Мектебіміздің эко сақшылары бау-бақша және ауылшаруашылығы өнімдерін өсірумен айналысты.

«Менің бақшам » атты эко жоба арқылы туған өлкенің,ауылдың егін шаруашылығы соның ішінде қант қызылшасының жаңа будандары мен сорттарын алу эко волонтерлерді қызықтырды. Сондықтанда, жобаны қолдана отырып,алға қойған негізгі мақсатымыз, туған ауылымызда, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының филиалы шаруашылығында

өсіріліп, алынған «Болашақ» қант қызылшасының сортын табиғи күйінде сақтап қалу болды. Жобаны жасау үстінде мен эко волонтерлер экологиялық, биологиялық білімдерін тереңдетті, эксперимент жүргізудің нәтижесінде біраз нәрсеге көздерін жеткізді. Жер-ана тіршілікке нәр беріп, анамыздай асырап отыр.

Ауыл шаруашылығы оның ішінде егін шаруашылығының негізгі байлығы-сапалы өнім алу. «Болашақ» қант қызылшасы биологиялық ерекшеліктері жағынан басқа ауылшарушылық дақылдармен салыстырғанда суға деген талабы өте жоғары. Себебі «Болашақ» қант қызылшасы вегетация кезінде екі орган қалыптастырады. Біріншісі пәлегі, екіншісі тамыр жемісі. Сондықтанда барлық агротехникалық шаралар ішінде суару бұл қант қызылшасы өнімінің жоғарылауына алып келеді және өнімнің сапасына септігін тигізеді. Біздің ауылдың жер асты суының жақын болатындығы әрі Теріс Ащы бұлақ өзенінің үнемі ағып тұруы қант қызылшасына суға қажеттілікті тудырмайды. Біз адамдар табиғаттың бөлшегіміз және табиғатты қорғау біздің қолымызда. "Жерге жасаған жақсылық, жерде қалмайды", егер осыны есте сақтасақ онда ауылшаруашылығы экономикасының өркендеуіне қосқан үлесіміз болып табылады.

Кез-келген жұмысты жасау кезінде оған алдын-ала болжам жасалуы керек. Мектеп жанындағы үлескідегі жұмыстардың эковолонтерлар үшін тәрбиелік маңызы зор. Өсімдіктерді күтіп баптау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде эковолонтерлар бойында қоршаған тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, еңбекке деген дағды қалыптасады деп ойлаймын. Олар әдемілікті бағалап, түсіне білуді үйренеді. Мектеп маңындағы үлескіде жұмыс істеу процесінде биология ғылымының тәжірибемен байланысы айқындалып, пәнаралық байланыстардың нығаюына жағдай туады. Мектеп маңындағы үлескіде эковолонтерлармен бірге биология пәнінің мұғалімі Сулейманова Жанар Жамқанқызы және Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты филиалының ғылыми қызметкері Байулиев Берік жұмыс жүргізді. Ең алдымен үлескі территориясын ұйымдастырудың, тұқым себудің, отырғызудың ойластырылған жоспары құрылды. Қант қызылшасы жоғары өнімді мәдени өсімдік. Қарқынды түрдегі дақыл ретінде қалыптасып өсу үшін 85 ке дейін әртүрлі химиялық элементтер қажет болады екен. Олардың негізгілері- азот, фосфор, калий, натрий, күкірт көптеген микроэлементтер. Зерттеу жұмысы барысында «Болашақ» қант қызылшасын өсіруде агрономиялық ғылыми негізделген ұсыныстар бойынша егу: сапалы будан тұқымдарын таңдау, егіс алды топырақтарды өңдеу, уақытында органикалық және минерал тыңайтқыштарды енгізу сондай ақ

микротаңайтқыштарды да қолдану , тамшылатып суару әдістерін пайдалану, уақытында арам шөптерге және дақылда кездесетін аурулар мен зиянкестерге интегралды күрес шараларын ұйымдастыру, уақытында өнімді жинау және арнайы орындарға тасымалдау жұмыстарын жасау өнімнен жоғары өнім алуға және топырақ құнарлылығын арттыруға даболады. Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылы осы қант қызылшасын өндіруде өте қолайлы табиғи жағдайға ие.

«Болашақ» қант қызылшасының биологиялық өнімділігі оған жақсы агротехникалық шараларды уақытында қолданса және өсірудің инновациялық технологияларын енгізсе онда қант қызылшасынан өте жақсы өнім алуға болады.

Біз туған жеріміздің , ауылымыздың экологиялық мәселеріне бей-жай қарай алмаймыз. Егін алқаптарының құнарсыздануы , коррозияға ұшырауы , оны болдырмау шараларына тез кірісу- бүгінгі күннің талабы. Еліміздің бақыты үшін, болашағымның баянды болуы үшін осындай мәселерді елдің назарына салып , болдырмау шараларын қарастыруға шақырып отырмыз.

Енді міне , біз де-эковолонтерлер еліміздің болашағы, жеріміздің және қоршаған ортаның экологиясын таза ұстау үшін өзіміздің үлесімізді қоссақ деп отырмыз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл.

Ендігі жерде экологияны зерттеу , одан әрі дамыту біздің , жастардың, үлесіне тиеді.

Көркейтейік табиғатты күш қосып,
Көркемдігін бағалайық бір болып.
Сұлулығын жоғалтпасын ешқашан
Сол үшін аялайық оны әрқашан!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Даламыз – “тыныш”, нуымыз – “түгел” , ауамыз – “таза”, суымыз - “тұнық” болсын!

Эковолонтерлер



БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Тусупова Г.М.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, М.Мәметова атындағы орта мектебінің биология пәні
мұғалімі
e-mail: gulnaz.tusupova.79@mail.ru

Аңдатпа

Биология сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың білімді өмірлік жағдайларда қолдана алуын қалыптастырудағы маңызды қадам. Функционалдық сауаттылық оқушының алған білімін тәжірибеде пайдаланып, қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіну, талдау және шешім қабылдау қабілетін арттыруды көздейді. Биология пәнінің табиғи ғылым ретіндегі ерекшелігі оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, ғылыми негізде ойлануға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың ғылыми сауаттылығы, логикалық ойлау қабілеті және сыни көзқарасы дамытылады. Бұл зерттеу биология сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер арқылы функционалдық сауаттылықты арттырудың тиімді жолдарын анықтауға бағытталған. Оның ішінде зертханалық жұмыстар, жоба қорғау, проблемалық оқыту және пәнаралық байланыстарды пайдалану сияқты тәсілдер талқыланады.

Түйінді сөздер: биология, функционалдық сауаттылық, зерттеушілік дағдылар, экологиялық мәдениет, проблемалық оқыту, пәнаралық байланыс, оқушылардың дамуы.



Келешек елдің тұтқасын ұстайтын бүгінгі жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ұстаз алдындағы ең ауыр міндеттің бірі. Бүгінгі жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде, мұғалім үздіксіз ізденіп, кез-келген тосын сұраққа жауап бере алатын, кез-келген жағдаяттан шыға алатын, білімді болу қажет. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғада ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді, еңбектенуді тоқтатса оның мұғалімділігі де жойылады» деген қағидасын ұлы педагог К.Д.Ушинский айтқан болатын. Мұғалімнің негізгі мақсаты- сабақ барысында оқушыларға терең теориялық және тәжірибелік білім беру.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік; шығармашылық тұрғыда ойлау; шешім қабылдай алу; өз кәсібін дұрыс таңдай алу; өмір бойы білім алуға дайын тұруы.

Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты түсінудің басқа да жолдары бар: адамның жақсылық пен тілектестік рухында тәрбиеленуі үшін қарым-қатынас мәдениетін, жеке кәсіби дайындығын, кәсіби технологиялық дайындығын қамтамасыз етеді. Функционалдық сауаттылық – ұғымы мектептегі берілетін жалпы орта білімнің оқушылардың күнделікті өмірде және болашақтағы көп қырлы қызметінде кездесетін тұрмыстық, қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық т.б жағдаяттарды шешуде табысты қолдана алуын қамтамасыз ету ретінде түсіндіріледі.[3]

Жеке тұлғаның басты функционалдық сапасы белсенділік, шығармашылық пен ойлауға қабілеттілік және стандартты емес шешімдер қабылдай алуы, өзін-өзі дамытуға, өздігінен оқуға, өз білгенін іске асыру болып табылады.

Осы тұрғыда оқушылардың функционалдық сауаттылығы өмірден алатын білім, білік және дағдыларды адам жұмысының әртүрлі саласындағы алуан түрлі тапсырмаларды шешудің, еңбек өнімділігі мен әлеуметтік-экономикалық дамудың тұтас алғандағы әлеуметтік қатынастардың оқушының меңгеретін білім мазмұнымен байланысы арқылы қалыптасады, дамиды..

Қазіргі уақытта, ақпараттық технология қарқынды дамып келеді, олар

педагогикалық кеңістікте терең еніп, білім беруде кеңінен қолданылады. Бейне сабақтар – қазіргі заманғы педагогикалық әдістердің заманауи түрі. Бұл әдістің оқушылардың да, ұстаздардың да білім алу жолында алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінің арқасында мұғалімдер арасында онлайн-сабақ, бейне-конференция, жаңашыл сабақтар қолданысқа ие болып тұр. Бүгінде интернет желісіне қосылу үшін көп уақытымызды алмайтын жағдайға жеттік. Интернет желісіне жылдам қосылып, уақытын тиімді қолданып, белсенді жұмыс істеп жүрген заманауи мұғалімдеріміз бар екені белгілі. Қазіргі таңда оқушы тек білім тұтынушы емес, білімді өз бетімен оқып, меңгере алатындай жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдануы керек.

Осы қажеттілікті толықтыру мақсатында «Төңкерілген сабақ» әдісін биология пәнінде қолдануға болады. Бұл білім алушының үйде мұғалімнің алдын-ала жасалған видеосы арқылы жаңа материалды өз бетімен оқып-үйреніп, қашықтан мұғалімнің көмегімен биология пәні бойынша зерттеу жұмыстарын, тапсырмаларын ұйымдастыру процесін жасауға мүмкіндік көп.. Яғни, үйде – білу түсіну, қашықтан – білімді қолдану көрсету. Мұғалім бұл әдісінде балаларға теориялық материалдан тұратын бейне материалдарды жасайды және оларды электрондық пошта, әлеуметтік желілер, **Google Classroom** арқылы оқушыға жібереді. Көбінесе **Microsoft Power Point** таныстырылымдарын қолданып сабақ жасаған қолайлы, тиімді..

Күрделі материал оқушыларға есте сақтауға қиындық туғызады. Осындай жағдайда мұғалімнің де, баланың да осы тақырыпқа қосымша уақыт бөлуіне тура келеді. Бейне сабақтың білім алушыға тигізер көмегі – тақырыпты меңгере алмай қалғандығы жайлы мұғалімге айтып отырмай-ақ өз бетімен жұмыс істеп, өзіне ыңғайлы уақытта бейне сабақты қосып көре алады. Ал, мұғалім – осы бейне сабақты бір рет қана дайындап қойып, қайта-қайта түсіндіріп отыруға кететін уақытын үнемдейді. «Төңкерілген сабақ» әдісінің ерекшеліктері: қашықтан оқушыларға, өткен материалды ноутбук немесе ұялы телефон арқылы жетік меңгеруге септігін тигізеді; қабылдау қабілеті баяу оқушыларға осы бейнежазбаны бірнеше рет қарап, қайталап, өз білімін керекті деңгейге жеткізіп алуға көп әсерін тигізеді; қашықтан сабақ өту үрдісінде материалды толық түсінбей қалған жағдайда үйде, көлікте, жалпы интернет желісіне қосылу мүмкіндігі бар жердің барлығында өз қалауынша қосып көре алады. Сонымен қатар сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты бекіту, қайталау кезінде **Kahoot**, **Quizizz** ойындарын ойнатып, сабақта пайдаланамын..

Қазіргі өзекті проблемаларды шешуде жалпы биология пәнінің алатын орны ерекше. Биология сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, алған білімдері маңызды практикалық мәселерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын, қызығушылығын арттырады. Сыни ойлауды дамытатын оқу шарттарын, яғни оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін оқушыларға еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру, сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету, кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру, сыни ойлауды бағалау, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға мүмкіндік беру. Сыни тұрғыдан ойлауда ең басты - сұрақтың дұрыс қойылуы. Сыни ойлауда - оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта қойылған әртүрлі сипаттағы сұрақтарға жан – жақты жауап беруге үйретіп қана қоймай, дағдыландырып, нақты ортаны жасау керек. Сабақ барысында функционалдық сауаттылықты сұрақтар қою арқылы пайдалануға болады.

8 сыныптағы «Сезім мүшелері және оның маңызы» тақырыбында мынадай сұрақтар қоюға болады.

1. Терезеге қарап, күннің жарқырап атқанын көрдім. Қандай ақпарат аласың?
2. Біз таудағы су ағынының дыбысын естідік. Біз қандай ақпарат алдық?
3. Ас үйде қайнап жатқан сүт тасып кетті, сен оны қалай байқадың?
4. Егер біз қолымызды отқа жақындатсақ, онда қандай ақпарат аламыз?
5. Мерекелік торт пісірілді. Оның дәмінің тәтті екендігін қалай байқайды?

Сыни сұрақтар:

Сіздің жай көзбен салыстырғанда денешынықтыру жаттығуларын жасау барысында әдеттегіден тыс жиі тыныс алуыңыздың себебі неде?

Қандай себептерге байланысты балалар мен егде адамдарға тұмауға қарсы егу жасауға кеңес береді. Себебін түсіндіріңіз.

Тест тапсырмаларын беру арқылы да оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады.

Мысалы:

Егер, адамдар немесе жануарлар бактериялар арқылы берілетін жұқпалы аурулармен ауырған болса, әдетте жазылғаннан кейін ауруды туғызатын бактериялар бұл аурудың ағзада жүруін болдырмайды. Бұл құбылыстың себебі неде?

- А) Ағза ауруға себеп болатын барлық бактерияларды жояды.
- В) Ағза бактериялардың көбеюін болдырмайтын антидене өндіреді.
- С) Қанның қызыл түйіршіктері сол аурудың себебі болатын бактерияларды жояды.
- Д) Қанның қызыл түйіршіктері бактерияларды жойып, ағзадан шығарады.

«Қан және оның құрамы» тақырыбында менің денемдегі қанның мөлшері қанша? (биологиялық есеп) 47 кг салмақтағы адамның денесінде қанша литр қан бар? Қан адамның дене салмағының 7% -ын құрайтыны бізге белгілі. Жауабы: 47 кг салмақтағы адамның денесінде 3 литр, 29 мл қан бар?

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Бұл әдісті 6 сыныптағы « Мәдени және жабайы, біржылдық және көп жылдық, дәрілік және әсемдік өсімдіктер» тақырыбындағы сыни сұрақтар беру арқылы қолдандым.

1. Мектеп ауласымен үлескесінде өсетін өсімдіктерді білесің бе?

2. Қандай дәрілік өсімдіктерді білесіңдер? Олардың қайсысын қандай жағдайда қолданып көрдіңдер?

3. Өз ауламызда қандай арамшөптер көп кездеседі?

Оқушылар сан түрлі ойларын жеткізді. Итмұрын, алоэ, орамжапырақтың, қызылшаның, сәбіз, картоптың, т. б. басқа да мәдени өсімдіктердің адам денсаулығына пайдасы айтылып, талқыланды.

«Мұғалім және тілші» тақырыбында рольдік ойын арқылы осы конференцияға қатысып отырған ұстаздармен пікір алмасу.

Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынадай тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Оқушылар алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйренеді.

2. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушы ақпараттық технологияларды қолданып, проблемалардың шешімін таба алады.

3. Оқушылар өзгермелі өмірге бейімделуін үйренеді.

4. Оқушылардың жеке бас қабілеттері дамиды.

5. Оқушылардың әлеуметтік – мәдени дағдылары дамиды.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық – әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі емеспа?.

Функционалдық сауаттылықтың белсенді стратегиялар арқылы оқытудың тиімділігі:

Мұғалім үшін: Әрбір оқушының өзгешелігін ескере отыра жеке білім алу траекториясын құру.

Оқушы үшін: Өз білімін жете түсіну, өмірде қолдану, өз жұмысын бағалай білуі.

Ата-ана үшін: Баланың білім алуындағы өсу деңгейін қадағалауы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлтық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ

Ишонкулова Ж.Д.

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Ю.А.Гагарин атындағы орта мектебінің физика пәні мұғалімі
e-mail: zanagulzanagul51@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада ұстаздық мамандықтың маңызы, оның қоғамдағы мәртебесі мен адам өміріндегі рөлі қарастырылады. Ұстаздық тек кәсіби қызмет қана емес, сонымен бірге үлкен жауапкершілікті, табандылық пен үздіксіз ізденісті талап ететін өмірлік миссия ретінде сипатталады. Автор өзінің педагогикалық жолын, алғашқы қадамдарынан бастап, жиырма жеті жылдық тәжірибесі арқылы мамандыққа деген адалдығы мен сүйіспеншілігін баяндап береді. Мақалада ұстаздық жолдың қиындықтары мен жетістіктері, шәкірттер тәрбиелеудегі рөлі мен маңыздылығы туралы ой-толғамдар ұсынылған. Сонымен қатар, ұстаздың кәсіби дамуындағы ұмтылыс пен мақсаткерлік қажеттілігіне ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: ұстаздық мамандық, жауапкершілік, білім беру, педагогика, кәсіби даму, шәкірт тәрбиесі, ізденімпаздық.



Адам шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, тұлға болып қалыптаса бастайды. Былдырлап сөйлеп, тәй-тәй басып ата-ана мейіріміне бөленеді.

Өмірдің тоқтаусыз ағысымен бірге есейіп, білім алу үшін мектеп деген киелі орданың табалдырығын аттайды. «Білім» атты үлкен кемеге жолдама алады. Сол кемедегі ұстаз атты капитанға бағынып, өзінің жан-жақты ақыл-ойын дамытып, біліммен сусындайды.

Кез-келген шәкірттің мектеп табалдырығын аттағаннан кейін, мамандық таңдау мәселесі тұрады. Бұл біздің өміріміздегі ең басты қадам болмақ.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, өзіміз арман еткен қызығушылығымызға қарай мамандық таңдаймыз. «...Арман құдың ба, алдыңа қара, артыңа алаң болма! Өмірдің өткелін іздеп таптың ба, жүрексіңбе, көзді жұм да, қойып кет, белді шеш те, кешіп өт...» деп, Қайрат Рысқұлбеков айтқандай, айқын мақсат, асқақ арманыммен менде өз таңдауымды жасадым.

Менің жүрек қалауым қиындығы мен қызығы қатар жүретін, үлкен жауапкершілік иесі ұстаз мамандығы болды. Бұл мамандықты таңдау маған қиынға соқпады. Бала күнімнен «ұстазды ұлылықтың, адалдықтың» жаршысындай көрген мен үшін бұл мамандықтан асқан сала болмады.

Ұстаз мамандығының үлкен жауапкершілікті, ізденісті талап ететінін ұғына отырып, сол жолда еңбек етуім үшін 1998 жылы Өзбекстан Республикасы Бұхара Мемлекеттік университетін бітіріп, Қарауылбазар ауданындағы №2 орта мектебіне жұмысқа орналастым. Ұстаз мамандығының мәртебесін көтеру өте маңызды екенін алғаш жұмысқа кірген күнімнен-ақ түсінгенмін. Өз мамандығын сүйетін, шәкірттердің жүрегіне жол таба алатын ұстаз ғана табандылық танытып, биіктерге өрлей алады. Ұстаздық жолға бет бұрған соң, оның міндетін түсініп алу өте маңызды. Бұл мамандыққа үстіртін қарауға болмайды, дегенмен бұл мамандыққа өз қалауымен келмеген ұстаздар да баршылық. Ол-үлкен қателік! Өмірде дұрыс бағыт таңдау өзіңнің де өзгенің де болашағы үшін өте маңызды. Ұстаздық-дара жол, даңғыл жол! Бұл жол қажырлы еңбек пен үнемі ізденімпаздылықты талап етеді. Ұстаздың да ұстазы бар! Өз кәсібін сүйетін адам ғана өз ісінің шебері болмақ!

Бүгінгі таңда ұстаздың даңғыл жолында еңбек етіп келе жатқанымға жиырма жеті жылдан асты. Осы уақыт аралығында қаншама шәкірттерді дайындап, үлкен өмір жолына ұшырдым. Қазір Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Ю.Гагарин орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі болып қызмет жолымды жалғастырып келемін. Күн сайын емес сағат сайын өзгеріп отырған заманның ағысына ілесу үшін, біз,

мұғалімдер аянбай еңбек етіп келеміз. Еткен еңбегіміз өз жемісін беріп, оқушыларымыз жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасып, мемлекетіміздің гүлденуі жолында еңбек ететін азамат болса бізге одан артық марапат жоқ.

Менің ұстаз ретіндегі кәсіби ұстанымым – Отаныма рухани жағынан діңгегі мықты, әлемдік аренада еркін көсіле алатын, білім мен тәрбиені бойына сіңірген, заманына сай ұрпағын тәрбиелеуге өз үлесімді қосу. Жас мемлекетімнің гүлденіп, дамуы бүгінгі жас жеткіншектерге тікелей байланысты. Кәсіби ұстанымымды жүзеге асыру үшін не істеуім керек?

Ең алдымен заман талабына сай технологияларды меңгере отырып, оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыру. Ол үшін түрлі ойындар мен тәжірибелерді қолдана отырып әр сабағыма тиянақты дайындық жасау. Өз пәнін риясыз жақсы көретін әр ұстаз үнемі ізденісте болады. «Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз», -дегендей әркезде жаңа дүниелерді үйреніп, оқушылармен бөлісу керек. Қазіргі балалар тез қызығады және дәл солай тез жалығып кетеді. Байқасаңыздар, әрбір оқушы өзінің телефонындағы ойынды әрбір екі ай сайын ауыстырып отырады, немесе асық ойнаса бірнеше күннен кейін одан жалығып, басқа ойынға қызығады. Сол себепті біз мұғалім болғандықтан әр кез оқушыларға сабақ беру тәсілдерімізді өзгертіп отыруымыз қажет. Яғни, біз оқушылармен бір толқында болып, жаңа технологияларды жақсы меңгеріп, трендтерді де біліп, оқушылардың тілінде бір деңгейде, оқушымен дос форматында болып сөйлесе алуымыз қажет деп ойлаймын.

Ұстаз алдындағы басты міндет – ХХІ ғасырдың есігіне еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танытын, рухани дүниесі бай, жан-жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу. Болашақта өз оқушыларымыздың бойынан Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен рухани құндылықтарды көргім келеді. Нық мақсат пен айқын жеңіске жететін жас ұрпақты тәрбиелеу жолында қызмет етсем деймін.

Қорытындылай келе, ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік пен мейірімділік нұрын сеуіп, білімін, өнерін шыңдау – менің арманым. Балаға деген шексіз махаббаттың иесі ғана өз еңбегінің жемісін көре алады. Еліміздің елеулісі, халқымыздың қалаулысы болатын, елімізге адал әрі пайдалы қызмет ететін ұрпақтарды тәрбиелеу – ел алдындағы үлкен жауапкершілік. Президентті де, ғалымды да шығаратын асыл міндет иесі болу – біз үшін үлкен жауапкершілік, ұлы міндет. Кішкентай болса да елімнің өркендеуіне,

дамуына, саналы, тәрбиелі ұрпақтардың көп болуына өз үлесімді қоссам менің арманымның орындалғаны деп білемін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты". – Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана: 2007.
3. Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы: 2008.
4. Құнанбаева С.С. Мәдениетаралық коммуникация және шетел тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
5. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары: Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Рауан, 2005.
6. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Білім беру стандарттары және оқыту әдістемелері: тәжірибелік жинақ. – Алматы: 2020.
7. Жиенбаева Р.А. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы әдістемелік тәсілдер. – Педагогика және білім журналы, №5, 2016.
8. Әлімқұлов Ж. Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы оқыту технологиялары. – Астана: 2019.
9. Искакова Л.К. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар: білім беру үрдісіндегі жаңа мүмкіндіктер. – Білім журналы, №4, 2020.
10. Сейітқалиев Ж. Бастауыш мектептегі тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелері. – Алматы: Рауан, 2018.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2000.
12. Педагогикалық шеберлік орталығы. Мұғалімдердің функционалдық сауаттылығын дамыту. – Алматы: 2021.
13. Физика және астрономия: әдістемелік журнал. – Алматы: 2022.
14. Базарбаева З.М. Қазақ тіліндегі фонетикалық зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2004.
15. Ғылыми-практикалық конференция материалдары: "Білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты дамыту". – Астана: 2021.

САЯСИ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТИНІҢ РӨЛІ

Тасқұл Т. Ж.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
2 курс магистранты, Алматы қаласы. Қазақстан
e-mail: taskitalgat@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада саяси шешім қабылдаудағы жасанды интелектінің рөлі қарастырылды. Қазіргі заманда технологиялардың қатты дамыған заманында озық елдерде Сингапур, Корея, Жапония жасанды интелектіні саяси шешім қабылдауда түрлі әлеуметтік, экономикалық қала жоспарлау ақылды қала жобасы секілді маңызы бар шешімдерді жасап жатыр. Бұл үдерістің пайдасы мен зияны қауіп қатерден қалай құтыла аламыз осының бәрі жан жақты бұл мақалада талқыланады, деректерді талдау базасы, Саясатты модельдеу, Ашықтық пен есеп берушілік сонымен қатар Бұл мақалада AI дайындығы мен басқару статус-квосын зерттейді және саясат пен құжаттарды талдау арқылы AI реттеу мен басқаруды жүзеге асырудың тәсілдерін анықтайды. Біз кейбір елдердің стратегиялар мен нұсқаулар арқылы «жұмсақ реттеуден» ережелерді орнату және AI туралы заңдар арқылы «қатаң реттеуге» өтіп жатқанын байқаймыз. Біз Азиядағы AI реттеушілік ландшафт ЕО, Қытай және АҚШ арасындағы жаһандық AI бәсекелестігі, сондай-ақ көптеген Азия елдерінің өз тарихын, экономикасы мен саясатын ескере отырып қабылдауы мүмкін прагматикалық жолдарға байланысты әртүрлі жобаларды талдаймыз.

2. Неге бұл сынып/пән/параллель? Зерттеу жүргізілген сыныптың қысқаша сипаттамасы
3. А, В, С деңгейлі оқушылардың қысқаша мінездемесі
4. Lesson Study аяқталған соң, А,В,С деңгейлі оқушылардың күтілетін нәтижелерінің нақты әрі қысқаша сипаттамасы.
5. Осы нәтижелерге қол жеткізу үшін әр сабақта не жоспарланды (әдістемелер, тәсілдер, стратегиялар және т.б)?
6. Оқушылар мұғалімнің ұсынған әрекеттеріне қалай жауап берді?Әр сабақта берген жауаптар мен жетістіктердің күтілетін нәтижелерге сәйкестік дәрежесі қандай болды?
7. Сабақ өткізуде қандай қиындықтар болды?
8. Зерттеу аясында өткізілген сабақтар сізге не берді? Оқушыларға?

Тақырыптың өзектілігін анықтау мақсатында осы сыныпта LS өткізуді жоспарладық. Бұл проблемалар 8 сыныптардың барлығында бар екендігін анықтай отырып, фокус топ құруға бірлесіп жұмыс істеуді шештік. Сыныпта өз тәжірибемізге сүйене отырып SWOT талдау жасадым.

Нәтижесінде:

<p>Күшті жағы:</p> <p>Кейбір оқушылардың диалогқа түсуі, өз ойын еркін айтуы</p>	<p>Мүмкіндігі :</p> <p>1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра білу</p> <p>2.Сабақ барысында мүмкіндігінше барлық оқушыларды қамту</p>
<p>Әлсіз жағы :</p> <p>1.«Талдап жаз» әдісінде оқушылар тапсырманы талдап ,өз ойын қосып жазуда қиындықтар болды</p> <p>2.Топта жеке рөл берілмесе, кейбір топ мүшелері белсенді болмауы.</p>	<p>Қаупі :</p> <p>1.Тапсырманы орындамай,мұғалім көмегіне жүгінуі.</p> <p>2.Белсенділіктің жоқтығы.</p>

Сыныптың күшті жақтарына байланысты сыныпты ұйымшыл, өнерлі, шығармашыл, дарынды, тәртіпті балалардың бар екенін атап айтқым келеді.

Әлсіз жақтарына сыныптағы психологиялық ахуалдың тұрақсыздығын,балалардың ойының жүйелілігі жоқтығын, сабақта оқушылардың біразының белсенді емес екенін анықтадым.

Мүмiндiктерге оқытудың жаңа әдiс-тәсiлдерiн пайдалану арқылы сынып оқушыларының белсендiлiгiн арттыруға, оқытудың тиiмдiлiгiн дамыту үшiн ақпаратты технологияларды тиiмдi пайдалануға, тақырып бойынша берiлген мәлiметтердi сыни тұрғыдан қарауға үйретуге болатындығын айттым.

Ал қауiптерге қоданылған әдiс-тәсiлдердiң жүйесiздiгiнен тиiстi нәтиже бермеуiн, сыныпта ынтымақтастық атмосферасының орнамай қалу қауiпiн, тақырып бойынша берiлген мәлiметтерге сын көзiмен қарай алмауының кесiрiнен сабақтардың тиiстi нәтижеге жетпей қалуы мүмкiн екенiн айттым.

Сонымен өз тәжiрибемде А,В,С деңгейiндегi оқушылар SWOT талдаудың барысында да сәйкестiгiн байқадым. Фокус топпен ақылдаса отырып осы үш оқушыларды сабақ барысында бақылау жүктелдi.Сабақтың құрылымын толық жоспарлай отырып, оқушылардың ерекшелiгiне сәй әдiс-тәсiлдердi таңдадық.

Алғашқы зерттеу сабағы 8 «Ә» сыныбында 17.01.2024 ж. күнi өткiзiлдi. Тақырыбы: «Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары.Параллелограмм және оның ауданы». Сабақтың мақсаты: параллелограмның ауданы формуласын қорытып шығару.

Бiлiм стандартына сәйкес құрылған оқу мақсатына бағытталған тапсырмаларды таныстырар болсам, ұлттық құндылықтарды оқушылардың бойларына дарыту мақсатында «киiз үй» әдiсi арқылы оқушылар топқа бөлiндi. «Сынып көмегi» әдiсi арқылы үй тапсырмасы тексерiлдi. Сабақта қол жеткiзетiн мақсат және де бағалау критерийлерiмен оқушыларды таныстырып өттi. Жаңа тақырыпқа көшпес бұрын өткен тақырыпты «Бес қадам» әдiсiн қолдана отырып, ауызша жауаптар алынды. Жаңа тақырыпқа қысқаша тыңдалым арқылы түсiнiктеме бердi. Тақырыпты бекiту мақсатында оқушылар топпен семантикалық карта әдiсi арқылы тапсырмалар орындады, жұптасып «Ойлан,жұптас,бөлiс» әдiсi арқылы есептер шығарды, жеке жұмыста оқушылар оқулықтан тақтада есептер шығарды. Сабақ соңында «Жетi қарақшы» әдiсi арқылы бiлiм алушылардың бiлiм нәтижелерi шығарылып, керi байланыс алынды.

Мұғалiм тәжiрибесiндегi зерттеудiң екiншi сабағы 26.01.2024 ж. күнi өткiзiлдi. Тақырыбы: «Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары.Параллелограмм және оның ауданы».Оқу мақсаты: 8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану». Сабақты өткiзбес бұрын сұлба жоспары жасалып, кездесуде талқыланды. Екiншi зерттеу сабағы алғашқы сабақтың қорытындысындағы ұсыныс ескерiле отырып құрылды және өткiзiлдi. Оқушылар

«Фонарик» әдісі арқылы топқа бөлінді. Өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында "коверттегі сұрақ" және семантикалық карта әдісін қолданды. Тақырыпты бекіту мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындады. «Comment, No comment, Halp» әдісі арқылы жұптасып есептер шығарды. Сабақ соңында оқушыларға тест тапсырмалары берілді. А деңгейлі оқушы тапсырманы орындап, өзге оқушылардан бөлек өз нұсқасын ұсынды. Күтілген нәтижеден де әрекеті жақсы болды. С деңгейлі оқушы сабақта өз ойын айтуға ұмтылды. Сабақтан кейін оқушылардан сұхбат алынды.

Үшінші сабақ 06.02.2024 ж. күні «Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары» тақырыбында өткізілді. Оқу мақсаты: 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану. Өтілген тақырып қайталау мақсатында Plickers платформасында тест тапсырмалары орындалды. Миға шабуыл әдісі, «Мен таптым!» әдістері тиімді қолданылды. Сабақтан кейін оқушылардан сұхбат алынды. Сұхбаттасу арқылы оқушылар өз ойларын ашық әрі тиянақты айтуға тырысты. Сабақ туралы жақсы пікірлерін білдірді. Осындай жұмыс түрлері оқушыларды сыни ойлауға үйретіп, белсенділіктерін арттырып, өзін-өзі реттеуге үйрететіні байқалды. А оқушысы – сыныпқа жаңадан қосылған оқушы болғандықтан тоқсан басында белсенділігі төменірек болды, дегенмен зерттеу сабақтары барысында өте белсенділік танытып, үздік оқушы екенін дәлелдеді. В оқушысында белсенділік пайда болып, ойын қысылмай еркін айтуға үйренді. Ал, С оқушысының сабақ қызығушылығы оянды.

Қорытындылай келе оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары мен ынталарын белсенді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы арттыруға болатындығына практикалық тұрғыдан көз жеткіздім. Зерттеу сабақтары арқылы бәсекелестік ортаны қалыптастыра ала алдым

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдау: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». – Астана, 2012.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
3. Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2008.
4. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістеме: теория және тәжірибе. – Алматы, 2013.
5. Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2018.
6. Lesson Study тәсілі бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Педагогикалық шеберлік орталығы, 2020.
7. Wiliam D. Embedded Formative Assessment. – Solution Tree Press: Bloomington, 2011.
8. Hattie J., Timperley H. The Power of Feedback. // Review of Educational Research, 77(1), 2007, 81-112.
9. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2014.
10. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық жоспар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы).
11. Педагогикалық шеберлік орталығы. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. – Алматы, 2021.
12. Brookhart S.M. How to Give Effective Feedback to Your Students. – ASCD: Alexandria, 2017.
13. Black P., Wiliam D. Assessment and Classroom Learning. // Assessment in Education, 5(1), 1998, 7-74.
14. Сабақтағы кері байланыс: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Білім инновация орталығы, 2021.
15. Құнанбаева С.С. Шетел тілін оқыту әдістемесі: мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
16. Интерактивті әдістер мен Lesson Study тәсілінің тиімділігі туралы зерттеулер. – Алматы: Білім және ғылым орталығы, 2023.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ - БҮГІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Смагулова Ш.С.

№44 жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
педагог-сарапшы, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: shynar210376@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада тек педагогикалық зерттеу әдістері ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі «Ұмыт қалып бара жатқан ұлт зиялылары» жайлы да сөз болады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті өкілдерінің қазаққа жасап кеткен игі істері туралы да айтылады. Ұлттық интеллигенцияның мұрасы - бүгінгі күні ғана емес, ертең де ең қажетті мұра. Сондықтан әрбір Алаш қайраткерінің тұлғасы - бұл ел үшін де, біздің тіліміз үшін де, менталитет үшін де, дін үшін де қасиетті тұлға. Мақсаты. Педагогикалық зерттеулер жүргізе отырып, оның қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалардың есімдерін ұмытпау. Қазіргі уақытта Қазақстанда қазіргі жастардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығының төмендеу үрдісі байқалуда. Сол себепті қазақ әдебиетіне деген қазақ жастарының қызығушылығын ояту.

Түйінді сөздер: Педагогика, мұғалім, әдебиет, Алаш зиялылары, болашақ, зерттеушілік, кәсіби даму, білім беру.



Егеменді елдің ертеңгі оқу-білімінің тереңдігімен өлшенеді. Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Оқушыға белгілі бір дәрежеде білім берумен қатар оқуға, үйренуге деген ынтасын арттыру әр ұстаздың басты міндеті. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, жалпы оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру – ешқашан күн тәртібінен түспейтін мұғалімдерге қойылатын басты талаптардың бірі. Тереңнен толғасақ, Алаш зиялылары аумалы-төкпелі кезеңде, «қазақ халқы келешекте жер бетінде өмір сүре ме?» деген сұрақ туындаған дәуірде өмір сүріп, халқының болашағы үшін бастарын бәйгеге тікті. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың руханиятында қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Қазақ тілінің жанашырлардың бірі Ә. Бөкейхановтың «Мұсылман съезі» атты мақаласынан, оның ұлттық ана тілге деген махаббаты анық байқалады. Автор мұсылман съезінің заңындағы мекемелерде қағаз татарша жазылсын деген шешімге үзілді-кесілді қарсы шығып: «Біздің тілді қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін, біздің кітап жазып, газет, журнал шығара бастағанымызға осы 3-4 жыл ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта», – деп Абай, Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, т.б., барлығы 18 өлеңді мысалға келтіріп – «Осылардай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалайша жоқ болады. Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, «Тарғыннан» һәм өзгелерден бұл көрініп тұр ғой», – деп жазады [1.80 б].

Алаш Орданың бүгінгі қазақ педагогикасына, қазақтың қазіргі тұрмысына, қазақтың болашағына тигізген үлесі орасан зор.

-Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арнайы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады.

-Екіншіден, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды.

-Үшіншіден, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады.

Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін

көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, өне бойы отаршылдықта өткен ХІХ ғасырда қарсылық пен сынның құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық ірі қызмет жүктелді. А.Байтұрсынұлы *«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл»*-деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да, тіл екендігін алғаш аңғартты.

-Төртіншіден, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты.

-Бесіншіден, Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылымикөпшілік стильдерін қалыптастырды.

-Алтыншыдан, Алаш қаламгерлерінің аударма саласындағы алуан еңбектерінің нәтижесінде қазақ аудармасының негізі қаланды.

-Жетіншіден, Алаш қайраткерлері жалпылай келгенде, Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ съездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады [3.5б].

Алаш Орданың жетекшілері Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлы бастаған бірнеше ұлт зиялыларынан тұрды.

Қазіргі педагогика, қазақ педагогикасы жайлы айтар болсақ, тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі - білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты, іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтары мен түрлі өзгерістері еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді

көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Біздің ойымша, ең алдымен қазақ тілі барлық саладағы жетекші тілге айналуы керек. Сонда тіл жетіледі, ысылады, ұшталады. Кейде: «Қазақ тілі дамыған, оны дамыту қажет емес, тек қолдану керек» деп жатамыз. Тіліміздің бай, икемді, бейнелі екендігін бәріміз білеміз. Дегенмен толық абсолютті дамыған тіл болмайды. Тарихтың әрбір дәуірінде бұрыннан бар сөздердің жаңа ұғымдармен толығып, ауыспалы көркем мағыналар туып, солардың негізінде жаңғырып тұратыны белгілі. Сонымен бірге сөздердің өзара тіркесу мүмкіндігі артып, жаңа сөз тіркестері, оралымдар да жасалып жатады. Оны бүгінгі өмірімізден көріп отырмыз. Тілдің даму үдерісі тоқтамайды. Егер ол тоқтаса, ол тіл заман талабынан кенжелеп қалады. Тілдегі бұл үдерістердің туындауы, әлбетте, қоғамдық өзгерістермен тікелей байланысты. Шынында да, солай. Мұны сонау ХХ ғасырдың басында Алаш зиялылары тереңнен түсінген. Қазіргі уақыттағы мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері жайлы тоқталып кетуімізге болады. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы мұғалімнің тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Мұғалімнің қызметі өте күрделі, әрі көп салалы. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты бәсекеге қабілетті маман даярлау. Осы талапқа орай ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, оқушының жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арын таза ұстау - әр оқытушының борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, оқу орнын шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация оқытушысы - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға. Нарық жағдайындағы оқытушыларға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби біліктілігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі[2.118б].

Мұғалімнің маңызды қасиеттерін білдік, ал енді сабақты зерттеу әдісі дегеніміз не? Ең біріншіден, сабақты зерттеу әдісі, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігі, екіншіден, оқушылардың білім сапасын арттырудың бірден бір жолы екендігі белгілі. Қай кезде де мұғалім мектептегі негізі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен 278 меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім.

Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби құзіретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жаңашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады. Сабақты зерттеу - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес [4. 3 б].

Мұғалімнің зерттеушілік қызметі арқылы оқытуды тәрбиемен ұштастыра жүргізуде Алаш зиялыларының ұлт үшін атқарған қызметін байланыстыруға болады. Біріншіден, Алаш арыстары қалаған бейбіт күнді біз көріп жатырмыз. «Не жеймін, не киемін?» деген сұрақтар бізді ойландырмайды. Білім алу жолындағы барлық жағдай жасалған. Тек қана еріншектік пен жалқаулықтан арылып, өзімізге қажетті әрі сапалы білім алуға тиіспіз. Алаш арыстары аңсаған азаттықтың ақ таңын біз әр күн сайын атырудамыз. «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп елінің келешегіне алаңдап өткен Алаш зиялыларының қайсыбірі болмасын ең жоғарғы атаққа лайық. Өкінішке орай, біз Алаш зиялылары дегенде, бірінші Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды арыстарды ғана есімізге түсіре аламыз. Алаш үшін басын бәйгеге тіккен көп арыстарымыздың есімі әлі күнге дейін белгісіз. Ел үшін жасалған еңбекті ұмыт қалдырмау үшін, әрбір мұғалім өзіндік оқыту әдістемесі арқылы өз үлесін қосуы қажет. Ол үшін мұғалімнің зерттеушілік қызметі қандай пәнде болмасын сабақты зерттеу арқылы, оқушылардың оқуын дамытуына, және педагог ретінде кәсіби өсуіне жол ашады. Қазақтың мәдени-рухани дамуына тұңғыш болып үлес қосқан тұлғалар туралы не білеміз? Мұғалімнің зерттеушілік қызметі арқылы, қазақтан шыққан тұлғалар жайында қарастырып, олардың жасаған үлгі істерін жас ұрпаққа көрсете отырып, олардың бойындағы ел мен жердің тарихына деген сүйіспеншілігін оятуымыз керек. Ел мен жерін сүйген бала, түбі ел мен жер үшін қызмет ететін, ұлағатты ұрпақ болары сөзсіз. Ал, енді еліміздегі ең бірінші тұлғалар жайлы қысқаша тоқталып, оларды қалайша балаларға түсінікті әрі қызықты етіп сабақ өткізе аламыз?

Біріншіден, олардың болашағына үлкен сеніммен қарау. Ұстаз бен шәкірт арасында тығыз байланыс болуы қажет.

10-11 сынып оқушылары арасында Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығына арналған «Ыбырай ізімен» атты интеллектуалды квест өткіздік. Интеллектуалды квест барысында оқушылар 2 топқа бөлінді:

1-станция. «Кім тапқыр?» Ыбырай Алтынсарин өмірі мен

шығармашылығына байланысты сұрақтар.

Ойынның шарты: Әр топ 5 сұраққа дұрыс жауап беру арқылы квесттің келесі станциясына жолдама алады.

2-станция. «Мен арнаймын өлеңді»

Ойынның шарты:

1. Ы.Алтынсарин туралы 2 шумақ өлең шығару

2. Ы.Алтынсарин туралы баяндама жасау

3-станция. «Актерлік шеберлік»

Ойынның шарты: Оқушылар екі топқа бөлініп Ы.Алтынсарин әңгімесінен көрініс көрсетеді. Дайындыққа 5 минут беріледі.

1- топ «Жаман жолдас», 2- топ «Мейрімді бала»

Әр кезең бойынша топ оқушылары өздерінің өздерінің зерттеушілік дағдыларының жоғары дәрежеде қалыптасқандығын және дарындылықтарын әр тапсырма барысында өлең шығару, көрініс көрсетуде актерлік шеберліктерін жоғары дәрежеде ұйымшылдықпен көрсете білді. Себебі, әр оқушы – жеке тұлға. Олар әрбір күн сайын дамып отырады. Оқушыларды жігерлендіру, оларға болашақ мамандықтары үшін үлгі болатын тұлғаларды дәріптеуіміз қажет. Мысалға, қазақтан шыққан тұңғыш профессор – Санжар Асфендияровты ерекше айтуымызға болады. Одан кейін білім беру саласында Социалистік Еңбек Ері атағын алған тұңғыш қазақстандық – Рафиха Бекенқызы Нұртазина жайлы айтпай кетуге болмайды. Сабақ беру әдістемесі бойынша 200-ден астам еңбектің авторы атанған тұлға. Тұңғыш қазақ кәсіби дәрігері Мұхамеджан Қарабаев және Кеңестер Одағында арнайы жоғары білім алған тұңғыш қазақ қызы Аққағаз Досжанова сынды тұлғалардың есімін бүгінгі ұрпақ мәңгі жадында сақтауы тиіс деп ойлаймыз [5. 4 б].

«Білеке сенген заманда – ешкімге есе бермедік,

Білімге сенер заманда, Қапы қалып жүрмелік» - деген, ұлы көреген Абылайхан атамиздың ой-тұжырымы қазіргі уақыттағы еліміздің білім беру кеңістігіндегі көтеріліп отырған мәселелерді шешуге батыл кірісу басты мақсатымыз екендігіне бағыт береді.

Әдебиттер тізімі

1. Смағұлов, Ж. (2017). *XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы* [Қазақ әдебиеттануының XX ғасырдағы дамуы]. Астана: Фолиант.
2. Берікханова, А. Е. (2015). *Педагогикалық мамандыққа кіріспе* [Педагогикалық білім негіздері]. Алматы: ҚазҰПУ.
3. e-history.kz. (б.ж.). *Қазақстан тарихы порталы* [Қазақстанның тарих және мәдениет порталы]. <https://e-history.kz> мекенжайынан алынды.
4. Жолдыбаева, С. М. (б.ж.). *Сабақты зерттеу әдісі – жаңашыл мұғалімнің шыңдалуы* [Сабақты зерттеу әдіснамасы]. Лисаков: №3 орта мектеп.
5. uvision.kz. (б.ж.). *Қазақтың ашық блог платформасы*. <https://uvision.kz> мекенжайынан алынды.
6. Мырзахметұлы, М. (2020). *Абайтану ғылымының негіздері* [Абай шығармашылығының зерттеулері]. Алматы: Рухани жаңғыру.
7. Қасымов, Б. Б. (2018). *Қазақ хандарының саяси жүйесі* [Қазақ хандығы: тарих пен дәстүр]. Түркістан: Отырар кітапханасы.
8. Мұстафаева, Ә. Қ. (2019). *Қазақ философиясы және шығыс өркениеті* [Шығыс өркениетінің қазақ мәдениетіне ықпалы]. Астана: Назарбаев Университеті баспасы.
9. Байжұмаев, С. (2021). *Ұлы Жібек жолы және мәдени алмасу* [Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы]. Шымкент: Оңтүстік Қазақстан баспасы.
10. Мұхтарұлы, А. (2022). *Тәңіршілдік және түркілердің дүниетанымы* [Түркі мәдениетінің діни негіздері]. Алматы: Тұран университеті баспасы.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Саменова Л.С., Берикболова Б.Т.

«№44 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімдері, Абай облысы, Семей қаласы
Қазақстан Республикасы
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы мен оны жүзеге асыру әдістері қарастырылады. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу – оқушының рухани, мәдени және әлеуметтік дамуының негізі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы оқушылардың ұлттық бірегейлігін сақтау, патриотизм мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға қол жеткізуге болады. Әдістемелік бөлімде ұлттық құндылықтарды білім беру мен тәрбие процесінде тиімді қолдану әдістері ұсынылған. Бұл бөлімде ұлттық дәстүрлер, салт-дәстүрлер және мәдени мұраларды сабақ мазмұнына енгізу жолдары қарастырылған. Сонымен қатар, интерактивті оқыту, әңгімелеу, рөлдік ойындар және шығармашылық тапсырмалар арқылы ұлттық құндылықтарды оқушылар бойына сіңіру әдістері көрсетіледі. Практикалық бөлімде нақты сабақтар мен іс-шараларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған мысалдар келтірілген. Сабақ үлгілерінде оқушыларды белсенді қатыстыру, олардың қызығушылығын арттыру және білімді іс жүзінде қолдану тәсілдері сипатталады. Ұсыныстар бөлімінде мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар мен тәжірибелік кеңестер берілген. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу арқылы білім беру процесін жақсартудың жолдары талқыланады.

Түйінді сөздер: ұлттық құндылықтар, білім беру, тәрбие, әдістеме, практика



Кіріспе

Білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ұлттық құндылықтар қоғамның мәдени, рухани және әлеуметтік негіздерін қалыптастырады, сондықтан оларды жас ұрпаққа жеткізу өзекті мәселе болып табылады. Білім беру процесі тек қана білім мен дағдыларды үйретумен шектелмей, оқушылардың жеке тұлғалық дамуын, ұлттық бірегейлік пен патриоттық сезімдерін нығайтуды көздейді.

Осы мақалада білім беру арқылы ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізудің маңыздылығы мен жолдары қарастырылады. Мақаланың мақсаты - ұлттық құндылықтарды оқушы бойына қалыптастыру әдістерін зерттеу және тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін талқылау. Осы мақсатта отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалады, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемелерінің ерекшеліктері мен тиімділігі талданады.

Қазіргі уақытта көптеген зерттеушілер ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлуде. Мысалы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры С. Әбдіғалиеваның зерттеулерінде қазақ халқының дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін оқыту арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарын нығайту жолдары қарастырылады. Шетелдік тәжірибеде де ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу мәселесі маңызды болып табылады. Мысалы, Жапонияда оқушыларды тәрбиелеуде ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйретуге ерекше көңіл бөлінеді.

Әдістеме

Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемесі көптеген аспектілерді қамтиды. Бұл бөлімде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қолданылатын негізгі әдістер мен тәсілдер сипатталады.

Бірінші кезекте, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қолданылатын әдістердің бірегейлігін атап өткен жөн. Мысалы, интерактивті әдістер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтармен таныстыру тиімді болып табылады. Интерактивті әдістер оқушылардың белсенді қатысуын талап етеді, бұл олардың білім алу процесіне қызығушылығын арттырады.

Екіншіден, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу процесінде ұлттық мәдениет элементтерін қолдану маңызды. Мысалы, ұлттық өнер, музыка, әдебиет және

қолөнер сабақтары арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға болады. Мұндай сабақтарда оқушылар ұлттық мұралармен танысып, оларды өз қолдарымен жасап көруге мүмкіндік алады.

Үшіншіден, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу процесінде ата-аналардың рөлі ерекше. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, мектеп ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиемен үйлестіруге ұмтылады. Ата-аналар жиналыстары, отбасылық шаралар және басқа да іс-шаралар арқылы ата-аналар мен мектеп арасында тығыз байланыс орнатуға болады.

Практикада қолдану

Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемесін іс жүзінде қолдану түрлі білім беру процестерінде жүзеге асырылады. Бұл бөлімде осы әдістемелерді қолдану мысалдары мен нәтижелері сипатталады.

Бірінші мысал ретінде, қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарды оқыту тәжірибесін қарастыруға болады. Мысалы, қазақ тілінің грамматикасын оқыту барысында ұлттық мақал-мәтелдер, өлеңдер және әдеби шығармаларды қолдану оқушылардың тілдік дағдыларын нығайтып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды терең түсінуге ықпал етеді.

Екінші мысал ретінде, мектептегі ұлттық мерекелер мен іс-шараларды ұйымдастыру тәжірибесін келтіруге болады. Ұлттық мерекелерді атап өту барысында оқушылар ұлттық дәстүрлер мен салт-дәстүрлермен танысады. Мысалы, Наурыз мерекесін атап өту кезінде оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын ойнап, ұлттық тағамдарды дайындап, ұлттық киімдерді кию арқылы ұлттық құндылықтарды сезінеді.

Үшінші мысал ретінде, мектептегі жобалық жұмыстарды қарастыруға болады. Мысалы, оқушылар ұлттық құндылықтарға арналған жобалар жасап, өз жұмыстарын сыныптастары мен мұғалімдер алдында қорғайды. Мұндай жобалық жұмыстар оқушылардың ұлттық құндылықтарды зерттеп, оларды түсініп, бағалауға мүмкіндік береді.

Ұсыныстар

Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемесін оқу процесіне сәтті енгізу үшін бірнеше ұсыныстар беруге болады. Біріншіден, мұғалімдерге ұлттық құндылықтарды оқытуға арналған арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру қажет. Бұл мұғалімдердің әдістемелік біліктілігін арттырып, ұлттық құндылықтарды тиімді үйретуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, оқушылармен жұмыс істеу барысында ұлттық құндылықтарды әртүрлі әдістер арқылы жеткізу қажет. Мысалы, интерактивті сабақтар, шығармашылық жұмыстар, жобалық жұмыстар, ұлттық мерекелер және басқа да іс-шаралар арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады.

Үшіншіден, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуде ата-аналардың рөлін нығайту қажет. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, мектеп ұлттық құндылықтарды отбасылық тәрбиемен үйлестіруге ұмтылады.

Қорытынды

Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу білім беру процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл мақалада ұлттық құндылықтарды оқушы бойына қалыптастырудың маңыздылығы мен әдістемесі қарастырылды. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемесін тиімді қолдану арқылы оқушылардың ұлттық бірегейлік пен патриоттық сезімдерін нығайтуға болады. Мұғалімдерге ұлттық құндылықтарды оқытуға арналған арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру, оқушылармен жұмыс істеу барысында әртүрлі әдістерді қолдану және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеу ұсынылады. Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу білім беру процесінің маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбдіғалиева, С. (2020). Қазақ халқының дәстүрлері мен салт-дәстүрлерін оқыту арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарын нығайту. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы.
2. Исатаева, Г. (2018). Ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу әдістемесі. Білім беру журналдары.
3. Tanaka, H. (2019). National values in Japanese education: Cultural heritage and modern practices. Tokyo University Press.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КІТАП ОҚУҒА БАУЛУ: ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Чикабаева Г.А.

№44 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Алматы облысы, Талғар ауданы, Қазақстан Республикасы
e-mail: stleukhanova@list.ru

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулудың заманауи әдіс-тәсілдері мен тәсілдері қарастырылады. Кітап оқу оқушылардың танымдық қабілеттерін, сыни ойлауын және эмоционалдық интеллектін дамытуда маңызды рөл атқарады. Дегенмен, цифрлық заманда балаларды кітап оқуға тарту күрделі міндетке айналуға бастайды. Зерттеуде оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында әңгімелеу әдістерін, геймификацияны және цифрлық оқу платформаларын қолдану сияқты инновациялық тәсілдер талданады. Сондай-ақ, мектеп пен үйдегі қолайлы оқу ортасын қалыптастырудың маңызына ерекше назар аударылады. Мұғалімдердің оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сай оқу материалдарын жекелендіру рөлі де айтылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дәстүрлі және заманауи әдістерді біріктіру оқушылардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: Бастауыш сынып, кітап оқу, заманауи оқыту әдістері, геймификация, цифрлық платформалар, әңгімелеу, танымдық даму, жекелендірілген оқыту.



Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру саласы оқушылардың жан-жақты дамуына бағытталған маңызды жүйе ретінде қарастырылады. Бұл үдерісте кітап оқу оқушылардың танымдық, сыни ойлау және эмоционалдық қабілеттерін дамытудағы негізгі құралдардың бірі болып табылады. Алайда, заманауи технологиялардың қарқынды дамуы мен балалардың смартфон, планшет, әлеуметтік желілерге деген қызығушылығының артуы кітап оқуды екінші орынға қалдырып отыр. Осы жағдай мұғалімдер мен ата-аналарды балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда жаңа тәсілдерді іздеуге мәжбүрлейді. Бастауыш сынып оқушыларына арналған әдістемелік әдіс-тәсілдерді жетілдіру — осы маңызды мәселенің тиімді шешімі бола алады.

Бастауыш сынып кезеңі оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятудың ең қолайлы кезеңі. Бұл жаста балалардың зейіні, есте сақтау қабілеті және қиялы қарқынды дамып, жаңа білімдерді оңай қабылдайды. Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістері барлық жағдайда тиімді бола бермейді. Бүгінгі күні инновациялық тәсілдер мен заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру өзекті мәселеге айналууда.

Кітап оқу — бұл білімнің негізі, ойлау қабілетін дамытудың және рухани жетілудің қуатты құралы. Кітап оқу арқылы бала өздігінен білім алу жолын қалыптастырады, жаңа идеялар мен ақпараттарға қол жеткізеді. Сонымен қатар, кітаптар арқылы әртүрлі өмірлік жағдайларды түсініп, оларды шешу жолдарын меңгереді. Кітап оқу оқушылардың эмоционалдық дамуына да оң әсер етеді. Олар кейіпкерлердің сезімдерін түсініп, сол арқылы өз эмоцияларын басқаруды үйренеді. Сондай-ақ, кітап оқу балалардың қиялын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.

Цифрлық заманда балалардың бос уақытының көп бөлігі әлеуметтік желілер мен компьютерлік ойындарға кетеді. Бұл олардың кітап оқуға деген қызығушылығын төмендетеді. Көптеген отбасыларда кітап оқудың мәдениеті жеткілікті деңгейде дамымағандықтан, балаларда оқу әдеті қалыптаспайды. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары үшін оқулықтардың мазмұны кейде қызықсыз немесе күрделі болуы мүмкін, бұл да оқуға ынтаны азайтады. Осы жағдайларда мұғалімдердің рөлі өте маңызды. Олар заманауи әдістерді қолдана отырып, балаларды кітап оқуға баули алуы керек.

Инновациялық тәсілдер балалардың оқу процесіне деген көзқарасын өзгертуге мүмкіндік береді. Геймификация (ойын элементтерін оқу процесіне енгізу), әңгімелеу әдістері, цифрлық оқу платформалары және интерактивті құралдарды қолдану оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Бұл әдістер арқылы оқу материалы оқушыларға түсінікті, қызықты және қолжетімді бола түседі. Сонымен қатар, заманауи технологиялар балалардың цифрлық сауаттылығын арттырып, олардың ХХІ ғасырдағы негізгі дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдері балалардың алғашқы оқыту тәжірибесін қалыптастыратын негізгі тұлға болып табылады. Олар балаларды оқуға қызықтыру үшін шығармашылық көзқарас танытып, әр оқушыға жеке-жеке назар аударуы қажет. Мұғалімдер балалардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және қабілеттеріне сәйкес оқу материалдарын таңдап, олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуі керек. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыс та балалардың кітап оқуға деген ынтасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Бұл зерттеу бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтауға бағытталған. Оның негізгі мақсаттары:

- Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға ынталандыратын заманауи әдіс-тәсілдерді талдау.

- Мұғалімдер мен ата-аналардың кітап оқуға баулу процесіндегі рөлін қарастыру.

- Әңгімелеу, геймификация, цифрлық платформаларды қолдану сияқты инновациялық тәсілдерді қолданудың тиімділігін көрсету.

Бұл мақала бірнеше бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде кітап оқудың маңызы мен қазіргі таңда кездесетін негізгі мәселелер талданады. Екінші бөлімде заманауи әдіс-тәсілдер сипатталып, олардың бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулудағы тиімділігі талқыланады. Үшінші бөлімде зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік ұсыныстар беріледі. Қорытынды бөлімде балаларды кітап оқуға баулудағы дәстүрлі және заманауи әдістердің үйлесімділігі мен болашақтағы мүмкіндіктер қарастырылады.

Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулу – бұл кешенді және көпжақты үдеріс. Ол мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысын, дәстүрлі және заманауи әдістерді үйлесімді қолдануды талап етеді. Бұл

бағыттағы дұрыс ұйымдастырылған жұмыс тек қана оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып қоймай, олардың тұлғалық және зияткерлік дамуына да үлес қосады. Кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуы мен мәдениетті болуының кепілі.

Қазіргі әлемде кітап оқу оқушының зияткерлік, эмоционалдық және мәдени дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бастауыш сынып оқушылары үшін кітап оқу тек білім көзі ғана емес, сонымен қатар олардың қиялын дамытатын, құндылықтарды қалыптастыратын маңызды құрал. Дегенмен, бүгінгі цифрландыру дәуірінде оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру үлкен сынға айналды. Кітап оқу білім беру жүйесінің іргетасы болғанымен, қазіргі заманғы оқыту әдістері оны жетілдірудің және оқушылар арасында танымал етудің жаңа жолдарын талап етеді.

Бастауыш сынып оқушылары арасында кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуінің бірқатар себептері бар. Цифрлық технологиялардың таралуы мен интернетке қолжетімділіктің артуы оқушылардың бос уақытын смартфондар мен планшеттерге арнауына әкелді. Әлеуметтік желілер мен компьютерлік ойындар балалардың назарын аударып, кітап оқуға уақыт қалдырмайды. Сонымен қатар, кейбір оқу материалдарының баланың жас ерекшелігіне немесе қызығушылығына сәйкес келмеуі бұл үдерісті қиындатады. Көптеген отбасыларда кітап оқудың мәдениеті дамымағандықтан, балаларда оқу әдеті қалыптаспайды.

Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулуда мұғалімдер мен ата-аналар заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға күш салуы қажет. Бұл әдістер тек кітап оқуға ынталандырумен шектелмей, оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Әңгімелеу әдісі бастауыш сынып оқушыларының кітапқа қызығушылығын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі. Бұл әдіс оқушылардың кітаптағы оқиғаларды тереңірек түсінуіне және кейіпкерлермен байланыс орнатуына мүмкіндік береді. Мұғалімдер немесе ата-аналар кітап мазмұнын баланың жас ерекшелігіне сай қызықты интонациямен баяндап, кейіпкерлердің ролін сомдай алады. Мысалы, ертегілер мен аңыздарды әңгімелеу арқылы оқушылардың қиялын оятып, оларды кітапқа қызықтыруға болады. Сондай-ақ, оқиғаларды талқылау немесе балалардың оқылған бөлім бойынша сұрақтарға жауап беруін

ұйымдастыру бұл әдісті одан әрі тиімді етеді.

Геймификация – кітап оқуға ойын элементтерін енгізу арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Бұл әдіс балалардың бәсекелестік пен қызығушылық сезімдерін оятып, оқуға деген ынтасын күшейтеді. Мысалы, «Кітап марафоны» сияқты ойындар ұйымдастыруға болады, мұнда оқушылар белгілі бір уақыт ішінде бірнеше кітап оқып, өз әсерлерімен бөліседі. Сонымен қатар, оқылған кітап мазмұны бойынша викториналар өткізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Бұл әдіс оқушылар арасында ынтымақтастықты қалыптастырып, олардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі заманда балалар цифрлық технологиялармен жақсы таныс, сондықтан цифрлық оқу платформаларын қолдану олардың кітапқа деген қызығушылығын арттырудың тиімді әдісі болып табылады. Аудиокітаптар, электронды кітаптар және арнайы оқу қосымшалары балаларға ыңғайлы әрі қызықты форматта оқу мүмкіндігін береді. Мысалы, Storytel немесе LitRes сияқты платформалар балаларға анимациялық кітаптарды ұсына отырып, оларды оқуға ынталандырады. Бұл әдіс әсіресе визуалды және аудио тәсілдер арқылы ақпаратты жақсы қабылдайтын оқушылар үшін тиімді.

Оқушыларды кітап оқуға баулуда интерактивті құралдардың маңызы зор. Интерактивті тақталар, мультимедиалық материалдар және оқиғаларды визуализациялау арқылы кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға болады. Мысалы, кітап мазмұнындағы негізгі оқиғаларды анимациялық бейнелер арқылы көрсету немесе оқушылардың сурет салу, комикс жасау сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындауын ұйымдастыру тиімді әдіс болып табылады. Бұл балалардың кітап мазмұнын тереңірек түсінуіне және оны жақсы есте сақтауына көмектеседі.

Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер оқыту процесінде шығармашылық көзқарас танытып, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруі қажет. Сонымен қатар, мұғалімдер оқушылардың кітап оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Мұғалімдер оқушыларға оқу материалдарын таңдауда үлкен жауапкершілік жүктейді. Балалардың жас ерекшеліктеріне,

қызығушылықтарына және қабілеттеріне сәйкес оқу материалдарын таңдау олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, мұғалімдер кітап оқу барысында оқушыларды марапаттау, оқылған материалдарды талқылау және олардың шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар беру арқылы оқуға ынталандыра алады.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда ата-аналардың рөлі ерекше. Отбасыда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру – баланың оқу процесіне деген оң көзқарасын қалыптастырудың алғашқы қадамы. Ата-аналар балаларымен бірге кітап оқып, оқылған материалды талқылап, олардың қызығушылықтарын қолдауы қажет. Сонымен қатар, балаларға кітап дүкендеріне немесе кітапханаларға бару мүмкіндігін беру олардың кітапқа деген қызығушылығын арттырады.

Ата-аналар баланың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасап, олардың оқуға деген ынтасын арттыру үшін шығармашылық көзқарас танытуы қажет. Мысалы, баланың кітап оқу жетістіктерін атап өту немесе оқылған кітаптар бойынша шағын сыйлықтар беру бұл үдерісті тиімді етеді.

Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулу – бұл мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асатын маңызды үдеріс. Заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зияткерлік және тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Кітап оқу тек білім алудың құралы ғана емес, сонымен қатар баланың болашақта өзін-өзі дамытуына, шығармашылық ойлауына және рухани жетілуіне ықпал ететін маңызды фактор болып табылады.

Осылайша, дәстүрлі және заманауи әдістерді үйлестіре отырып, оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға және олардың оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік бар. Мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы бұл үдерістің табыстылығын қамтамасыз етеді және болашақ ұрпақтың білімді, мәдениетті әрі ізденімпаз тұлға болып қалыптасуына үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. Берікханова, А. Е. (2015). Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Алматы: ҚазҰПУ баспасы.
2. Жолдыбаева, С. М. (б.ж.). Сабақты зерттеу әдісі – жаңашыл мұғалімнің шыңдалуы. Лисаков: №3 орта мектебі. <https://edu.kz>
3. Кенжебекова, А. (2018). Қазақ тілін оқытудағы интерактивті әдістердің рөлі. Алматы: Тіл білімі институты.
4. Мұстафаева, Ә. Қ. (2019). Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары. Астана: Рухани жаңғыру.
5. Назарбаев, Н. Ә. (2012). Қазақстан – 2050 стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана: Елбасы кітапханасы.
6. Смағұлов, Ж. (2017). XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Астана: Фолиант баспасы.
7. e-history.kz. (б.ж.). Қазақстан тарихы порталы. <https://e-history.kz>
8. Storytel. (н.д.). Балаларға арналған аудиокітаптар платформасы. <https://www.storytel.com>
9. UNESCO. (2019). The Role of Digital Learning Tools in Primary Education. Париж: ЮНЕСКО баспасы.
10. ЛитРес. (н.д.). Электронды және аудиокітаптар платформасы. <https://www.litres.ru>

■ Eurasian Innovative Scientific Research Center

Eurasian Science Review
an international, peer-reviewed, multidisciplinary
journal

Special Issues

August 2024

ISSN:3006-1164